

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ө. Сұлтанғазин атындағы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

С.Оспанұлы, К. Мырзағалиева

**Шетел және балалар әдебиеті
ақындарының афоризмдері**

Оқу құралы

Қостанай, 2019

ӘОЖ 821.512
КБЖ 84 Қаз-44
О 78

Авторлар: С. Оспанұлы, К. Мырзағалиева

Пікір жазғандар:

Ж.Бекболатұлы – экономика ғылымдарының кандидаты, профессор.
Б.О.Мамиева – филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Оспанұлы С.

О 78 Шетел және балалар әдебиеті ақындарының афоризмдері: оқу құралы / С. Оспанұлы, К. Мырзағалиева. – Қостанай: ҚМПУ, 2019 – 232 б.

ISBN 978-601-7934-85-9

Кітап негізінен шетел және балалар әдебиеті ақындарының тәлімдік, тағылымдық ақыл, нақыл, өсиет-өнеге қысқа да нұсқа тұжырымды ой ұшқындары – афоризмдерінен тұрады.

Жинақтың кіріспесінде анықтама беріліп, кімдер зерттегені, қандай кітапта жарық көргені айтылады.

Үлгі-өнегеге толы бұл оқу құралы жастарды ойлылыққа, шешендікке, тапқырлыққа жетелейтіні сөзсіз.

Бұл еңбекті Шетел әдебиеті мен балалар әдебиеті сабақтарында студенттердің өздік жұмыстары мен оқытушымен бірлесіп атқаратын тапсырма түрлерін орындауда көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

Оқу құралы филологтарға, жоғары оқу орындары студенттері мен көпшілік оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 821.512
КБЖ 84 Қаз-44

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

ISBN 978-601-7934-85-9

© ҚМПУ, 2019
© С.Оспанұлы.,К.Мырзағалиева 2019

Афоризм (ділмәр сөз)

Афоризм – грек тілінде бір үзік ой, «бүтіннің бөлшегі», «фрагмент» деген ұғымды береді екен. 1972 жылы жарық көрген «Қазақ Совет энциклопедиясында» афоризм грек тілі екендігі, қысқа сөзбен түйінделген тиянақты, бейнелі ой; жеке нақыл ретінде қолданылатыны айтылып, «Адам деген – ардақты ат», «Ғылым таппай мақтанба» деген сөздер мысалға келтіріліпті. Сондай-ақ бұл анықтамада мақал-мәтелдердің біразы, өлең, мысал, ақ өлең жолдары, философиялық, публицистикалық және сын мақалалардың түйіндері де афоризмдерге жататыны көрсетіліп, «Афоризмнің шеберлері орыста Крылов, Грибоедов, Пушкин, Горький болса, қазақта Абай, Әуезов т.б.» делініпті. [1,600].

Біздің бұған алып-қосарымыз ақын өлеңдерінің кейбір сәтті шыққан ойлы, ақыл, нақыл, өсиет, өнеге тармақтары, әсіресе соңғы түйіні, жалпы қай шығарманың да қорытындысы афоризмге сұранып тұрады. Алайда оларға да талғаммен қарап, айтылған ойдың кімге бағытталғанына, салмағына, салиқалылығына қараған жөн сияқты. Афоризм-жарқылынан гөрі ақылды, айтары көп, екінің бірі ескеретіндей есті, жалқыдан гөрі жалпыға бағытталған терең мағыналы, ойлы болуы тиіс.

1974 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл білімі институты жарыққа шығарған «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» де афоризмге «мазмұнды терең ойды өткір тілмен қысқа түрде айтып беретін нақыл сөз, түйінді ой» деген анықтама беріліп, өлең – жырлар, аңыздар, нақыл сөздер, афоризмдер, батырлық эпостар халықтың қоғамдық тұрмысына байланысты туып отыратынын, афоризм жырға, әсіресе жырдың төрттаған тәрізді шағын формасына ерекше өң беретіні көрсетіліпті [2,503б.].

Алайда Қажым Жұмалиевтің "Әдебиет теориясында" (1938; 3-бас. 1969), Зейнолла Қабдоловтың "Сөз өнері" (Алматы: "Мектеп", 1976, 1982, 1983, 1992) монографиясында да, Ахмет Байтұрсынұвтың атын атауға кезінде тыйым салынғандықтан болар, афоризм туралы сөз болмайды.

Тәуелсіздігімізді алып, іргелі де, еркін ел болғалы қазақ халқының бай ауыз әдебиеті – дастандары, тарихи жырлары, батырлық, ғашықтық жырлары, көне эпостары, мақал-мәтелдері, қара өлеңдері, балалар фольклоры, мифтері, аңыздары, ертегілері, шешендік сөздері, қанатты ойлары, афоризмдері (ділмәр сөздері) жеке-жеке кітап болып шыға бастады. Солардың бір айғағы, айтарлықтай биік шоқтығы – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұсынған "Мәдени мұра" бағдарламасы шеңберінде "Бабалар сөзі" 100 томдығын жарыққа шығарды.

Мұндай халық шығармаларының барлық жанрларын қамтитын тұтас серия ешбір халықтың мәдени тарихында әзірге жоқ.

Қазақ әдебиеттануында афоризмге ана тілінде «Ділмәр сөз» деген атау берген А. Байтұрсынов: «Бұрынғы даналардан, билерден, шешендерден қалған сөздер ділмәр сөз(европаша афоризм) деп аталады», - деп оған бірнеше мысал келтіріп, соңында «Ділмәр сөз иесінен айрылса, иә тақпаққа, иә мақал- мәтелге айналып кетеді»[3, 422-424], -дейді.

Тақпаққа берген анықтамасында да А. Байтұрсынов тақпақтың да қысқара- қысқара маңызы қалып, мақал болатынын айтады[3, 423-424].

Шешендік сөздер, ұшқыр ойлы, қысқа да нұсқа қанатты сөздер, мақал- мәтелдер, нақылдар, тақпақтар, термелер бір- бірімен туыс, тамырлас. Соның ішінде мақал –мәтел мен тақпақ, ділмәр сөз үшем сияқты бір туған, етене жақын.

Қазақ халқының рухани және әлеуметтік өмірі, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан салт- дәстүрі, әдет- ғұрпы, өнеге- өсиеті, бүкіл болмысы, тарихы, жалпы адамзаттық алтын діңгегі- адамгершілік қадір- қасиеті өзімен бірге туып, бірге жасап келе жатқан өлең жырларында жатыр. Қазақтың ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен би- шешендері мен ақын-жыраулары хан мен сұлтандар алдында қасқайып тұрып, шындықты бетке айтқан. Жасқаншақтап-жасқануды білмеген, олардың дуалы аузынан шыққан сөз жерде қала бермеген. Өйткені олар жеке басының емес, халқының қамын жеп, солардың атынан сөйлеген. Жүйелі де киелі сөзге хан да, қара да тоқтаған.

Ай хан, мен айтпасам білмейсің,

Айтқаныма көнбейсің.

Шабылып жатқан халқың бар,

Аймағын көздеп көрмейсің, -

деп Асан қайғының (1361-1370) Жәнібек хан алдында айылын жимай, тайсалмай сөйлеуі,

Ел, әйелің, сәбиің

Көзінің жасын төктірдің,

Қабырғасын сөктірдің! -

деп Шалкиіздің (1463- 1560),

Ай, Абылай, Абылай,

Қатын алма қарадан,

Қара тумас сарадан.

Қатын алсаң қарадан,

Алды кетпес баладан,

Арты кетпес жаладан, -

деп Бұқар жыраудың (1668- 1781)хан Абылайдың алдында сурыла сөйлеуі соны аңғартады.

Жоғарыдағы жырларда, біріншіден, жыраулар өмір сүрген дәуірдің үні бар, екіншіден, сол тұстағы айтулы тұлғалардың аты-жөні аталады; үшіншіден, үгіт- насихат, ақыл айту басым, төртіншіден, болған оқиғаны көз алдымызға әкеледі.

Әдебиетті, әдебиетті жасаушы тұлғаны да заман тудырады. Суреткер қоғамдық жағдай, қоғамдық қажеттілікпен қолына қалам ұстап, өзі өмір сүрген ортаның ірілі-ұсақты оқиғаларына араласып, заманның тамыршысына, жоқшысына, жаршысына айналады. Сондықтан да қай қаламгердің шығармасын оқысаңыз да ол өмір сүрген заманның кескін-келбетін, тыныс-тіршілігін тану қиын емес.

Поэзияның қоғамда атқаратын қызметі (функциясы) негізінен оқушысына эстетикалық тәрбие, ләззат беру болғанымен, сан алуан: оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал, қазақтың әдеби тілін қалыптастырып, дамытуда тарихи рөлі зор, адамның өмірге көзқарасына, мінез-құлқына, тұрмыс-тіршілігіне әсер етіп, өзгертеді, тәрбиелейді. Сонымен бірге, тарих-халқымыздың ғасырлар бойы басынан кешкен әлеуметтік жағдайы мен небір оқиғалардың, атам замандарда өмір сүрген батырлар мен ақындардың, ойшылдардың ерлік істерін, тапқан жаңалықтарын, тіршілік-тынысын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, рухани күшін бейнелейтін құнды қазынасы.

Поэзия- ақыл- нақыл:

Нәлет біздің жүріске,
Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қыста қыстасаң,
Ал қолыңды маларсың
Алтын менен күміске!
Асан қайғы.

Атаның ұлы ерлерге
Малыңды бер де, басың қос,
Басыңды қос та бек сыйлас,
Күндердің күні болғанда
Басың жауға қалар ма!

Поэзия- үгіт, насихат, тілек:

Кешу кешмек сайдан- дүр,
Батыр болмақ сойдан дүр.
Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңірі өзі біледі.
Ажалымыз қайдан дүр!
Шалкиіз.

Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Соңан сасып тұрмасқа.
Бұқар.

Поэзия-қару:

Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын,
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсың,
Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың!
Алтын тақта жатсаң да
Ажалы жеткен пақырсың!
Еңсегей бойлы Ер Есім
Есігіңде келіп тұр:
Алғалы тұр жаныңды,
Шашқалы тұр қаныңды!
Марғасқа.

Жоғарыда мысалға алынған өлең шумақтарының ақыл, нақыл, өсиет, өнеге, үгіт тармақтары- афоризм. Яғни, афоризмдер де- ақыл-нақыл, үгіт, насихат, тілек, қару, таным, тәлім, тағылым.

Деміккенді демеп, жүдегенді жебеп, адалдықты ардақ тұтып, адамдықты ту еткен ақын- жыраулар халық рухын көтеріп, елдікке үндеп, ерлікке шақырған. Елдің басына түскен қайғы-қасіретке бей-жай қарамай, қабырғасы қайысып, жан шырылын өлең-жырмен жеткізген. Оны жоғарыда мысалға алынған шумақтардан да аңғару қиын емес.

«Қазақтың ұлттық тілі- өлең», -дейді Қадір Мырза Әли. «Адам сезімін жан- жақты зерттейтін құдірет болса, ол- тек поэзия!»- дейді Мұқағали Мақатаев.

Қазақ халық поэзиясының терме жанры үлгілерін жинап, «Түрік тайпалары халық әдебиеті нұсқалары» деген он томдық жинағын шығарған В.В. Радлов бірнеше терме нұсқаларына «Үлгілі сөз» деген тақырып қойыпты.

Шындығында да қазақ әдебиетіндегі терме жанрының әсіресе патриоттық- үгіт, танымдық-тағылымдық, тәрбиелік-тәжірибелік, нақыл, насихат, ақыл, өсиет термелердің әр жолы- афоризм:

Арғымақ атта сын болмас,
Қиған қамыс құлақсыз.
Азаматта сын болмас
Арты болса тұяқсыз.
Айдын көлде сын болмас,
Жағасы болса құрақсыз.
Асқар тауда сын болмас,
Бауыры болса бұлақсыз.
Ақ киікте сын болмас,
Арты болса лақсыз.
Жеті арнада сын болмас,

Аяғы болса тұрақсыз

Абыл Өтембекұлы[4,31].

Тұлпардан шыққан із қалар,
Сұңқардан биік құз қалар.
Жаңбырдан жерге нұр қалар,
Жасанған жасыл қыр қалар.
Шеберден біткен іс қалар,
Шешеннен асыл сөз қалар.
Ер орнында дақ қалар,
Ер өлгенде даңқ қалар.
Ердің аты өшпестей,
Ел аузында жатталар.
Ердің еткен еңбегін
Үлгі қылар басқалар.

Нұрпейіс Байғанин [5,242].

Абай «Өлең- сөздің патшасы, сөз сарасы» десе, А. Байтұрсынов шығарма тілінің екі түрі болатынын, оның бірі- ақын тілі, екіншісі әншейін тіл екенін айта келіп, «Ақын тілі – айрықша өң беріліп айтылған сөз: ...Ақын тілімен сөйлегенде, сөзге айрықша өң берілгендіктен, лебіз өрнегі болып шығады»-[3, 348] деп өлеңнің ерекшелігін көрсетеді. Байқап, көріп отырсыздар, афоризм поэзияға жақын. Соның ішінде ол дидактикалық өлеңдердің жемісі саналады. Сондықтан да поэзияда кездесетін көркемдеуіш құралдар афоризмге де тән:

Қайғысыздан сақ бол,
Қайғылыға жақ бол.
Абай
Ұйқасқа құрылған.

Туған жердің тоғайы- тынысың,
Торғайы- туысың.
Қадыр Мырза Әли.
Ұйқасқа әрі дыбыс үндестіктеріне құрылған.

Жас жігіттің желі бар,
Желбіреген жалы бар.
Желіп жүріп жолсызбен
Жазғанына жолығар.

Қадыр Мырза Әли.

Көркем сөзге көрсоқыр көртышқан емес,
Көреген қыран керек.

Мұзафар Әлімбаев.

Екі ақын да біріңғай дауыссыз дыбыстарды әдемі қолдана білген,
Қадыр афоризмі әрі ұйқасты.

Даналық- өшпес жарық, кетпес байлық.

Ахмет Байтұрсынұлы.

«Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын аңғаруға жарағанмен,
нәрсенің бернесін суреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында
белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге
теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз»,-[3,354] деп ғалымның
өзіайтқандай, бұл көріктеудің бір түрі- теңеу.

Иттерге таласса да жарасады,
Өйтпесе ит әдетінен адасады.

Ахмет Байтұрсынұлы.

Зілді кекесін- мазақ, сықақ, мысқыл, келемеж, келеке, әжуа.

Надандықтың қираталық қамалын,
Мақсатыңа ұмтыл таяу, Алашым!

Аштықтан қырғын тапқанда,
Сыпыра жомарт, қайда едің?!

Міржақып Дулатов.

Әсерлі, әрлі!

«Ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне
көрнекті, әуезді болу жағын да талғайды», [3,350]-деп Ахмет Байтұрсынұв
айтқандай, жоғарыда келтірілген мысалдардың бәрі- ақын тілі. Өйткені
көрнекті, әуезді, айшықты әрі ұйқассыз да емес.

Қазақ ойшылдарының, сондай-ақөркениет тарихындағы бүкіл
әлемге танылған кемеңгерлердің өмір тәжірибесінен алып жазған
данышпандық сөздерін жинап, әдебиеттің ұшқыр да ойлы жанры ретінде
қарастырып, туу, қалыптасу, даму жолдарын егжей-тегжейлі зерттеп,
негіздемесін жазған- публицист, ақын Ербол Шаймерденұлы. Бұл
жайында ҚРҰҒА академигі Сейіт Қасқабасов «Ербол Шаймерденұлы өз
еңбегіндеафоризмнің статусын көтерген, оның аясын кеңейткен,
қызметін айқындаған, түрлерін нақтылап жіктеген, сөйтіп
афоризмгекешенді анықтама берген»,- [6,16].- десе, Л. Н. Гумилев
атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры филология

ғылымдарының докторы Серік Негимов: «Даналық ой-пікірлер – өмір оқулығы іспетті. Және олардың тағдыранықтағыштық мәні мен көркемдік қызметі орасан. Сондықтан да өркениет тарихындағы ұлы ойшылдардың даналықмәйектерін Ербол Шаймерденұлының қазақ тіліне жатық, жетік сөйлетуі–ерлікпен пар-пар абыройлы іс».-дейді [6,3].

Ербол Шаймерденұлы – саналы ғұмырын еліміздің мәдениеті мен баспасөзінің, тіл саласының өркен жаюына арнағанқоғам қайраткері. Ол мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде 1992 жылы қабылданған мемлекеттік рәміздерді әзірлеу, ұлттықгеральдиканы қалыптастыру ісінеайтулы үлес қосты, еліміздің мемлекеттік рәміздері туралы бірнеше еңбектер жазды. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Ербол Шаймерденұлы әдебиет әлемінде өз қолтаңбасын қалдырып,бірнеше өлең кітаптарын, ғылыми-зерттеу еңбектерін, публицистикалық жинақтарын шығарды.

Ербол Шаймерденұлы еліміздің алғашқы баспасөз қызметін құруға еңбек сіңірген танымал журналист. 1989 – 1991 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Баспасөз орталығының жетекшісі қызметін, 1991 – 1996 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің баспасөз хатшысы, Қазақстан Республикасы Парламентінің баспасөз хатшысы міндеттерін зор жауапкершілікпен атқарды. Еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстан» газетінде ұзақ жылдар қажырлы еңбек етті. Соңғы уақыттаол Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті төрағасының бірінші орынбасары, «Нұр Отан» ХДП Төрағасы, бірінші орынбасарының кеңесшісі болып қызмет етті. Ербол Шаймерденұлының еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаға ие болды. 2006 жылы оған «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілсе,2011 жылы «Құрмет» орденіменнаградталды, М.Дулатов атындағы сыйлықтың иегері атанды.

1912 жылы «Алматыкітап»баспасынан Қ. Шаймерденұлының құрастыруымен «Қазақ афоризмдері» (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін) кітабы көркем безендіріліп оқушы қауымға ұсынылды. (Көлемі- 36, 65 баспа табақ). Кітаптың бірінші бөлімі «Ой- қазына» деп аталады.Оған «Бағзы мәдениет бұтақтары» (Арғы қазақ арналарынынан) (Б.з. д. V ғ.-біз. VII ғ.), «Ортақ қазына» (VIII-XIV ғ.), «Төлбастау» (XV-XVIII ғ.ғ.), «Құнарлы көмбе» (XVII-XVIII ғ.ғ.) , «Өнердің алтын ғасыры» (XIX ғ.), «Жаңа дәуір- жаңа арна » (XX-XI ғ.ғ.) тараушалары енсе, екінші бөлімі – «Ақылнама».Бұл бөлімге мақал- мәтел, қара өлең қайырымдары, эпостағы, жылнамадағы, би- шешендер сөздеріндегі, жыраулық өлең жауһарларынан, айтыстардан, ән мәтіндерінен алынған ақыл, нақыл филослфиялық ой- түйіндері жинақталған.

Қазақ афоризмдерінің бағзы замандардан бүгінге дейінгі әр алуан үлгілерін жинақтағанбұл антология- тарихи-философиялық зердеміздің көкжиегін кеңіте түсетін әрі ұлттық рухани байлығымызды тереңірек

танып- білуге мүмкіндік беретін энциклопедиялық жинақтардың бірі, тарих, шеберлік шыңдау мектебі.

Кітапты құрастырып, алғы сөзін жазған Е.Шаймерденұлы афоризм терминін «Қазақ ғалымдарының арасында тұңғыш қолданған Ш. Уәлиханов болса керек,» - деп, оның «Қазақтардың ұшан – теңіз өлең-жырлары... Әлдебір дәуірлерде ақылды бабалары шығарған мәтелдері мен афоризмдері бар » деген сөзін дәлел ретінде келтіреді. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің бұл терминді «ұшқыр ой» деген мағынада қолданғанын, қазақ афоризмдерінің асыл арнасы сақ-скив дәуіріндегі ойшылдар сөздерінен, көне түркі жазбаларынан бастау алатынын айтады [7,7]

Қ.Өмірәлиев құрастырған «Абай афоризмі» [8,128] «Педагогика мораль», «Психология», «Этика», «Сатиралық сөздер» деген тарауларға бөлініп, соңында Абай афоризмдерінің туу негіздері жайында әңгіме қозғалады.

Бір ғана Абай афоризмдерінің тақырып аясының кеңдігі таңқаларлық емес пе?!

2013 жылы Алматының «Көшпенділер» баспасынан А.Темірәлиеваның құрастыруымен жарық көрген «Асыл мұра» афоризмдер жинағы «Адам», «Адалдық», «Ақымақтық», «Ақыл», «Ана, әйел», «Ар», «Арман, үгіт», «Ас», «Әділдік», «Бақыт», «Бала», «Батырлық», «Білім», «Ғылым», «Денсаулық жаулары», «Дос», «Екіжүзділік», «Еңбек», «Еріншектік», «Жастық», «Жақсылық пен Жамандық», «Кәрілік», «Кемшіліктер», «Күншілдік», «Кітап», «Кішіпейілділік», «Қарапайымдылық», «Қызғаныш», «Махаббат», «Мақсаткерлік», «Ойын-күлкі», «Өнер», «Сөз» деген тақырыптарға бөлініп беріліпті. Кітапқа афоризмдермен қатар шешендік сөздер, тақпақ нұсқалары, толғаулардан үзінділер де енгізілген.

Афоризм- ұшқыр ой ұшқыны, азсөзге көп мағына сыйдырып, өмірден түйген ой-пікіріңді, тәжірибеңді асырып айтпай, нақтылап, дәл, қысқа, тұжырымды жеткізу. Афоризм- авторы бар, мақал- мәтелге жатпайтын жеке жанр. Афоризм жанры ең алғаш еуропада Гиппократ еңбектерінде «Мөлшерден тыс тоқтық та, аштық та және басқа да, ауытқушылықтың бәрі- бәрі де денсаулыққа қолайсыз», «Өмір тәжірибесі көрсеткендей, артық тамақ ішу ауруға шалдықтырады» деген сияқты медициналық ақыл- кеңестер ретінде көрініс тауып, келе-келе олар рухани дүниеге- жан дауасына айналған.

«Афористиканың өміршеңдігі оның танымдық ерекшеліктеріне байланысты,- дейді Е. Шаймерденұлы.- ол белгілі бір рәміз, символ немесе нышандық белгі тәрізді, әлдебір уақыт желісіне көгенделіп қалмайтын еркіндігімен құнды. Афористика-өткен ұрпақтардың өмір тәжірибесін, мәдени және өркениеттік ой-қазынасын жоғалтып алмай, жаңғыртып, келер ұрпақ кәдесіне жаратуға мүмкіндік беретін бірден-бір тиімді тәсіл, ақыл-ой диалектикасының алтын көпірінің бірі».[7,8].

Франсуа Ларошфуко, Станислав Ежи Лец, Бальтасар Грасиан-и-Моралис, Георг Лихтенберг- афоризмдерімен әлемге танылған тұлғалар.

Бальтасар Грасиан-и-Моралис (1601-1659) Испанияда елшілер отбасында туған. Діни білім алған ол философия, моральдік теология, сондай-ақ латын грамматикасынан сабақ берген.

Ұлы ойшылдың "Қаһарман", "Саясаткер", "Тапқырлық", "Ақылман" трактаттары, "Критикон" атты өзінің өмірі жайында жазылған философиялық романы жарық көрген. Алайда оның даңқы әлемге "Қалтадағы Көреген" афоризмдер жинағы арқылы шыққан.

Сыншыл,шыншыл Бальтасар Грасианның жазбалары өзі өмір сүрген қоғамның басшыларына ұнамай, қызметінен қуылып, азап шегеді.

Франсуа Ларошфука (1613-1680) - француз жазушысы, ойшылы, Парижде туып-өскен. 1652-1658 жылдары қуғын-сүргінге ұшырап ғұмырының жеті жылын жат жерде өткізсе де шығармашылықпен айналысуын тоқтатпаған. Афоризмдері танымдық, тағылымдық, оптимистік қырларымен, адам бойындағы құштарлықты айтуымен ерекшеленеді.

"Адалдық дегеніміз- жүректің тазалығы ", "Ақылдың айтқанынан шықпауға мінез құрғыр жетпей қалады ғой", - деген сияқты мағыналы да мәнді кіші жанрларға қалам тербеп, оны дамыта білген және сол салада классикалық үлгілер жасаған данышпан.

Ербол Шаймерденұлы Франсуа де Ларошфуканың қанатты ойларын қазақшаға аударып, "Мәңгілік мұра"[9].атты кітабына енгізді.

Ұлы ойшылдың афоризмдерін сол кітаптан оқуларыңызға болады.

Георг Кристоф Лихтенберг (1742-1799)- Германияның Геттинген (Ганновер) қаласында туған. Университетте білім алып, кейін Лондонда тұрған.Математика, физика салаларын зерттеп, жаңалықтар ашқан оның ойшыл афоризмдері өзі дүниеден өткеннен соң ғана баспасөз беттерінде жарық көре бастады. Толық жинағы ХХ ғасырдың басындажарық көрді.

Лихтенберг афоризмдері сан-алуан тақырыптарды қамтиды.

Күрескер ағартушының еңбектерін қазақ тіліне аударған Ербол Шаймерденұлы Лихтенберг афоризмдері жайында "Жазу мәнері дәлдік, өткірлік, ойды түйіп айту, түрлендіріп айту, кекесінге, породоксқа құру, астарлы ойлау, оқыс түйін жасау шеберлігі сезіледі,- дейді. -Метафора, гипербола, литота, аллегорияны кең пайдаланды. Шығармаларының өн бойынан интеллектуалдық биіктік байқалады"[9,83]. Лихтенберг афоризмдерін де Ербол Шаймерденовтің жоғарыда аталған кітабынан оқи аласыздар.

Станислав Ежи Лец (1909-1966) - поляк ақыны, сатирик әрі ХХ ғасырдың үздік ақыл - нақыл сөз шебері.

Львовта туған. Ұлты - еврей. 1952 жылдан1956 жылға дейін Польшада оның шығармаларын жариялауға тыйым салынған.

Ежи Лецтің ділмар сөздері жинаққа "Massaget.kz" сайтынан алынып берілді. Еуропада XVII ғасырда афоризмәдебиеттің ерекше жанры

ретінде танылып, оқушылар сүйіп оқитын болды. Ал бұл термин орыс тілінде XVIII ғасырдан бастап ғылыми айналысқа түскен.Бес жыл түзілген "Ресей академиясының сөздігі, еркін тәртіппен орналастырылған" ("Словарь Академии Россической, производном порядке расположенный" Спб., 1789-1794) атты жинақтың 1789 жылғы жарық көрген бірінші томының 63-шібетінде "Афорисм" деп алынған [7,7].

"Заманы бірдің амалы бір" Абай да, Ыбырай да қалың ұйқыдағы халқын оятып, көкірегіне ғылым, білім сәулесін шашуды мақсат етті.

Қ.Өмірәлиев "Абай афоризмдері-ақынның дидактикалық поэзиясы мен өнеге сөздерінің жемісі. Ал олар болса Абайдың еңбекке, өнер - білімге, адамгершілікке, т.б үндеген ағартушылық идеяларының жемісі. Сондықтан да ақынның осынау афоризмдері оның осы ағартушылық идеяларының,адамгершілік оқуының кодекстері іспетті. [8,47], - деп атап көрсетеді.

Ыбырайтанушы ғалым Әнуар Дербісалин Ыбырайдың қазақ тілін ұқыпты да шебер пайдаланғанын, сондықтан оның көптеген сөздері бүгінде халық ұғымына әбден сіңісіп кеткенін айтып, "Еңбек етсең емерсің" , "Еңбекпен табылған тамақ тәтті әрі сіңімді болады», т.б сөздерін мысалға келтіреді.Бұл пікірді бүкіл саналы ғұмырын Ыбырай Алтынсарин тілі мен стилін зерттеуге арнаған тілші ғалым Секерхан Хасанова да қолдап ұлы ұстаздың халық тілінің аясын кеңейтіп, эмоционалды - экспрессивтік бояу, бейнелеу - мәнерлеу сияқты стильдікшеберлік тәсілдерін ұтымды, көңілге қонымды пайдаланғанын нақты мысалдар арқылы дәлелдеп көрсетеді [8].

Шындығында да Ыбырай шығармаларында да афоризмге тән кестеленген нақыл сөз, авторлық тұжырым, шағын философиялық ой,өмір тәжірибесінен көкейіне түйген түйін, логикалық қисын әлеуметтік - саяси, моральдық - эстетикалық көзқарас жиі ұшырасады.

Ыбырай қай жанрға қалам тартса да оның шығармаларының негізгі тақырыбы - надандықтан құтылу жолы - оқу, білім, өнер болды. Сол себепті де Ыбырай афоризмдері - оның ағартушылық идеяларының жемісі. Ерекшелігі де сонда - негізінен ағартушылық бағыт ұстап, оқушысының сана-сезімін оятуды басты нысана етуінде.

Ыбырай афоризмдері осы жинақта тұңғыш рет түзіліп беріліп отыр.

Ыбырай мен Абайдан кейін қазақ әдеби тілі мен көсемсөз тілінің дамуына айтарлықтай еңбек сіңірген А.Байтұрсынов. Ахаң өлеңді өз идеясын жүзеге асыру жолында күрес құралы ретінде жазған деген пікірден оның «майданға шыққан жырларында» (М.Әуезов) поэзияға тән астарлы ой, образды сөз, теңеу, айшықтау сияқты көркем кестелер жоқ деген ұғым тумаса керек. Ахаң өлеңдері айшықты да қуатты. Бұл көркемдік кестелер көсемсөздеріне де тән. Ол біріншіден, бойындағы талант қарымына байланысты болса, екіншіден, өлең жасаудың, көркемдік туғызудың әдіс-тәсілдерін Ахаңдай білген жан ол тұста жоқтың

қасы еді. Өйткені ол туған топырағымыздағы әдебиет теориясының басы болып табылатын «Әдебиет танытқыштың» авторы. Поэзияның бейнелеу үлгілерін алғаш көрсеткен ғалым. Ол шешендік сөздердегі «әдеттегі болмыстың, шындықтың астарлы ой иірімінен туған тақпақты, жүйелі, сырты сазды, іші назды сөз өрнектерін» шығармаларында ұтымды пайдаланған. Шешендік сөздер мен мақал-мәтелдерді өз ойларымен қабыстырып, өлең мазмұнын сөз үлгілерін жасауда басты қызмет атқаратын стильдік-тілдік формалардың бірлігінде, бір-бірімен байланыстыра құрады. Сондықтан да мақал-мәтелдер мен ақын өлеңдерінің ара-жігі байқалмай, біртұтас дүниеге айналып, ақынның айтайын деген ойы анық та көркем кесте болып қағаз бетіне түскен.

«Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас» деген. Тісі шыққан адамдарға айтылып отырған сөз ғой» («Көшпелі һәм отырықшы норма»), «Жүгі ауған көштің жүрісі өнбейді. Орнықты оқу болмай, қалт-қалт етіп оқытқан оқу білім үйретіп жарытпайды» («Оқыту жайынан»), «Аллаңнан ойбайым тыныш» дейтін қазақ ғылымыңнан надандығын тыныш көреді».

«Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесіндегі пікірді кеңінен толғай баяндаса, серіппелі оралым деп аталады» (А. Байтұрсынов).

Шайылған көз жасымен жердің бетін,
Өткізіп тым өлшеусіз үкіметін,
Жауыздық жалғандықпен билесін-ақ
Адал жол, ақ ниетті арам жеңіп,
Жазықсыз жанды қинап, қанды төгіп,
Бұзықтық түзіктікті илесін-ақ
Қиналып, кімде болсаң, талыққандар,
Түңіліп, үміт үзіп, жабықпаңдар,
Жарқырап жақсылыққа атар таң бар.
(«Маса»)

Серіппелі оралымды бұл жолдарды дыбыс үндестіктері (бірінші жолдағы «Ж»-ның үш рет, екінші жолдағы ө дыбысының екі рет, төртінші жолдағы а дыбысының үш рет қайталануы), бұзықтық-түзіктік сияқты ішкі ұйқастар да айшықтай түскен.

«Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесіндегі пікірді екі ұштылай баяндаса, оралым айырықты деп аталады», - дейді Ахаң.

«Сөздің асыл болуы ұнауымен. Сөз көңілге сипат жағының келістілігімен, мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігі әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады», – деп Ахаңның өзі айтқандай, оның жырларында да, қара сөздерінде де «сөздің көркі» – мақал-мәтелге, нақылға сұранып тұрған көркем кестелі, мағынасы терең жолдар жиі ұшырасады. Жоғарыдағы Ахаң сөзінің басындағы «Сөздің асыл болуы ұнауымен» деген жол өлең тармағындай емес пе?!

Ақынның публицистикалық шығармаларында кездесетін мына жолдарға назар аударайықшы: «Даналық өшпес жарық, кетпес байлық», «Еңбексіз егін шықпайды», «Терлесен, терің тегін қалмайды», «Түзіктік қайсы, бұзықтық қайсы», «Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең, құл болмақшы», «Жеңдеріміз қиюсыз, етектеріміз жиюсыз», «Телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын жұғымды», «Жүгі ауған көштің жүрісі өнбейді», «Жұрт намысы – ұлт намысы», «Оқу – ерге теңдік, кемге – кеңдік», «Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс», «Көрпең қысқа болса, көсілуге жетпейді», «Іргесі бөлек, ынтымағы бір», «Ер батқанда – жорғалық, молда жоқта – молдалық», «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын», «Сөздің асыл болуы ұнауымен», «Сөз ақылға қонады шындығымен» т.б.

Ахаңның өлеңдері – азаттық жолы, ақыл-кеңес беріп, адалдыққа, адамгершілікке, ізгілікке, ізетке жетелер сара жол, даналыққа бастар соны соқпақ.

«Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу» – деп А.Байтұрсыновтың өзі айтқанындай, оның өлеңдерінде түсініксіз, екі ұшты бір де бір сөз жоқ. Ақын басқа тілдерден енген сөздерді қолданбаған, білгішсіну, құрғақ ділмәрсу, арзан, жылтыр сөз, босқа даурығу, даңғаза ұран кездеспейді. Тіпті, орыс тілінен аударған өлеңдерінің өзінен бөгде сөз ұшырата алмайсыз, орыстың әдеби көркем тілінің табиғи болмысын дәл басып таныған қаламгер оның қазақ тіліндегі баламасын да мейлінше дәл таба білген.

Ахаң өлеңді кім-кім де түсіне алатындай етіп жазған. Ақынның негізгі мақсаты – өлең арқылы халқын ұйқыдан оятып, татулыққа, бірлікке, түсіністікке үндеу, азаттық жолын нұсқау.

Бұл ерекшелігі шығармаларынан алынған афоризмдеріне де тән: "Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қыламын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы", "Қатерлі жерде қаперсіз отырма!". "Білімді болуға - оқу, бай болуға - кәсіп, күшті болуға - бірлік керек!", "Қазақ жері қазақтан кетпес еді, қазақ жері қазақтан кетпеске іс қылсақ".

Қазақта афоризм жанрына қалам тартып, жинақ шығарған Мұзафар Әлімбаев мен Қадыр Мырза Әли.

М.Әлімбаевтың "Өрнекті сөз - ортақ қазына" ("Қазақстан" баспасы, 1967), "Ер еңбегі-айнасы" ("Қайнар" баспасы, 1968) Қадыр Мырза Әлидің "Алмас жерде қалмас" атты кітаптары соның айғағы. "Шынайы нақыл, қасиетті, қанатты сөз тудыру үшін біздің пайымдауымызша үш қасиет керек:

Бірінші – білімдарлық,
Екінші-ойшылдық,

Үшінші- ақындық құдіреті [10,109]- деп М. Әлімбаевтың өзі айтқандай, екі ақынның жазған нақыл, қанатты сөздері де жоғарыда айтылған қасиеттерге жауап бере алатындай дәрежеде сәтті шыққан туындылар.

Жинаққа енген афоризмдердің көбі - ақындар кітаптарында, газет - журналдарда жарық көрген өлең - жырларының сәтті шыққан жолдары мен түйіндерінен алынды. Ол кітаптар мен газет- журналдар пайдаланылған әдебиеттер тізімінде көрсетілді. Мысалы: Н.А Некрасовтың:

"Ерекше туған бір жұлдыз
Ағып та бара жатып - ақ
Түсірер соңғы сәулесін!", -
деген үш тармақ афоризмі "Асенкованы еске алу" атты өлеңініңтүйіні [11,19].

С.Адайдың:

"Әр қазақ - менің жалғызым",

"Қадіріңді Хақ білер,
Халалдан білер Ақ білер,
Ақ білмесе, жат білер".

"Бала тілек - бал қылық,
Баба тірек - арлы үміт".

"Тау көрінбес биіктен,
Ер өледі күйіктен",

тағы басқа афоризмдері " Таң - Шолпан" журналының2013 жылғы алтыншы номерінде шыққан өлеңдерінен алынды.

Қорыта айтқанда, афоризм халықты бірлікке, достыққа, сыйластыққа, Отанды сүюге шақырады, адал еңбек етуге, ұрлық- қарлықтан аулақ болуға, адамгершілікке үндейді, ел рухын көтеріп, жігерлендіреді, ғылым, білімді, өнерді насихаттайды, таным, тарих, тағылым, рухани азық, тән тазалығында, жан тазалығын да айтып,жаманнан жирендіріп, жақсы іске, ізгілікке- қайырымдылыққа, бауырмалдыққа жетелейді, жолдастыққа, достыққа адал болуға, көрші- көлеммен тату-тәтті тұруға баулиды, адамзат атаулыны бауырым,бір туғаным деп санауға, махаббатқа, Алланың ақ жолына бастап, адамның өзін- өзі тануына жол сілтейді, сабырлы болуға, Аллаға шүкіршілік етуге шақырады. Бір сөзбен айтқанда афоризмнің атқаратын қызметі де, тақырыбы да сан- алуан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ Совет энциклопедиясы. ҚСЭ Бас редакциясы, 1972.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1974.
3. Байтұрсынов А. Ақжол.-Алматы:«Жалын», 1991.
4. Өтембекұлы А. Ақберен. XVIII-XX ғасырдағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1972.
5. Байғанин Н. Нарқыз,- Алматы, 1974 .
6. Қасқабасов С. Алғы сөз.// Шаймерденұлы Е. Шығармалары. I- т. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013.
7. Шаймерденұлы Е. Қазақ афоризмдері. – Алматы- кітап, 2012.
8. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмдері.- Алматы: «Қазақстан», 2012.
9. Шаймерденұлы Е. «Мәңгілік мұра» (Ой- қазына: афоризмдер, қанатты ойлар).- Алматы: «Өлке» баспасы, 2003.
10. Өлімбай М. Ізденгенге інжу ілінер// Мырза Әли Қ. Алмас жерде қалмас, 2000.
11. Некрасов А. Н. Өлеңдер.- Алматы: «Жазушы», 1975.

ЕЖЕЛГІ (АНТИКАЛЫҚ) ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ ӨКІЛДЕРІНІҢ АФОРИЗМДЕРІ

**Гомер
(Б.з.б. 12-8 ғ.)**

Ежелгі гректің эпик дана ақыны.

Жер үстінде адамнан нәзік дәнеме жоқ.

Дүние сырын ақыл мен жүректі ұштастырып барып ашу керек.

Айтқан сөзің қандай болса, еститін жауабың да сондай.

Айыптыны құдай табады.

Бәріне уақыт бар: жұмысқа да, сұхбатқа да, демалысқа да.

Тіл- жұмсақ.

Болған оқиғаны ғана ой елегінен өткізетін адам- ақымақ.

Әйелді үнсіздік әсемдей түседі.

Әсемдік ұзақ тұрмайды.

Бітірген ісіңнің рахаты -ай.

Сен–маған, мен– саған.

Пиндар (б.з.б. 518-438)

Ежелгі грек ақыны (лирик)

Мемлекеттің мызғымас негізі – әділеттілік.

Луций Анней Сенека(Кіші Сенека) (Біздің заманымыздан бұрын 5жылы Кордуба, біздің заманымыздың65, Рим,)

Луций Анней Сенека (Seneca)-Римдік, әрі ақын, әрі көсемсөзші, әріфилософ ретінде аты тарихта қалған.Тағдыры өте күрделі тұлға. Ол сенатор болып, онан соң қуғындалып жер аударылған, одан император мұрагерінің- зұлымдығы мен залымдығынанатағы шыққан Неронның тәрбиешісі, сол арқылы нақты елдің билеушісі болған, артынан ұмытылған шонжар, отставкадағы оппозиционер болып,ақыр соңында император жауыздығының құрбаны болып, өзіне- өзі қол жұмсаған, яғни өз дәуірініңбарлық маңызды оқиғаларының куәгері ғана емес, қатысушысы да болған адам. Ол осылай бірде биікке самғап, бірде биіктен оңбай құлап өмір кешкен.

Өзіңмен көбірек сөйлес.

Дәрілерді жиі ауыстыру ауруға ем болмайды. Түрлі дәрі жаққан жараның жазылуы қиын. Өсімдікті бір орыннан екінші орынға ауыстырып отырғыза берсең, жайқалып өспейді.

Дос болғың келген адамды жан-тәніңмен қабылда, пікіріңді ашық айт, онымен өзіңмен сөйлескендей сөйлес. Сонда оны танысың. Танып болған соң одан күдіктенбе. Онда ол сатқынға айналады. Оған сенсең-сенімді етесің.

Әбігершілікке құмарлық- қайраткерліктің белгісі емес, рухы ылғи жаншылып езілудің белгісі және әрбір қимылды ауырлық санау әдеті-алаңсыздықтың белгісі емес, еркелік пен имансыздықтың белгісі.

Табиғаттан кеңес сұра, ол саған күн мен түнді жаратқанын айтады.

Бастаған ісіңді табандылықпен жалғастыр және жаныңның жайлылығы мен жетілуінен ұзағырақ рахат алу үшін асық.

Көп адам тікенекті бұтақ пен үшкір тастарға жабысқандай жабысатын мына өмірден ешбір қиналыссыз айырылыса алатындай болуды күн сайын ойлаған. Көп адам өлімнің қорқынышы мен өмірдің азабы арасында аласұрады: олар өмір сүргісі де келмейді, қалай өлуді де білмейді. Өз өміріңді қызықты ет, ол жайындағы барлық үрейді таста. Жоғалту әзір тұрмаса, ешбір игілік оның иесіне қуаныш әкелмейді.

Кім өзінің өмірін жек көрсе, өзгенің өміріне қожайындық жасайды.

Аштық пен шөлге шыдай алмай, өзіне алақөздеу қарайтындардың есігін қақпа, қабағын түйе жақтырмай қарағандар мен сәлеміңді әрең алатындарға барма.

Тобырдан жақсырақ өмір сүру үшін бәрін жасауға тиіспіз.

Өзім үшін алған білімім, қанша ізгілікті болса да, мені ешқандай қанағаттандырмайды.

Гекатоның мына сөзі маған ұнады: «Сен менен қандай жетістікке жеттің деп сұрайсың. Мен өзіме-өзім дос болдым.»

Барлығынан бұрын неден қашу керектігін білесің бе? Тобырдан! Тобыр ішіне кірсем сол күйімде шыққан кезім болған емес. Одан бір нәрсе жұқтырып, кірленіп шығасың. Одан шыққанда сараң, менмен, сән-салтанатқа құмар, ашушаң және қатыгез болып шығасың.

Кімнің ісі жүріп тұрса- достары мың сан, қиналысқа түссе- айналасы шөл.

Адамдармен өмір сүргенде, Құдай саған қарап тұрғандай бол, Құдайға қарата сөз айтқанда, сені адамдар тыңдап тұрғандай бол.

Әрбір күніңді соңғы күндей, өміріңді аяқтап тұрғандай етіп шығарып сал.

Өзімнен өзім озсам де!

Эпикур: «Көп адамдар байлық жию арқылы ауыртпалықтарынан құтылам деп ойлайды, олар қайта басқа қиындықтар тауып алады» деген. Оған таңданатын ештеңе жоқ, ауру адам ағаш керуетте жата ма, алтыннан жасалған керуетте жата ма, қайда болса да кеселі бірге жүреді.

Өзінің кемшілігін білмейтін адам, оны болдырмауға тырыспайды.

Жан рахатына жеткісі келгендер құрмет пен игілікке тек адалдық арқылы жетсін.

Адалдықпен кешкен өмірді қысқартқанмен, одан оның адалдығы азаймайды.

Посидоний: «білімдар адамның бір күні тоғышардың ұзақ ғасырынан да ұзақ» деген. Бақытсыздықта уайымға түсіп кетпе, сәттілікке сенбе, талайының алдамшылығын ойла- ол бірде оңынан, бірде солынан келеді.

Қанжар өзі ешкімді өлтірмейді, бірақ ол өлтіруге құрал бола алады.

Білсең де, білмесең де солай болатын болса, болмай қоймайтын нәрсені алдын-ала білудің керегі не?!

Адамға қатысты істердің қайсысын алсаң да, оның біліп алатын және зерттейтін нәрселері қисапсыз көп, соны жаныңның қоржынына сыйғызу үшін басқа артық нәрсенің бәрін жан қойнауларынан қуып шығу керек. Ізгілік тар, лас жерде жасалмайды. Жаныңды тазарт, керексіз нәрселерді қоқысқа таста.

Жақсылық пен жамандықты зерттейтін тек философия ғана. Уәдеге беріктік-өрте, ұр, өлтір, бәрбір сатып кете алмаймын,- дегенге алып келсе, ондай қаскөйлікке негізделген уәде, беріктік неге керек.

Ақылманның тамақ табуы жеңіл. Өйткені оған көп нәрсенің керегі жоқ.

Отанды ұлы болғаны үшін емес, өзіңдікі болғаны үшін сүйесің.

Астың молдығы- ақылдың дәлдігіне бөгет болады.

Өзі туралы ғана ойлап, бар нәрседен өзінің бас пайдасын іздейтін адам бақытты бола алмайды.

Ерлік– үрейді жирене жек көру.

Кедей деген дүние- мүлкі аз адам емес, соны қалай көбейтсем екен деп жанталасып жүргендер.

Тит Макций Плавт
(б. э. д. III ғ.- б.э.д. 184)

Рим комедиографы. Комедияларының бәрін өлеңмен жазған.

Саған сенген кісінің сенімін ақта.

Барлық істе шама болса зейнет-ті,
Шама асып кетсе- артық бейнет-ті.

Куәге бір рет көргенді тарт, он рет естігенді

Өзінен өзі талап етіп отыратындардан адамдықты көбірек көруге болады.

Махаббатта бал да, у да мол.

Адамдар бар тілі –бал, жүрегі- у.

Мектепте оқудың да өз мерзімі бар.

Өмірде күтілген істен күтілмеген іс жиі ұшырасады.

Өзгенің қиындықтарынан үлгі алған адамға ақылды болу оңай.

Публилий Сир (б.з.д.І ғ.)

Римдік ақын

Жеңімпаздың жарасы ауырмайды.

Керісте шындық теріске шығады.

Кінәлі заңнан, кінәсіз тағдырдан қорқады.

Шағын қарыз адамды берешек етеді, үлкен болса – жау қылады.

Атақ-даңқы үшін қам жейтіндер көп, ары үшін қиналатындар некен-саяқ.

Бақ кейде үйіп-төгіп ақ береді. Бірақ бәрібір жетпейді.

Тез беретін адам екі есе көп береді.

Гораций

(65 б.э.д. – 8 б.э. д.)

Римдік ақын.

Көпке ұмтыла беретінге көп бұйыра бермейді.

Сараңға қашанда жетпейді.

Бәрін күтетінбір ғана сол түн.

Еліңнен безуге болар, өзіңнен қашып құтыла алмайсың.

Марк Анней Лукан

(39- 65)

Римдік ақын

Азаматтық соғыста кез келген жеңіс- жеңіліс.

Ли Бай

(701-762)

Таңпатшалығы тұсында өмір сүрген қытайдың ұлы ақыны. Туған жері Орта Азия өңірі, түріктекті деген де деректер бар.

Ай астында көлеңкемен қалғаным
Жалған достың сарайынан жайлырақ.

Шаттанғанда адамның көңіл күйі тасымақ,
Бос тостаған ұсынба айға қарап, ақымақ.

Овидий

(43 б.ғ.д. – 17 б.ғ.)

Римдік ақын.

Өнерді жасыра білу де – өнер.

Нағыз қауіпсіз – орта жол.

Франческо Петрарка

(1304-1374)

Итальян ақыны.

Жақсы кітаптарды жинай білген жақсы, ал оларды оқып отыру – одан да жақсы.

Кітаптарды түрмедегідей жабық ұстауға болмайды, олар кітапханадан зердеге сөзсіз көшіп отыруы тиіс.

Сараң қашанда кедей.

VI-XII ғ. Әлем ақындарының афоризмдері

Рудаки (860 - 941)

Әбу-Л-Хасан Рудаки, Әбу Абдаллах (Әбу-л-Хасан) Жафар Рудаки-тәжік классикалық әдебиетінің негізін салушы, философ. Заманында «Ақындар атасы» атанған. Туындыларының ішінен бізге жеткені «Шарап туралы» қасида, «Кәрілік туралы» ода, 40-қа жуық әр түрлі жанрдағы жырлар. Шығармаларының негізгі идеясы – адам өмірін жырлау.

Өмір – кеме, жүзем онда деменіз,
Ізгіліктен жасалмаса кемеңіз.

Арлы адам – ең күшті адам. Өйткені, ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына көнбейді. Сондықтан да оның тағдыры қиын, ауыр болуы мүмкін, өкінішті болуы мүмкін емес.

Әлсіз болсаң тастар жерге сіңіріп,
Содан өзің жарып шықсаң, ірілік!

«Өмір – ақыл теңізі».

Өмір айтты: «бақытты деп өзгелер,
Күйінбесең – саған рақат тез келер.

Қанағат көр басыңдағы бағыңды.

Аңсар көп жұрт сенің сол бір шағыңды».

Өмір айтты:

«Тоқтала біл ашудан,

Опа таппас бұл дүниеде ашынған,

Сөйлеген жан бұғау салмай тіліне,

Бұғаулатар екі аяғын түбінде».

Әлем – теңіз. Аңсайсың ба жүзуді?
Кемеңді соқ, жақсы ісіңмен түзеулі.

Бүкіл әлем жаралғалы әлімсақтан сонау бір
Толастамай өткен әркез білімді аңсау – алау нұр.

Қандай да бір тілді алмайық, небір ғажап ғасырлы,
Әрқашан да адамзаттыбілім мен бақ асырды.

Айлап-жылдап үйренсе тәтті сөзге құлағың,
Естімессің, ұқпассың – біреудің мұңын, жылауын.

Жарық шашып алдыңнан, айың туып тұрғанда,
Үлесіңді ал жылдам, кешігем деп, құр қалма.

Топыраққа кіргенің – топырақтан туғаның,
Бағасы бар бәрінің – бізге ежелден бұл мәлім.

Жүрегім таза болсын тек – киімі лас болса да,
Жер дүниеде көп-ақ-ау, жүрегі нәжіс бишара.

Жапалақ ұшса жалпаңдап, еремін деп сұңқарға,
Қайырылар жақсы қанаты, жүні қалмас бір тал да.

Байысаң, шырақ, мастанба, сабырлық етсең жарайды,
Көрген де бұрын, көрешек дүние сендей талайды.

Осынау қиын өмірден, өнеге ал да, кел, үйрен,
Сонда ғана өзіңнен зұлымдық әр кез жеңілген.

Өлген адам оралмас, тірілер жатар көрге кеп,
Әдеті солай дүниенің тұлғалы аспан дөңгелеп.

Игілік, бақыт бір сенің жұмсайтын құлың болса егер,
Жеңімпаздық пен жеңіс те атқосшың болсын, тарта бер.

Заңсыз туған бір ұлды, жасыру қолдан келер ед,
Өмірде еткен ісіңді жасыра алмайсың, не керек!

Дүниенің байлығын басына үйіп қойсаң да,
Алғыс айтпас пенденің әдеті ғой қашан да.

Құзғын неге жүз жасайды, әділет қайда жалғанда,

Сүйкімді құс, дос қарлығаш бір күн жасап арманда.

Ақылдының орнына ақымақ кеп қонды да,
Ұмытты көк есегін де, үсті жыртық тонды да.

Уа, жарандар, досыңның қанын босқа артпай жүр,
Жалғыз қолмен қос қарбыз көтерген жан жоқ әзір.

Жақсы-жаман істеріңді тізіп берсе жасаған,
Батпақтаған есектейін болар едің есалаң.

Ғимараттың ірге тасын нықтап алсаң болғаны:
Ірге тасы ғимараттың ең негізгі қорғаны

Махаббатым – еңбегімдей оңашада ойланған,
Махаббатсыз – дүние бос, жайбарақат жайланба!

Жастық кетті, сол жастықпен ән де кетті біржола,
Көңіл-күйім ауыр тартты, өмір болды зілзала.

Әбу Насыр әл-Фараби (870-950)

Ұлы ойшыл, энциклопедист ғалым, ақын.

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.

Ақиқат адалдықпен ақзалас.

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәрте ел алдаса да өзіңді.

Мінез-құлық міні рухани кеселге жатады.

Бейқамдық сәтсіздікке бастайды.

Жүргендер көп достық атын малданып,
Сен де бір күн қалмағайсың алданып.

Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу.

Мінез – жанның айнасы.

Адамның басына қонған бақтың тұрақты болуы – жақсы мінез-құлыққа байланысты.

Сұлу саз – жан сергітеді.

Тән ауырса жан да ауырады.

Талпыныс тәжі– табандылық.

Музыка – рухтың, құмарлықпен ынтазарлықтың – әралуан көңіл-күйдің ісі.

Ғаламда әр адамның өз орны бар.

Қорқыт VIII ғ.

Ұлы ойшыл, күйші, ақын. Оғыз тайпасынан шыққан, қыпшақтың жиені. Қорқытқа байланысты әпсаналар мен жырлар жинақталған «Қорқыт ата кітабы» (XI) деген еңбектің ең көне екі қолжазбасы Дрезден және Ватикан кітапханаларында сақталған.

Көп қорқытады, терең батырады.

Бас аман болса, бөрік табылады.

Дүние – мал шашылмай, «мырза» деген атақ жоқ.

Тәкаппарлықты тәңір сүймес.

Ананың хақы – Құдайдың хақы.

Ауырған жерін ауру біледі.

Ұлдың күні күн емес, атадан мал қалмаса,
Ата малы пұл емес, баста ақыл болмаса.

Ат арытпай жол бітпейді.

Қыз анадан үйренбей өнеге алмас,
Ұлатадан үйренбей сапар шекпес.

Ұл ақылды хош көрмес, ата үлгісін алмаса,
Қыз жарылқап ас бермес, ана үлгісін көрмесе.

Ұл – атаның сыры, екі көзінің нұры.

Адам баласы керуен сияқты: тоқтады, көштідекетті.

Ауыр жүктің михнатын тұғыр емес, тұлпар білер.

Ердің батқанын ат білер.

Іннің аузын түлкі білер.

Сүрлеу сырын түйе білер.

Жайылымның жақсысын жылқы менен құланбілер.

Шыққан жан қайтып енбейді,
Өлгендер қайтып келмейді.

Ажал жетпей өлмек жоқ.

Алыс жолды көзбен көр, көкейге түй.

Ат шабады, ер шаттанады.

Қанша қалың жауғанмен,
Қар көктемде қалмайды,
Гүл жайнаған шалғында
Қаракүзге қалмайды.

Топырақ тау болмайды.

Айтар сөзді ойлап айт.

Отыз тістен шыққан сөз – отыз сан ордаға жайылар.

Фердауси

(X ғ.)

Тәжіктің ұлы классик ақыны

Ақыл- өмірдің қайнарымәңгі.

Адаспас үшін ақылыңды тыңда.

Ақылың тозбай жаныңда жүрсін.

Жақсылық пен жамандық өтер, кетер,
Ақылы аз байғұстар азап шегер.

Шат өмір сүр, көңілді бол, жол таңда,
Жаның- өмір, ақыл- ұстаз тұрғанда.

Болғанда өміріне жолбасшы ақыл,
Бәрі де тәмәмдалар болып мақұл.

Шешен бол қай жерде болсаң да,
Көсем, дана болқай жерде болсаң да.

Ақыл мен білімді,
Тыңдаушы сыйласын тіліңді.

Ақыл мен сенімді іздесең,
Түспейсің қауіпті ізге сен.

Кеңесіп жүр данамен.

Ақылды болу –ұлы мәртебе.

Бола білсең уақыт әміршісі
Ақылдың да боласың тамыршысы.

Әлсіздік, ашу шешпес жұмысыңды
Ақыл ғана кеңейтер тынысыңды.

Қос құлағың болсын дәйім данада.

Ақыл барша тірлікке қайнар бұлақ.
Ақылдылар ақылсыздан биік тұрар.

Біле білсең ақыл мәңгі ұстазың.

Ақылмен жүректің көзін аш.

Мылжыңдардың ақылы аздау келеді.

Ақыл жина ісінді жандандыратын,
Тіл, діліңді сақтайтын, қандыратын.

Әбу Шәкір
(X ғасыр, 916 жыл)
Азербайжан ақыны

Сөз ішінде біз табар –
Жалын да бар, мұз да бар.
Усойқы бар, у да бар,
Балмен қатар тұз да бар.

Махмуд Қашқари
(XI ғ.)

Махмұт ибн әл-Хусейн ибн Мұхаммед әл-Қашқари Түркі халықтарынан шыққан энциклопедист ғалым.

Білім үйрен данадан, жалтандама басқаға,
Қызмет қыл, басыңды, өрлігіңді таста да.

Ұлым, саған айтайын өсиетін дананың:
Білімдіні таны да, соңына ер, қарағым.

Білікті адам айтпай-ақ жаныңды ұғар.

Білім қалар артыңда, ғұмыр сырғып жоғалар.

Білім, өнер бойдағы сауын болар түбінде.

Білімдіден сөз тыңдасаң, күш тасыр,
Үйренгенді желге ұшырмай, іске асыр.

Белгісі болса- жолдан жаңылмас,
Білімі болса- сөзден жаңылмас.

Көп сөзді ұғып болмас, жартасты жығып болмас.

Ақ көңіл сәбидей, сенгіш келер ұлы адам.

Кекті тайдыр жолыңнан,
Әділдікті саяла.

Білімдінің сөзін тыңда,
Айтқанын үйрен, іске асыр.

Таудай білім насихаты- шипа ғой,
Жанды тербеп, көңіл күйін шертетін!

Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер.

Дос адам сарайыңды жұмақ етер.

Түсіне қарама, ісіне қара.

Еріншекке есік те асау көрінер.
Жалқауға бұлт та жүк көрінер.

Жасы үлкенді қадірлесе- құт болар.

Кішілік пен кісілік- ұлылықтың белгісі.

XIII-XVғғ.Әлем ақындарының афоризмдері

АхметИгунеки (XII-XIII ғ.ғ.)

Қыпшақтың ұлы ақыны, ойшылы. Түркістан маңында дүниеге келген. «Ақиқат сыйы» атты дидактикалық поэманың авторы.

Заман емес, адам ренжітеді.

Жала қылғанға опа қыл.

Жақсы мінез – жомарттық.

Өз ашуын өзі баса білген адам – күшті адам.

Сараң - малдыңқұлы.

Әділдіксіз қайыр жоқ.

Шындық – шипа, өтірік – дерт.

Кедейлік кемдік емес.

Бақытта баян жоқ: ұшқан құс тәрізді.

Сабыр – сауап.

Сабыр ет, қуаныш күт, бөле келсе, күте тұр, қайғы реніш ала келсе.

Қона білген көше де білер.

Жаман мінез жанға опа бермес.

Жамандық жасасаң да, жақсылық жасасаң да жауапсыз қалмайды.

Дүние бірде – бал, бірде у ұсынар.

Сүйеуі бардың сөзі де басым.

Жақсы жолдас – бауырың.

Шота Руставели
(XIIғ)

Грузин ақыны, гуманист.

Айту ағат көрінгенге ғашықтығыңның тылсымдарын!

Құпияда болсын дәйім сүйгенді ойлап еңірегенің,
Жүрегіңнің ізгі сырын естімесін ел дегенің!

Махаббат- бір ғажайып түс.

Адал достық- мөлдір бұлақ, бос нәпсі- ылас, кір суындай.

Асқан биік кәмелетке жете аларсың, етсең төзім.

Берілсең тек құштарлыққа- құмға толар екі көзің.

Ақын емес одан-бұдан өлең жазған жиып-теріп,
Әлде біреу мақтар деген үмітке үміт үйіп беріп.

Жыр-бір рух, адам жанын әлдиге алып, дарынды ашқан,
Самғайтұғын, сырты жылтыр бос мәнерге табынбастан.

Дүние – жалған...

Болса сөзің парасатты, тыңдап досың құлақ асар.

Ғашықтарды пәле аңдиды.

Біл, махаббат- ажал, тажал, үрей боп та түске енеді,
Бірақ түбі- сол махаббат қажығанға күш береді.

Ғашықтықтың жанған отын жаныңдағы жасыр жұрттан...
Ұқпас ғашық ешнәрсені, шын берілсе махаббатқа!

Көктен биік бақыт күтсең, көтер ауыр, қиын істі.

Тағдыры адам- ауа райы толқымалы, құбылмалы,
Кейде аспанға бұлт кеп толар, кейде болар күн шұғылалы.

Досқа парыз достысы үшін қорықпай алда қиындықтан,
Жүректегі сезімді үлкен шығаруы сыртқа бұққан.
Ғашық білер ғашық жайын ғашық зарын терең ұққан,
Доссыз өмір- қу бәйтерек жеке дара шөлге шыққан.

Жалған сөз жан мен тәнге өлшеусіз азап әкелер.

Шұғыла төккенжарық күндей лаула, егер де болсаң ғашық,
Ер бол асқан, сұлулықтың айғағындай толсаң тасып.

Қиын -қыстау шақта досын тастап кеткен адам сол қиындықтың
тауқыметін кейін өзі тартады.

Насыр Хосрау (1004-1072)

Насыр Хосрау Әбу Муин әл-Кубадияни әл-Марвази – тәжік-парсы
ақыны, философ, діни қайраткер.

Бос мақтанға салынба сен жағымпазға егіліп,
Ғасыр бойы жанды қинап мазақ болма, тегін ұқ.

Надандыққа жауап берме надан боп,
Сенім менен сатқындықты айыра біл адам боп.

Білім тұрған сұлулық қой, онымен
Қатар тұрмас асыл киім тонымен.

Зерделімен айтысқан да жарасар
Надандарға дүние тар әрі асар.

Білімменен мың қылышты жеңерсің,
Ал қылышпен қалай білім теңелсін.

Жақсы адамның жан дүниесі жарқырап

Сыртты жылтыр құр босқа тек қалтырар.

Бақытпен тек мақтануға әрқашан да болады,
Егер де ол болып жатса білім-қуат қонағы.

Адам біткен ақылымен, білімімен қуатты,
Онсыз біздер көптің бірі бос өткізер уақытты.

Ақылдылық құлға да ерік береді,
Күмбезді де қайта салып көреді.

Білім ғана бәрінен де биік етер адамды.

Жүсіп Баласағұн (1021-1075)

Ұлытүрікойшылы, ақын. Түрік тілінде жазылған тұңғыш ірі энциклопедиялық туынды саналатын «Құтты білік» даналық кітабының авторы.

Біліп айтқан сөз – даналық деседі,
Біліксіз сөз, қайран басты кеседі.

Сабыр – ақыл-парасаттың белгісі,
Ақылсыз жан хайуанмен тең кісі.

Ақылды сөз – алысқа атар сұр жебе!

Жырдың сөзі дәлдігімен қымбатты.

Білікті сөз, біліктінің өзі екен,
Білікті сөз білімсізге көз екен.

Әділ жанның мол мейірі, шуағы,
Екі әлемде күні оңынан туады.

Ізгілік – күш, ізгілікте – ырысың!

Сабырлы бол, сабыр бастар мұратқа!

Жаманнан без, қор қылады басыңды,
Ол у жылан, умен булар асыңды.

Кездестірсең ақылды, ізгі адамды,
Ей, ізгі ер, үйлен қойып алаңды.

Ақылды әйел, ізде – іздесеңсен егер,
Есті болса, төрт құбылаң теңелер.

Жақсы іс көп жасайды.

Күншілдік – көп болып емдейтін дерт.

Қызғаныш қайда болса, ұрыс-керіс те сонда.

Ұрының қасында ұры жүреді.

Көп күлген бір жылар.

Бәлеқорды байытпа, тәкаппарды өсірме.

Қиянаттан алыс жүр.

Көз – жіті, құлақ сақ, көңіл – кең болуы керек.

Көз көрмей, көңіл тоймайды.

Ақкөңілділік – адам ойының тазалығының белгісі.

Қайғы басса, ағаш атқа жайдақ мінерсің.

Сәлем – сауап.

Жақсы мінез адамға тамақ та киім де тауып береді.

Кісіліктің үлгісі – мейірбандық.

Тегің мен түбіңді ұмытпағайсың.

Кейін өзің қалмау үшін табаға,
Жөнге салып, ие болғын балаға.

Сұлу әйел алған – өмір бойы қарауыл болып өтеді,
Бай әйел алған – өмір бойы құл болып өтеді.

Омар Хайям (1048-1131)

Омар Хайям – парсы математигі, астрономы, ақын, философ (толық аты Абу-ль-Фатх Омар ибн Ибрахим аль-Хайям) шамамен 1048 жылы Хорасанның Нишапур қаласында дүниеге келіп, сонда қайтыс болған. Жас кезінде жақсы отбасының тәрбиесінде болған, өлеңге құмартып өскен, оның кейбір өлеңдері осы күнге дейін жеткен. Нишапурда жұмыс атқарған кезінде, сол кездегі оқымыстылармен бірлесіп сол замандағы күнтізбеге өзгерістер еңгізген. Әйгілі ғұламалардан дәріс алып, Аристотель мен ибн Синаның философиялық көзқарастарын қолдаған. Араб, парсы тілдерін қатар меңгерген ол «Болмыс және борыш туралы трактат», «Үш сауалға жауап», «Жалпы

ғылыми пән туралы ақылдың нұры», «Өмір сүру туралы трактат», «Наурызнама», «Өмір сүрудің жалпылық қасиеті туралы трактат» т.б. философиялық еңбектер жазды.

Бөтенге шексіз сеніп қалудан сақтан, дос деп құрмет тұтып жүрген адамның өзі сені сатып кетуі мүмкін.

Өмір сүрудің екі заңын білген адам бақытта болар. Бірі – не болса соны жей бермей, азығыңа талғаммен қарайтын жан; бірі – кім болса, сонымен дос болмай, айналасындағы достарын жөнімен таңдай білетін адам.

Адамның санасы қаншалықты төмен болса, ол мұрнын соншалықты аспанға шүйіреді.

Жұрттың бәріне бірдей дос боламын дегендер ешкімге де дос бола алмайды.

Ақымақпен достық құрып, жетіспейсің.

Дананың берген уын қабылда, ақымақтың қолынан алтын да алма.

Қайдан келдік осы? Қайда беттеп барамыз? Біздегі өмір мағынасы не екен?..

Байқа шырақ, бұ дүниенің байлығын,
Уақытша ғой жарамайды тасқаның.

Сақинаға ұқсайды жаратылыс,
Сондағы асыл тастың мінсізі – біз.

Бұл жалғанда ешкім мәңгі қалмайды,
Келу, кету бізден соң да жалғасар.

Санаи (1070-1140)

Санаи, Абу-аль Маджд Мадждуд ибн Адам – парсы ақыны. Дидактикалық діни поэма жанрының негізін қалаушы. Аталмыш жанрдағы туындыларда адамның даму заңдылықтары, нақыл сөздер, тарихи және тұрмыстық әңгімелер арқылы түсіндіріледі.

Сен өзің сенімсіз болсаң, қабылдаған шешіміңнен не пайда?

Ақыл-ой- шатыр болса, сезім – осы шатырға апаратын баспалдақ.

Ақылды адамдардан басқасына сырынды ашпа. Жүрегіңе жақын достарыңнан басқасына жүрегіңдікөрсетпе.

Өзіңді тануға күшің жетпесе, Алланы қалай танырсың?

Тәжірибесіз болмыс ғайыптықпен пара-пар. Тәжірибе – бұл сенің жүре пайда болған ақыл-ойың.

Ғылым іс-әрекетпен байланыста ғана пайдалы, ал іс-әрекетсіз – қара бастың қамы болып қалады.

Құмарлық – жер тарпыған ат тәрізді, ал ашу – сенің денеңдегі ит сияқты, оларды қулықпен тепе-теңдікте ұстай біл. Оларды өсірме де, төмендетпе де, тең ұста.

Ашу мен құмарлық айуанға тән белгілер, ал білім мен даналық – адамның сұлулығы.

Жел сияқты күшті болу үшін жердей төзімді бол. Жақсылық жаса, көмек беруден тартынба, сонда сен жалындай лаулап, биікке көтерілесің.

Ақымақпен әңгімелесу іші бос қазаннан да жаман. Сырты ысталған болса да, іші бос.

Ақиқатқа жету үшін, бір рет болсын, жаның мен ақыл-ойыңнан бас тарт.

Қожа Ахмет Иассауи (1093-1166)

Қожа Ахмет Иассауи- түркістандық ғұлама. 1093, кейбір деректерде 1103, 1041 жылдары туып (Сайрам (Исфиджал)-1166 жылы Түркістанда (Ясы) дүниеден өткен. Арғы тегі- қожалар әулеті.Әкесі Исфиджабта даңққа бөленген әулие. Әзірет Әлінің ұрпағы Шейх Ибраһим. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана). Мұса шейх те Исфиджабта әулиелігімен танылған. Кейбір деректерде Қожа Ахмет Ясауидің Ибраһим атты ұлы мен Гауһар Хошназ (Жауһар Шахназ) атты қызының болғандығы айтылады. Қожа Ахмет Яссауидің ұрпағы негізінен осы

қызынан тарайды. IX ғасырда Отырар,
Исфиджаб, Баласағұн, Ясы, Сауран, Сығанақ, Сүткент, Жент, Кудур, Отлук,
Өзкент, тағы да басқа Мауераннахр қалаларында ислам діні
уағызшыларының белсенді әрекеттері саяси сипат алған болса, X
ғасырдан бастап ислам ілімі жолындағы тәлім-тәрбиелік ордалар –
медресе-теккелер түбегейлі орнығып, исламдық-руханияттық ахлақи
(моральдық) ұстанымдар қалыптаса бастады.

Халқыңа қызмет ет, ізгілерге ізет ет.

Ғашықтық, құштарлық дертіне дауа болмас.

Жамандыққа жақсылықпен жауап бер: бұл пайғамбарымыздың
өнегесі.

Ғашықтық жол – ауыр жол.

Имансыздар өздерін өлмейтіндей көреді.

Тәубесі жоқтың көңілі арам.

Ғаріптерге көңіл бөл.

Әманда сауап жаса.

Нәпсің тынса, пейілің кеңір.

Жаны сергектің – тәні сергек.

Қам көңілдің қайғысына дауа бол.

Жолда шаршап - шалдыққанға сая бол.

Арамзамен сырлас болма,
Олай етсең, баспайды ісің оңға,
Бастан- аяқ батумен пәле-сорға.

Не болса да сабыр қыл.

Кекірейген кердеңдерден қаш.

Ғашықтық, құштарлық дертіне дауа болмас.

Шын ғашықтық ұлы іс.

Бос үмітке алданба.

Жан жылуын өшірме.

Ит дүниені қызықтама.

Бейнеттен қашпа.

Қиын да болса түзу жолмен жүр.

Дүниеге құл болма!
Кітап аш та мәнін ұқ.

Ойсыз, мұңсыз уақыт зая

Арам жеген әкімдер, параға құныққандар өкініш отына өртенеді.

Кісі ақысын жеме.

Әділ сөйлеп, адал жүр.

Қысыр сөзге жолама.

Дабыра-даңғазалыққа тез үйір болма.

Ғалымдарға кітап керек,
Софыларға михраб керек,
Мәжнүндерге Ләйлі керек.

Ақ пейілмен ақ адал дәмін ұсындарға ақ пейіл бол.

Тапқаның болса, ғаріп-пақыр, жетім-жесірлермен бөліс.

Шын мүбәрак жанның бағы жанар.

Тағат жаннатқа да жол табады.

Көңіл құсы қияндарға қонады.

Ұрыншақтың дауы көп,
Жамандардың жауы көп.

Ынтасыздың күні қараң.

Алла дегенге жын-шайтан жоламайды.

Әуейілік, пендешілік бір жат іс.

Күнәдан қорық.

Қайғы-уайым әр нәрседе абай болуға үйретеді.

Ниетсіз, құлықсыз, құштарлықсыз, қиналыссыз сөздің салмағы жоқ.

Сөз де надандардың көңіліне жол таба алмайды.

Қызмет еленбей қалмайды.

Құтып (? - 1341)

Қыпшақтың аса ірі ойшыл ақыны. Шын аты белгісіз. Ақ Ордада өмір сүрген. Әзербайжанның ұлы ақыны Низамидің «Хұсрау мен Шырын» поэмасын қыпшақ тіліне аударған. Бұл – дүниежүзілік әдебиеттің алтын қорына еңген шығарманың қыпшақ тіліне тұңғыш тәржімалануы еді.

Қазан көп қайнаса, ас бұзылады.

Тасыған қазан төгілер.

Ақырын жүрген алысқа барады.

Бұлт шықса, бағбан бақшасын ойлайды.

Дем алу үшін алдымен еңбек ету керек.

Төзімді тілегіне жетеді.

Қабырғаның да құлағы бар.

Асығыстық – ақылдының ісі емес.

Келісіп істесе, көп іс бітеді.

Үйдің іргесі берік болсын десең, қабырғасын асықпай қала.

Кілеміңе қарай көсіл.

Алақанменкүннің көзін жаба алмайсың.

Көп ауру көр аузынан қайтады.

Ойлай білген ер көзсіз батырдан көп артық.

Ақыл – білімге бастар жол.

Біреудің бойынан кемшілік іздеме, өнер ізде.

Біліктіні білгені үшін сыйлайды.

Су өзінің өрт сөндіре алатынын білмейді.

Жеміс пісіп жетілгенше ғана өседі.

Қысылған жерде қоян да арыстанның ісін істейді.

Ұшқан құсты қуып жете алмайсың.

Ұшудан қалған лашынның қарға төбесін теседі.

Гүлдікөргенде бұлбұлдың өзі-ақ сайрай жөнелер.

Кәріге жігітшілік жараспайды.

Дүние тауқыметінен екі-ақ адам құтылар: біреуді әлі тумаған адам,
екіншісі өлген адам.

Жомарттық жоқ атаққа жол ашады.

Қара жүрек қайғының не екенін білмейді.

Елдің бай болуы патшаның ниетіне байланысты.

Қасыңның қасына да сыр ашпа.

Ізгілік тілесей, ізгі бол.

Қаһани
(1121-1199)
Азербайжан ақыны

Ащы айтсаң да әділ айтқын кезінде,
Ақылдылар шамданбайды сөзіңе.

Низами
(1141-1209)

Низами Гәнжауи, Ілияс ибн Жүсіп Низами (17.08.1141, Гәнжа қ. – 1209, сонда)- Әзірбайжан ақыны. Негізгі шығармалары парсы тілінде жазылған. «Гәнжауи» - оның лақап аты. Әкесі Иранда, кейін Гәнжа шаһарында тұрған, ұлын түркі халқының дәстүрінде тәрбиелеген.

Шын беріле қызықтаған нәрсе ғана адам жүрегінен орын алады.

Мінез-құлық міні – рухани кеселге жатады.

Өзгенің пікірін иемденіп кету – надандықһәм ниеті арам адамға лайық іс.

Мінез – жанның айнасы.

Білім жолына түскен жан күнделікті күйбең тіршілікті ойламауы қажет.

Шын білім – әрдайым ақиқат, анық болатын білім.

Қандай ғылым болса да, ол – адам санасына дербес мәндерді ұғыну арқылы ұялайды.

Егер тән ауырса, көңілдің күрт түсуі – табиғи құбылыс.

Фарид-ад-дин Аттар (1148-1220)

Аттар, Фарид-ад-дин Мохаммад бен Ибрахим ан-Нишабури – парсының атақты мистик ақыны. Нишапур қаласының маңындағы Кадхан деген жерде дүниеге келген.

Егер адам қалағанына қол жеткізсе, онда ол білместіктен қол жеткізгеніне қанағат етеді де, өзге нәрсеге ұмтылмайды. Мұндай жағдайда ешбір іс алға баспайды.

Бұл өмірде – жерде де, суда да ұстамдылықтан артық еш нәрсе жоқ.

Ойланбай сөйлейтін адам кейін өз-өзінен ұялады.

Сағди Ширази (1203-1292)

Муслихаддин Әбу Мұхаммед Абдуллах ибн-Мушрифаддин, Сағди Ширази (1203 – 10 жж.ш., Шираз қаласы – 9.12.1292, сонда) – парсы-тәжік әдебиетінің классигі.

Халқыңның панасы бол қамын ойлап!

Патшасы жұрдай елде ізгіліктен

Қатал заң қапалы елге мұз бүріккен.

Астамшыл, паң кердеңшіл, елірме көз
Ұмытқан зауал барын әмірден без.

Өзіңді өмір бойы асыраған
Жандарды жәбірлесең, - осы жаман!

Жалаладдин Руми (1207-1273)

Сопылықілімінің көрнекті өкілі, парсы ықыны, исі мұсылманға ортақ діни қайраткер, рухани алып Мәулана Жәлаладдин Руми – Құдайға ғашықтығымен, тақуа ғұмыр кешуімен, жалпақ жұртты рухани сусындатуымен әлемге танымал тұлғалардың бірі. Көптеген шет тілдерге аударылған «Мәснәу-и шәриф» пен «Диуани хакмет» еңбектері тұтастай ислам тағылымдарын, рухани тазалық пен имандылықты дәріптеуге арналған. Мавлана Жәлал ад-Дин Мухаммад Руми Мевляна атымен белгілі (30.09.1207, Блах, Хорезмшах мемлекеті – 17.12.1273, Конья, Коние сұлтандығы) – ұстаз, аты әйгілі ақын-суфий. 2007 жылы ЮНЕСКО деңгейінде ұлы ақынның сегіз жүз жылдығы тойланды.

Жеңе біл қиындықты қайратыңмен,
Күздегі жапырақтай қалтырама.

Біреудің сөзін қайталау түсінгендіктің белгісі емес.

Достыққа дұшпандық қылған адам оңбас.

Ақылды адамдармен дос болыңыздар. Ақымақ дос ақылды дұшпаннан да қауіптірек екенін біліңіз.

Кейбір нәрсе қарапайым адамға мыс болып көрінгенімен, қадіріне жететін адам оның алтын екендігін біледі.

Мысалы, он адам бір үйге кіруге талпыныс жасаса, оның тоғызы ғана мақсатына жете алуы мүмкін. Қалған бір адам «тағдыр солай» деп, қол қусырмай, өз кемшіліктерін іздегені жөн.

Ғылымды үйрету үшін алдымен соны түсінетін орта керек. Қанша ақылды сөздер айтылғанымен, ол сөз жетім қалса, одан не пайда?

Ерік, жігерің мен күшің барда еңбек қыл. Сондақазынаға тап боларсың.

Адам баласы тәнінің хайуаннан айырмашылығы жоқ. Тек дене рахатының соңынан қууға ұялыңыз. Жан рахаты қараңғыдағы жарқыраған күн іспетті сізді бақытты етер.

Біреудің қайғысының үстінен бақыт құру мүмкін емес.

Ақылсыз адам қайғысын тілінің кесірінен жиып алады.

Қайғыға тап болсаңыз, пайдасыз балағаттаудың орнына одан шығудың жолын іздеңіз.

Отбасындағы ер мен әйел тең дәрежеде қарым-қатынаста болуы керек.

Қожа Хафиз (1306-1371)

Хафиз Ширази Шамседдин Мохаммед – парсының әйгілі лирик шайыры. Құранды жатқа біліп, Хафиз атанған. Өз заманының ең озық ғылыми жетістіктерін меңгерген. Хафиз ғазалдары парсы әдебиетінің жауһар туындылары қатарына саналады.

Кездескендегі кешегі бір кейістікті еске алма,
Құрғыр қасірет айта берсең таусылуды білмейді.

Махаббат – түпсіз тұңғиық, Тәңірі ғана тірегің,
Қайырымынан қашан да үзілмесін күдерің.

О, асық жар! Өмірімнің кілті жалғыз өзіңде!

Сайф Сарайи (1321-1396)

Ойшыл, көрнекті қыпшақ ақыны. АлтынОрда мемлекетінің астанасы Сарай қаласында туған. Ол Сарай қаласынан шыққанмен, кейін Мысырға барып, өмірінің соңын сонда өткізген.

Табысы жоқтың танысы жоқ.

Қиындық көрмей байлық келмейді.

Адам бір оқтық.

Гүл бағының жыршысы – бұлбұл.

Ағаш біткенді жүкті қылатын – жер.

Еңбегі жоқғалымбасы жоқ ара тәрізді.

Көрем десең табиғаттай зергерді,
Сапар шегіп аралап көр жер-жерді.

Күн шыққанда шамның қажеті шамалы.

Артық ішкен ас зиян.

Адам ішіп-жеу үшін ғана өмір сүрмейді.

Жанжалдың шоғы қызарса, ақылдың суын сеп.

Біліктінің орны төр.

Ақылды көптің көңілінаулар,
Күншіл жоқты даулар.

Ісмер қайда жүрсе де ақша табады.

Білім – ердің дәулеті.

Наданның әдеті: жолдасынан сәл қала бастаса, сыртынан қанжар салуға әзір тұрады.

Надандар білімді адамды көреалмайды.

Жүрек кімді қаласа – сол сұлу.

Дастархан үстінде дұшпан да дос.

Әкім залым болса ел азады.

Тайып бара жатқанға таяныш бол.

Ізгілікпен әділдік өлмейді.

Әдепсіз келінге әдемі киім жараспайды.

Ізгі оймен ашқан есікті қатты жаппа.

Отты сөндіріп, қозасын қалдырма,
Жыланды өлтіріп, баласын қалдырма.

Кек тұтқаннан кешірген жақсы.

Өзіңнен қорқатын адамнан сақтан.

Жай жатқан жыланның құйрығын баспа.

Бейнет көрмегенге зейнет те жоқ.

Жол қиындығын жүрген білер.

Оқтың өзін алып тастағанмен, орны қалады.

Інжудің құнын іздеген біледі.

Артында жақсы аты қалған адам өлмейді.

Жас бұтақ қалауыңа қарай иіледі,
Иір ағаш тезге салмай көнбейді.

Өзі жеп, өзгені де тойдырған бақытты болады.

Бақыттың шалғайынан басып, күшпен ұстап тұруға болмайды.

Тоқ адамға майлы еттің де дәмі білінбейді.

Ақылды орнымен сөйлер де жауабын күтер.

Өтірік сөз – жарақат сияқты, жазылса да орны қалады.

Сүйген адамға жаның жол табады.

Әділ жол мақсатқа жеткізеді.

Нағыз ер болсаң, сол атаққа ие бола біл.

Ақымақ күндіз шам жағады.

Ақымақ адам өз тілін тыя алмайды.

Күншіл күнде күңіренеді

Жарғанат жарықты сүймейді, күншіл ғылымды сүймейді.

Ұятсыз адам иттен де жаман.

Тіленіп күн көрген – қор болып өтеді.

Таза өнердің иесіжомарт келеді.

Ұстаздың абыройы болмаса – шәкірттері оның сақалымен ойнайды.

Сау адам біреудің жарасы ауырып отырғанын білмейді

XV-XVIIIғғ.Әлем ақындарының афоризмдері

Асан Қайғы (1361-1370)

Асан Қайғы атанып кеткен Хасан Сәбитұлы Алтын Орда ханы Ұлұғ-Мұхамедтің ықпалды билерінің бірі. XV ғасырдың 20-жылдарында Ұлұғ-Мұхамед Ордадан қуылғанда Асан өз әміршісімен бірге кетіп, Қазанда билік құрған оның ақылгөй ақындарының қатарында болады.

Ақың болса біреуде, айыбын тап та ала бер: ерегесіп ұрыспа – сенікі жөн болса да, атың шықпас дұрысқа.

Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз іс бастама, жеңемін деп біреуді өтірік сөз қостама.

Арғымаққа міндіп деп артқы топтан адаспа.

Көлдежүрген қоңыр қаз қыр қадірін не білсін,
Қырда жүрген дуадақ су қадірін не білсін,
Көшіп-қонып көрмеген жер қадірін не білсін,
Көшсе, қона білмеген, қонса, көше білмеген,
Айтса ақылға көнбеген, бұрса оңға жүрмеген

Санасы жоқ жамандар ел қадірін не білсін.

Әділдіктің белгісі – біле тұра бұрмаса,
Ақылдының белгісі – өткен істі қумаса.

Шамаңша шалқып жүре бер, қабірге әзір қоймаса,
Артыңда қалар атақ жоқ, тіріде даңқың болмаса.

Арғымағың жамандап, тұлпар қайдан табарсың,
Тұйғыныңды жамандап, сұңқар қайдан табарсың.

Қадірін жеңге білмесе, бой жеткенмен қыз ғаріп,
Замандасы қалмаған қария болар шын ғаріп.

Надандықтың белгісі – тілін алмау біреудің.

Реванди Хорезми

(XIV ғасыр)

Қазақ жерінен шыққан түркі тілдес халықтар ақыны

Аз нәрсеге жоқтықта қанағат қыла білгенің –
Өз еркіңе ие боп, патша боп өмір сүргенің.

Шат болсаң, қайғылыға рақым ет,
Сұлтан болсаң, сорлыға рақмет ет.

Жастық өз уақытын білмейді.

Махаббаттың мың түрлі құпиясы бар,
Жүрек оны жан шыққанша жасырар.

Жаны таза адам сұлулыққа құмар келеді.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати (Аяз)

(XI ғ.)

Көрнекті мемлекет қайраткері, әскериқолбасшы, тарихшы, әдебиетші, ақын. Өмірі негізінен Орта Азия мен Шығыс Түркістан, Тибет

пен Үндістан елдерінде өтті. 1540-1551 жылдары Кашмирдің жеке- дара әміршісі болды.

Мырза Мұхамед Хайдар Орталық Азия халықтарының тарихы, этнографиясы мен географиясы, тілі мен әдебиеті, мәдениеті жайын сөз ететін, «Тарих- и Рашиди» және «Жаһаннаме» атты классикалық шығармалардың авторы.

Ине өзі тіге алмас.

...Кім- кім Жаратушының ризалығын тілесе,
Болар халқының халінен хабардар.

Егер пендесі болса онымен [Жаратушымен],
Оған оның [Алланың] мейрім, жомарттығы көп болады.

Әскердің тәртібін аң көрсетер,
Дұрыс пен бұрысын да аң көрсетер.
Сол үшін аңға шығар патшалар,
Болу үшін әскерінің халінен хабардар.

[Алла] лайым туралыққа қауыштырсын.

Ұлыс жақсы мінезіңнен болсын көңілді,
Қайсыбір бүліктен мемлекетің болсын аман...

Қатыгездік түбі- бақытсыздық...

Әлсіз ел қасіретті болар- өзгеден.

Опасыз ғой бұл дүние, ей дос!

Жақсы шаңырақ, отбасы рахатта болар.

[Қандай бір] дәулеттің мал- мүлкі болмаса,
Қазынасы оның байлыққа толмайды.

Опасыз дүние айналымына сеніп
Етуге болмайды екен жаһаннан үміт.

Әбірахман Жәми (1414-1432)

Абд әр-Рахмен Нұр әд-Дин ибн Ахмед Жәми – парсы ақыны, филолог, философ, музыка зерттеушісі. Әуелі Гераттағы Дилқаш медресесінде, кейін Самарқандтағы Ұлықбек медресесінде білім алған. Самарқандта ғалымдармен тікелей араласып, олардың арасында білімділігімен даңқы шыққан.

Баймын деп сен мақтанып, қапы қалма, ақымақ,
Ол бір жүрген қара бұлт, тұрағы жоқ жапырақ.

Білгеніңді бойыңдағы еліңе үйрет, жалықпа,
Көкірекке тұншықпай ол шықсын еркін жарыққа.

Өркөкірек жерді баспай жүрер жайлы кілеммен,
Маңдай соғып, қапыда ол қалатынын білем мен.

Жаман әдет үйренген өз мінезін жоғалтар.

Қазына да қайғы-мұңсыз қалдырмас.

Басшыларын сыйламаса өз елі
Ыдырап ел, тақтағының өртенеді өзегі.

Әлішер Науаи (1441-1501)

Әлішер Науаи, Әлішер Низамаддин Мир Науаи – түркі-өзбек халқының ұлы ақыны, ойшылы, мемлекет қайраткері. 1441 ж. Ақпан айының тоғызында Герат қаласында туған. Әкесі өлгеннен кейін 12 жасар Әлішер Науаиды Әбілқасым Бабыр өз тәрбиесіне алған. Оның

есімі 15 жасынан түркі және парсы тілдерінде бірдей жазатын ақын ретінде танылды.

Егерсен шын адам болсаң, халқының тағдырына қабырғасы қайыспайтын қалтақбасты адам болма.

Өз халқының қамын жеп,
Қайрат қылмас кісіні,
Атамаңыз адам деп,
Ұқсаса да мүсіні.

Жаланың жыланнан да зәрі уытты,
Зұлымның аждаһадан кәрі мықты.

Саулық тілесек – көп жеме.

Білмегенді сұрап үйренген – ғалым, арланып сұрамаған өзіне залым.

Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына.

Жақсы адам өзінің жыртық тонымен де сыйлы, гүл өзінің жапырағымен сыйлы.

Басыңнан өткеннің бәрін заңдылық деп есепте, түсінде не көрсең де – тек жақсылық күт.

Ғайбат сөзді жүрегіңе жақын алма, әділ бол, қолға түскен жауыңды қорлама. Егер ата жауың қолыңа түссе, кең пейіл бол, оған қайырымдылық көрсетіп, кешіре біл.

Әділетсіз және қайырымсыз адамдардың арасында шешенсіме, жаныңда сөз тасушы немесе жақсылығыңды білмейтін адам тұрса, үндеме.

Дана адам жоғалтқан нәрсесі туралы айтпайды, өтіп кеткен жастық шақты қайтару мүмкін емес.

Ғашықжүрек – жарық шам, ғашық көздер – бұлақ бастауы.

Страус – түйеқұс деп аталғанымен, оған жүк арту мүмкін емес.

Оттың міндеті – жағу, желдің міндеті – ұшыру. Су мұзымен, тамақ тұзымен, адам сөзімен дәмді.

Киім тәнді көрікті етеді, жақсы адамның жанын жақсы іс рақаттандырады.

Дүниеқоңыз байдан кеңпейілділік күтпе, қайыршыдан тиын күтпе.

Сараң адамнан өзгенің мүлкіне құрметпен қарауын күтуге бола ма, ал кеңпейіл адамның басқаға адал болмауы мүмкін бе?

Жасынның жарқылын жинауға, жаңбыр жібінен түйіншек түюге болмайды.

Есуасқа ақыл айту – құйынды тоқтатумен пара-пар.

Қыңыр адам жақсы дос бола алмайды, опасыз адам жақсы жар бола алмайды.

Тіл жанның қалауын айтуы керек. Сөз жүректе піспейінше, сыртқа шығарма, бірақ жүрегіңдегінің бәрін айта берме.

Ішіндегі ойды сыртқа шығармасаң, жүрекке ауыр тиеді, бірақ аңдамай сөйлесең, бәлеге қаласың.

Айтатын жерде айтып қал, бірақ үндемейтін жерде жағыңды ашпа.

Есуас жалған сөйлемейді, бірақ ақылды бүкіл шындықты жайып салмауы керек.

Патшаға неғұрлым жақсы қызмет еткен сайын, адам одан соғұрлым қорқа түседі.

Азға қанағат еткен адам – мұқтаж емес данагөй, азға қанағат ету – бұл таусылмас қазына.

Надан досты досым деме, оның сандырақ сөзімен басыңды ауыртпа. Жөнсіз өскен кей бала әкесінің сақалын жұлып, намаз жасауға кедергі келтіреді. Мас адам данагөйдің аяғын сүйемін деп, жерге құлап, таза адамның етегін кірлетеді.

Білімді жау пайдалы болуы мүмкін, ал надан дос тек зиян келтіреді.

Дүние қума, жарлы болсаң да, жаның бай болсын.

Өз наным-сенімің туралы көрінгенге айтпа, ақшаңды желге шашпа.

Менмен болмауға әдеттен, қарапайымдылықпен жаныңды жылыт.

Бос сөйлеме, пайдалы сөз тыңдаудан қашпа. Аз сөйлеген сирек қателеседі, аз тамақтанған сирек ауруға шалдығады.

Аздап аш болу – даналық кепілі, тоқ болу – ұйқышылдықтың себепкері.

Тоқ болудан қаш, өзің аш бол, бірақ ашқа тамақ бер.

Жақсы киім киіп, кербез болма. Әдемі киінгің келсе, жалаңашты киіндір. Киім әдемі болған сайын, өзгені киіндіруге ұмтыл.

Жомарттық – бұл адамзат бағындағы гүл ағашы, дұрысында, осы ағаштың пайдалы жемісі. Ол – адамзат әлеміндегі толқыған теңіз немесе теңіз түбіндегі асыл меруерттас. Сараң адам- жаңбыр исі аңқыған көктемгі бұлт емес, бұл татардың иіссіз жұпар суындай. Егер ағаш жеміссіз болса – құр отын ғана, ал жаңбырсыз бұлт – бұл тек түтін ғана.

Ысырапшылдық – бұл жомарттық емес, мақтаншақтық. Дүние-мүлкін шашқанды «есалаң» дейді, күндіз шам сөндірмегенді «есуас» дейді. Адамға ел көзінше ақша беру – бұл аярлық, осы үшін өзін жомарт санау – бұл арсыздық. Ел көзінен тасада көмек бермейтін адам жомарт емес, аяр адам. Жомарт адам соңғы үзім нанын ашқа береді, нағыз адам – өзі жемесе де, мұқтаж адамға ең соңғысын береді.

Батылдық пен кісілік – бұл әлемде жоқ ең жақын туыстар, олар – жер бетінде жоқ егіздер. Олар адамдардың опасыздығына көздері жеткеннен кейін ғайыптық әлеміне қашты. Кісілігі бар адам осы бір қымбат қасиетінен айырылғысы келмейді.

Батылдық пен кісілік – ата-ана, ал адалдық пен ұждан – олардың егіз баласы.

Адал жүректе ұждан да бар, біреуі болған жерде екіншісі де бар. Опасыз адамда ұждан болмайды. Екеуі де жоқ адамда сенім де жоқ, сенім жоқ жерде адамгершілік те жоқ.

Адалдық пен ұждан бұл қара ниетті әлемнен алыстап, ғайыптық әлемінде орын тепті. Олар тек бір-бірімен дос, ал залым және ұятсыз адамдар оларды тіпті есіне алмайды.

**Камал-ад-Дин-банай
(1453-1521)
Парсы ақыны.**

Бойына тәкәппарлық лебін кіргізген адам, қолындағы шырағын желге тосқанмен бірдей.

**Шалғиіз Тіленшіұлы
(1465-1560)**

Қазақ жыраулық поэзиясының атасы. 1490 жылдары Ноғайлы әміршісі Темірбидің жыршысы, нөкері болғанымен, онымен үнемі жарастық таба бермеген.

Шешен жігіт жол бастар,
Батыр жігіт қол бастар.

Жаманнан туғанжақсы бар – адам айтса нанғысыз, жақсыдан туған жаман бар – бір аяқ асқа алғысыз.

Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді.

Тұсында болғанмәртті қорлама,
Табылмайды керекте.

Ағайынның ішінде бір жақсысыбар болса,
Қаумалаған көп жаман сол жақсыны көре алмас.

Жүйрікпін деп жалданба,
Жолағарсың арланға.

Еріккенде қызыл тілін тыймаған бір пәлеге жолығар.

Атаның ұлы жақсыға малыңда бер де, басың қос: бір күні болар керегі.

Күле кіріп, күңіреніп шыққан достан сақтасын.

Жаманға сырынды қосып сөз айтпа.

Жаманның жалаңдаған тілі жау.

Бір жақсымен дос болсаң – азбас-тозбасмүлкі етер,

Бір жаманмен дос болсаң – бар ғаламға күлкі етер.

Мың жабыға – бір тұлпар,

Мың үйрекке – бір сұңқар.

Доспамбет жырау (1495-1525)

Донның төменгі ағысын, Азау маңын мекендеген Кіші Орданы билеуші әскери шонжарлар тұқымынан шыққан жауынгер жырау.

Дүниенің басы – сайран, түбі – ойран.

Жара – қатты, жан – тәтті.

Жұпарынқардайборатып аруды құшқан өкінбес.

Кетбұғадай билерден кеңес құрар күн қайда?!

Қоғалы көлдер, қом сулар – қонысқа қонған өкінбес,

Арыстандай екі бұтын алшайтып арғымақмінген өкінбес.

Уильям Шекспир (1564-1616)

Ағылшынның ұлы драматургі, ақыны

Артық тамақ шашты ағартып қинайды,

Ал қанағат ұзақ ғұмыр сыйлайды.

Не жетеді нағыз досқа, асылға,

Қуансаң да, қайғырсаң да қасыңда.

Қиналады – сен қиналсаң болғаны,

Ұйықтамасаң – ұйықтамайы ол дағы.

Пікір күшті болса, іс те күшті болмақ.

Икеміңе қарай еңбек ет.

Шын ынтамен тындырған жұмыс – тәнге шипа.

Кітап маған тақтан да қымбат.

Шынайы махаббат үнсіз келеді, өйткені шын сезім алдымен сөзбен емес, іспен білдіріледі.

Махаббат жаңбырдан соңғы күн нұрындай...

Махаббат қашанда жаңа ашылған гүлдей жайнап тұрады.

Қуанармын деп үміт етудің өзі де бастан кешкен қызығыңнан сәл-пәл ғанакем соғады.

Актер өз дәуірінің шағын шежіресі һәм айнасы.

**Ақтамберді Сарыұлы
(1675-1768)**

Қаратау маңында туған. Жастайынан батырлығымен танылған жырау. Жоңғарға қарсы күрес қаһармандарының бірі. Семейдің Абай ауданындағы Жүрек-жота деген төбе басына жерленген.

Жауыңды аяма, жылағанды уат, жығылғанды тұрғыз.

Әділдікке жан құрбан.

Әкесі сорлы қор болар.

Арудан асқан жар бар ма,
Жылқыдан асқан мал бар ма
Қымыздан асқан дәм бар ма!

Балпаң да балпаң кім баспас – басарға балтыр шыдамас,
Батырмын деп кімшаппас – шабарға жүрек шыдамас.

Мал басы өскен адамның алды – арты буболар,
Көкірегі өскен адамның жүрген жері шу болар.

Кәрі ақсайды ақылдан, ер ақсайды жақыннан.

Татулық деген береке.

Талапты ерге нұр жауар.

Құдық қазсаң көзден қаз – көл суалса суалмас,

Білімдіге бағынса – халық жүдеп – қуармас.

Ата менен анасын күткен жанға Мекке мен Мәдина – үйдің іші.

Бұлаңдап жүрген жігіттің көкейін бірде жоқ тесер.

Жеңіме жамау түскенін, кедейлік, сенен көремін,

Жағама қолдың тигенін, жалғыздық, сенен көремін.

Сары аязда қатпайды қайнардың аққан тұнығы,

Қап түбінде жатпайды болаттың асыл сынығы,

Халқы тозып кем болмас, әділ болса ұлығы.

Мінезді болса алғаның – күнде сонар қызбен тең,

Жаман болса алғаның – астыңнан өткен сызбен тең.

Қайырлы болса бай адам – дария шалқар көлмен тең,

Қайырсыз болса жаман бай – ел қонбаған шөлмен тең.

Бақыт қонған басына – басқалармен тең өсер,

Бақыт қонбаған басына – жақсылардан кем өсер.

Ниоло Буало

(1636-1711)

Француз ақыны

Салиқалы ойлайтын адам салиқалы жеткізе де біледі.

Қожаберген Толыбайұлы

(1663-1763)

Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы «Гүлтөбе-Маманай» деген жерде туған. Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі «Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұлама» дәуірінің әдеби ескерткіші саналатын

«Елім-ай» жырының авторы. Атақты қолбасшы, ержүрек батыр, қара қылды қақ жарған әділ би.

Болашақтан түңілме!

Заман – түлкі, адам – қыран.

Өткен күн, ойлағанмен, қайта оралмас,
Бақ құсы кетсе ұшып, қайта қонбас.

Баба тілі асыл – дүр.

Пенденің бала деген жүрегі ғой,
Аз күндік тірліктегі тірегі ғой.

Үйде де, түзде дағы бір-ақ өлім,
Дұшпаннан алып өлгей елдің кегін!

Қай заман мына заман бағы жаман,
Болар ма баяғыдай тағы заман?!

Ер азса да, ел азбасын.

Ел қорғау – ерге міндет.

Қолдай жүр бір-біріңді қиындықта.

Мұсылмандық үлгісі – тарихат пен ақиқат.

Жігіт деп артық туған соны айтамыз –
Таржерде қайырылысса жан жолдасқа.

Санама біріңді артық, бірің кемге,
Біріңді-бірің сүйре сүрінгенде.

Адамға шыдамдылық ес береді.

Сұм дүние опасы жоқ жалған екен.

Тілдіңде киесі бар.

Баба тілін қастерлеу – азамат ерге парыз іс.

Ер азбай, ел азса – айдын көліңнің суалғаны,

Ел азбай, ер азса – жапырағыңның қуарғаны.

Кеудеңде шыбын жаның болса егер,
Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын.

Сүйей жүр әлсіздерді әлі барың,
Тізе қос, етек жиып ес барында!

Алла өзі алсын бізді панасына,
Дұшпанның қол жеткізсін жағасына.
Майданда ерлеріме қуат беріп,
Көрші елдің қалдырмасын табасына.

Алаштың алты ұлының бірі- қазақ,
Жұрт еді қайырымды салты ғажап.
Тілеймін жалбарынып жаратқаннан
Халқымды еткізбе деп жауға мазақ.

Жастардың басын қосып, елді қорға!

Қамал бұзар ортадан біреу шықса,
Сол ердің сөзін тыңдап, мыңға бала.

Белгісі мұсылманшылық сол болады,
Тірлікте бір- біріне жәрдем бермек.

Жігіттер, алды- артыңды ерте ойла,
Тірлікте күн түспесін надан- насқа.

Тірлікпен әлі-ақ бір күн қоштасарсың,
Ұрпаққа үлгі етіп кет ата салтын.

Бұқар Қалқаманұлы (1668-1781)

Ұлы жырау, ойшыл. Баянауыл маңында туып-өскен. Хан билігіне араласып, алымды да жалынды, ойлы жырларымен ел мүддесін қорғаған. Қабірі Далба тауының етегінде.

Өлең – сөздің данасы, шындықтың анасы.

Қалмаса қайнар азайып, аққан дария суалмас.

Жалғызға зорлық қылмаңыз, жағасынан алмаңыз.

Арғымағын жоғалтып, тай жүгірткен заман-ай.

Сыпайы сырын білдірмес.

Өтірікті шын қылған – ол адамның қызыл көзді пәлесі.

Екі жақсы қас болмас, екі жаман дос болмас.

Қарттарыңды сыйлай біл: күндердің күні болғанда кімдердің белі бүгілмес.

Ажал жетпей жан шықпас.

Қара көзден нұр тайса, қарға адым жер мұң болар.

Айтқан сөзде тұрмаған –

Жаман емей немене?!

Кісі ақысын көп жеген –

Арам емей немене?!

Сыртыңдағы құлағың –

Амал емей немене?!

Сусағанда берген су –

Шекер емей немене?!

Ынжық ерге біткен мал –

Бекер емей немене?!

Асқар таудың өлгені – басын мұнар шалғаны,

Көктегі бұлттың өлгені – аса алмай таудан қалғаны.

Ай мен күннің өлгені – еңкейіп барып батқаны,

Айдын шалқар өлгені – мұз болып тастай қатқаны.

Қара жердің өлгені – қар астында қалғаны,

Өлмегенде не өлмейді – ғалымның хаты өлмейді.

Әлемді түгел көрсе де, алтын үйге кірсе де,

Ай нұрын ұстап мінсе де, қызыққа тоймас адамзат.

Әлемді түгел білсе де, қызығын қолмен бөлсе де,

Қызықты күн қырындап, қисынсыз үйге түссе де,

Өмірге тоймас адамзат!

Жақындап ажал тұрса да, жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңіл қарайып, қарауытып көзі тұрса да –
Үмітін жоймас адамзат.

Ер жігіттің қадірін – ағайын білмес, жат білер.

Келіншекке жарасар емшектегі баласы.

Тоқсан бес деген торы екен, дүйім жанның қоры екен,
Қарайын десең, екі жағың ор екен,
Найза бойы жар екен, түсіп кетсең түбіне,
Түбі жоқ терең көл екен, ел қонбайтын шөл екен –
Келмейтұғын неме екен!

Тоқсандағы қарт бабаң топқа жаяу бармағай.

Қызда қылық болмаса, құр шырайдан не пайда.

Ежелгі дұшпан ел болмас, етектен кескен жең болмас.

Іштен қыңыр туғанды тезге салсаң түзелмес.

Ежелгі дұшпан ел болмас, көңілінде кір, даты бар.

Абысынның аразы ағайын сәнін кетірер,
Ағайынның аразы елдің сәнін кетірер.

Жар басына қонбаңыз – дауыл соқса үй кетер,
Жатқа тізгін бермеңіз – жаламенен бас кетер.

Аталыдан би қойсаң – адаспас жол мен жорадан,
Атасыздан би қойсаң – босамас аузы парадан.

Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз, жат жанынан түңілсін: айнала
алмай ат өлсін, айыра алмай жат өлсін.

Александр Поп
(1668-1744)

Ағылшын ақыны.

Біздің көзқарастарымыз өз сағаттарымыз сияқты: әр түрлі уақытты
көрсетеді, бірақ әр кім өзінікіне сенеді.

Қателесу– адамға, кешіру– Аллаға тән іс.

Ызаға булығы – өзгенің қатесіне бола күйіп-пісу.

Үмбетей Тілеуұлы (1706-1778)

Ойшыл, жырау. Ерейментаудан. Әкесі білімдар, шежіреші, күйші болған. Үмбетей Абылай хан тұсында ел қамын ойлаған ірі өнер иесі.

Сырт тазасы не керек, тазарт әуел ішінді.

Кісіні көрсең, есікке жүгіре шық, кешікпе,
Қарсы алмасаң мейманды, кесір болар нәсіпке.

Кей сорлының қатыны күндіз ауру, түнде сау.

Ұл он беске келгенше қолыңдағы қобызың,
Ұл он бестен асқан соң, тіл алмаса, доңызың.

Елге лайық ер болар.

Үйіндегі ұлың жаман болса – есіктегі құлмен тең,
Қойныңдағы қатының жаман болса – қаңтардағы мұзбен тең.

Панасыз таудың несі тау.

Кетеген болса – түйең жау, тебеген болса – биең жау,
Ұрысқақ болса – ұлың жау, тырысқақ болса – келінің жау.

Жылға, сай батпақ болса, өте алмассың,
Жастан шыққан жүйрікке жете алмассың.

Мейманға отың басы болса суық,
Еліңе жақсы жігіт атанбассың.

Бай болмаған бай болса – жайламаған сай қоймас,
Хан болмағанхан болса – жалмамаған тай қоймас.

Баласын мақтар қоштаған, әйелін жақтар қостаған,
Алыстағы дұшпаннан, аңдып жүрген дос жаман.

**Михаил Васильевич Ломоносов
(1711-1765)**

Орыс халқының ұлы ғалымы, ақын, суретші, тарихшы.

Ғылым халыққа пайдасын тигізсе ғана қызықты.

Ғылым – жастар азығы.

Толассыз еңбек тосқауылды бұзып өтеді.

Өзі азғын өзгені де азғын көрер.

**Томас Грей
(1716-1771)
Ағылшын ақыны.**

Бәрі:ұрпақ, ұрпақ дейді... олар біз үшін не істепті сонша?

**Шал (Тілеуке) Құлекеұлы
(1748-1819)**

Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Әкесі – Абылайханның белді батырларының бірі: 1755-1760 жылдар шамасында Құлекебатырдың аулы батысқа қарай көшіп, Есіл өзенінің бойына қоныс аударып сонда бір жолатұрақтап қалады. Ақынның есбілгеннен кейінгі ғұмыры осы төңіректе өтеді.

Дүние – ұшып өткен құс, жақсылық – көрген түс.

Аққа құлпы жоқ.

Қалған көңіл – қатқан мұз

Алдау мен өтірік – сұмның ісі.

Жақсыны – алыс, жаманды жақын көрме.

Пайдаңды жақсы болсаң көпке тигіз.

Жақсыдан сыр жасырма.

Екі арыстан қосылса дәуді өлтірер,
Ажал келсе ауру түгіл сауды өлтірер.
Қаныпезер бұзақы жігіт болса,
Тыныш жатқан еліне дау келтірер.

Жаманның бір белгісі – жиын-тойға барғанда тамағына өкпе етер.

Өзіл арты – зіл.

Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі бөрі.

Елу – ердің жасы,
Жетпіс – оттың басы,
Сексен шоқтың қасы.

Дүние – шолақ, жан – қонақ.

Өзі – жас, құлағы кәрі.

Еліне жақсы жігіттіңалыста даңқы зор болар.

Жаман өзін зорға балар.

Жастық өтер, кәрілік жетер.

Пәлеге – сабыр, қазаға – тәубе.

Ашу – дұшпан, нәпсі – жау.

Жақсының жүрген жері той.

Бардан жарлы болғандар болар арлы.

Жер түрлі желкілдеген бозыменен,
Қой түрлі баурындағы қозыменен.

Ер азса, ел азар.

Мың теңгелік қайғыдан бір теңгелік пайда жоқ.

Әйел алсаң, қарап ал ақылдысын,
Сол болар басқалардан жақын кісің.

Ағайынға, туысқа, қайырылса,
Дүниеде нағыз сол ғой мақұл кісің.
Ерге – аю, балаға – қасқыр болса,
Ондай қатын алғанның күні құрсын.

Иоганн Вольфганг Гете
(1749-1832)

Неміс ақыны, ағартушы, ғалым.

Білу ғана аз, сол білгеніңді істе қолдана білу керек.

Адамның шын мәніндегі нағыз артықшылығы ғылымда.

Денсаулық алтыннан да қымбат

Бақыт барын салып еңбектенгенге бұйырады.

Өзі үшін әрекеттенген азап шегеді.

Өзгелер үшін еңбек еткен адам олардың қуанышына да ортақтасады.

Жастық шақтардан гөрі жас ұлғайғанда көп еңбек тындыру керек.

Қам – қатерсіз өмір сүру- мезгілсіз қартаю.

Адам өмірінің биік шыңы – жастық.

Қызықшал дырду өмір – күні бұрын жеткен кәрілік.

Сәулет – үнсіз музыка.

Ғашықтық қуаныш –
Жастықтың сыйы бар.
Жылғыз сен жұбаныш,
Пірімсің сыйынар.

Жас кезіңізде жаңсақ қадамыңыз болады, бірақ сол жаңсақтықтарды күніміз еңкейгенше сүйретудің орайы жоқ-ақ.

Өркімде сенген ісін орындауға жетерлік күшті қайрат болады.

Ешқашан жаңылмайтын адамдар бар, өйткені олардың ешнәрсе істеуге мойны жар бермейді

Қолынан келетін істі істемейтін бақытсыз жазған өзі түсінбейтін нәрсеге жабысады.

Өзіңнің борышыңды орындап кетсең болды, өзіңді тани кетесің.

Игі өнеге қиын ерлік жасауды жеңілдете түседі.

Залымдар қанауда халықты сансыз,
Бетінде қаны жоқ, кілең имансыз.

Болғысы келген түк емес, бола білгенді айт.

Кім жомарт болса соны алдау да жеңіл.

Ақиқаттангөрі ақиқатты іздеп табу жеңіл.

Тәңірінің өзі нетер еді
Болмаса керек жарағы.

Табиғаттың даму жолында аялдама деген болмайды, сондықтан да ол кез келген әрекетсіздікті қатты жазалайды.

Көпшіліктен өткен қыңыр жоқ.

**Уильям Блейк
(1757-1827)**

Ағылшынның ұлы ақыны, суретші.

Мәңгілік– уақыт туындысына ғашық.

Ел бұзылса, құрады шайтан өрнек,
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.

Жеткілікті білгің келсе, жеткіліктімен шектелме.

Қарғыс есінді жиғызады, бата босаңсытып жібереді.

Ақиқатты түсіндіріп болмайды, оны иланатындай қылып айту керек.

Иоганн Фридрих Шиллер
(1759-1805)
Неміс ақыны, өнер теоретигі.

Бармағыңнан бал тамған шебер болғың келсе, бармақтайыңнан машықтан.

Жан түршігерлік зұлымдық – жамандық атаулының ұясы.

Ғұмыр бойы бақытты болғың келсе – адал адам бол.

Жақсы актер үшін нашар рөл болмайды.

Өзің сенгенді өзгеге сендіру қиын емес.

Жарық дүниеде туған Отаныңнан сүйкімді не бар.

Әлем– Алланың ойы.

Тыйым салынбаса, онда рұқсат етілгені.

Сэмюэл Роджерс
(1763-1855)
Ағылшын ақыны.

Жаңа кітап шыққан кезде мен ескісін оқимын.

Ол шай ішу мәзірін дау-дамаймен демдеп отырады.

Иван Андреевич Крылов
(1769-1778)
Орыс ақыны.

Екі жүзді есалаң жауыңнан да қауіпті.

Күшті болу жақсы,
Ақылды болу екі есе жақсы.

Жанақ Сағындықұлы (1770-1856)

Жыршы, айтыс ақыны. Абыралы өңірінде туып өскен. «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырының ең таңдаулы нұсқаларының бірін ел арасына таратушы.

Ер туса – елге тыныс.

Арам тамақтан адал ас өтпейді.

Ат – биеден, алып анадан.

Тоқты менен ешкінің қаны бірдей,
Жақсы менен жаманның жаны бірдей.

Халық- қазына, хан – қақпа, батыр – қорған.

Қайғы – теңіз, көз жасы – сел.

Ауруды қуантпайды алтын төсек.

Бақыты зордың бақталасы да мол.

Ер – аттан мұқалады, ат – тағадан,
Ел – ағадан азады, тон – жағадан.

Хан сыртынан жұдырық.

Халық – дария, хан – балық.

Қарашасынқарақтамағанханоңбас.

Аттың сыны: ескек желіс, емен бел.

Хан – астың дәмі болғанда, ханым – тұзы.

Абыл Өтембетұлы (1777-1864)

Ақын-жыршы, Маңғыстаудан. Атақты«Ноғайлының қырық батыры» дастанын жырлаған. Абыл қарақалпақтар мен түркімендерге детанымал ақын болған.

Ер жолынан адасса, тең құрбының ішінде қасқая күліп жүре алмас.

Жігіттік – өнер.

Жаман қашар жау көрсе.

Жалқаулықтан кісі өлмейді,
Кісі өлмегенмен, ісі өнбейді.

Жаманның жетегіне ерме.

Айдын да айдын, айдын көл – асарлап төксең суалмас,
Қабырғасы қатқан кәрі боз – қажыған күні су алмас.

Жаман жолдас – кісенің.

Нар жолында жүк қалмас.

Сұңқардан қыран құс болмас, соқтасы қайтпай аң алмас.

Қаймығу білмес қайран ер – ажалға өзі барып соғылар.

Дүниеде дерттікісі ойнап-күлмес,
Ел білер қадіріңді, сұлтан білмес.

Жетпейді соңғы жолдас әуелгіге.

Толған ел – толықсыған көл.

Хан тілін халқыалғанмен, әйелі алмас.

**Томас Лов Пикок
(1785-1866)**

Ағылшын ақыны.

Екі жағдайда ғана ішуге болады: шөліңді қандыру үшін және оның алдын алу үшін.

**Джордж Ноэл Гордон Байрон
(1788-1824)**

Ағылшын ақыны.

Көне хаттарды оқу жағымды болатыны - оларға жауап қайтарудың қажеті жоқ.

Кім көп білсе, сол көбірек қайғырады. Ғылым бәйтерегі дегеніміз өмір шынары емес пе?

Болашақты өткен күндерден артық ешнәрсе болжай алмайды.

**Кондратий Федорович Рылеев
(1795-1826)**

Аса көрнекті орыс ақыны

Шаттанбай, шалқымай жүргенім
Ауыр-ақ азамат пішінмен.
Қиыны шындықты білгенім,
Шығармай тынғаным ішімнен.

Азапқа батса Отаным-

Махаббат менің не теңім.
Жүрегім толы қапа, мұң,
Азаттық- аңсап өтерім!

Генрих Гейне
(1797-1856)
Немістің ұлы ақыны

Ғылым үшін барлығы да маңызды.

Сырын мен білетін бірден- бір сұлулық- денсаулық.

Кітапқа да құрсақтағы бала сияқты мерзімді уақыт керек, санаулы апта бойында атүсті жазыла салған кітап атаулы авторға қарсы сенімсіздік тудырабереді.

Той шеруінің музыкасы менің есіме ұрыс алдындағы әскери маршты түсіреді.

А. С.Пушкин
(1799-1837)

Орыс халқының ұлы ақыны, жаңа орыс әдебиетінің негізін салушы.

Ұлы адамдардың ойларына бой ұру – өте бір қызғылықты ғылым.

Ішкілікке салынған адамнан қайыр жоқ.

Жалғыз махаббатқа
Жетпейді әннің өресі.
Махаббаттың өзі ғой.
Әннің асыл төресі.

Махаббаттың мазаққа бергісіз машақаты туралы да айту керек.

Кітап оқу – міне, үйренудің ең жақсы түрі.

Жастық – жаһандағы ұлы тылсым.

Шын суреткер үшін өмір бар жерде поэзия бар.

Ата-бабасын сыйламау – азғындықтың айқын белгісі.

Грамматика тілге сырттан заң шығармайды, тілдің дәстүрін түсіндіріп, орнықтырады.

Өткен нәрсе сүйіктіге айналар.

Дарын мен пайда үйлеспейтін нәрселер.

Біреулер өзгелерді нөлге, өзін бірге санайды.

Су бергің келмесе, тұздалған балықта бермегейсің.

Ақыр болса, шошқа табылады.

**Мақтымқұлы
(XVIII ғ.)**

Түркіменнің классик ақыны.

Зердесінде бары болса жігіттің,
Қалмас жатып, сыртқа шығар ол екпін.

Қабак шытпа шөл жерде,
Жатқа сырын білдірме.
Жігіт шағыңкелгенде,
Тісің болса шайна тас.

Еңбек етсең арта бермек мәртебең,
Аймағында асатын жан жоқ сенен.

Батыр болса, бола білсін қайырлы,
Кеудесі кең, ақыл-ойға пайымды.

Адамның шын арқа сүйері – өзі өмірі мен жанды байланысты
болатын әрі сол жанның өзімен бірге өсетін мұраттары.

Қолын кессең бір сөз айтпас шын қаһарман ер жігіттер.

**Дулат Бабатайұлы
(1802-1871)**

Ойшыл, ақын. Аягөз өңірінде туған. 1880 жылы «Өсиетнама» деген жинағы Қазанда басылып шыққан. Ақын өлеңдерін ел аузынан жинап, сақтаушы – халық ақыны Шәкір Әбенев. Өлеңдерінде саяси-әлеуметтік тақырыптар терең де жан-жақты көрініс тапқан. Елдік мұраттарды жаны езіле отырып жырға қосқан.

Ақылы жоқ адамға өтірік сөзің шын болар.

Орнын білмес жаманға есік те болса төрмен тең,
Жақсының жары сұм болса, қазып қойған көрмен тең.

Ата-ананың ақылы – қазулы қара жолмен тең.

Кей жаманның тілі бар – ащылығы умен тең.

Бір үйде өскен балалар бірлік қылса азар ма?!

Екі жаман кез болса құтырған иттей таласар.

Жамандар сөйлей білмейді, жөніне тыныш жүрмейді.

Жақсылардың ақылы гауһар шырақ шаммен тең,
Жақсының көрген жарығы анық атқан таңмен тең.

Баяны жоқ дүниені бір күндік демей не дейміз.

Уәдесінде тұрмаса жақсыға өлім сол болар.

Сыйласпаған ағайын жатыңменен пара-пар.

Парақор болған төрелер -қуаңнан шыққан жұтпен тең,
Шежіре қуған адамның көкірегі сызған хатпен тең.

**Ральф Уолдо Эмерсон
(1803-1882)**

Америка ақыны.

Тарих деген далбаса, өмірбаян болмаса.

Махамбет Өтемісұлы

(1804-1846)

Ұлы ақын, батыр. Ұлт-азаттық қозғалысының жалынды жаршысы. Исатай Таймановтың сенімді серігі. Орал облысының Бөкей ордасы ауданындағы Бекетай құмында туған.

Бір сынаған жаманды
Екіншілей сынама...
Ермін деген жігітті
Кеңшілікте сынама.

Қарайғанның, жігіттер,
Бәрін кісі демеңдер.
Көпе күндіз сайрандап,
Түзге шықпас ерлер бар.

Еменнің түбі – сары бал,
Еріскен көңіл – бәрі бал.

Таудай болған таланттың назары қайтқан күн болар.

Көшпелі дәулет кімде жоқ – бірде бар да, бірде жоқ.

Ат – жігіттің майданы.

Аз сөйлер де, көп тыңдар хас асылдыңбаласы.

Азамат, сені сақтадым бір күніме керек деп.

Жаманменен дос болсаң – сыртыңнан жүрер өсектеп.

Қылыш – жанның дәрмені, өлім – хақтың пәрмені.

Кәрісі кімнің жоқ болса, жасы болар дуана.

Қарада да қара бар – хан ұлына бергісіз!

Жауда қалса жолдасы, мақтанадынесіне ер?!

Арғымақтың баласы аз оттар да, көп жусар,
Асыл ердің баласы аз ұйықтар да, көп жортар.

Батыр болмақ – ойдан-ды.

Халық қозғалса, хан тағында тұра алмас.

Құс ілген құдың ұятта ісі болмайды.

Ханнан қырық туғанша, қарадан біреу тусайшы, атаның кегін қусайшы!

Асылдан болат ұл туса, жауырынынан өтін алса да, жамандарға жалынбас.

Туғанұлдан не пайда, қолына найза алмаса, атаның жолын қумаса.

Алаштың байлығынан не пайда, қайырыоның болмаса.

Ер дұшпаны көп болар.

Көл – дария болып шалқымас.

Келмейтұғын нәрсеге жаныңды қинап жылама.

Қарағайға қарсы бұтақ біткенше, еменге иір бұтақ бітсейші – қыранға тұғыр қыларға.

Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығарға,
Хас үлектен туғанкөтәпті
Қара нар керек бұл іске!

**Генри Уодсуорт Лонгфелло
(1807-1882)**

Америка ақыны.

Батылдығың жетсе-бостандық өзі келеді.

Музыка- адамзаттың әмбебап тілі.

**Тарас Шевченко
(1814-1861)**

Украинаның ұлы ақыны, суретші, ойшыл.

Үзіндер бұғау темірді!
Жау қанымен суғарып,
Көгертіндер өмірді!

Құшағын жылы жаятын
Шын сүйіп қарсы алатын
Бұл дүниеде, шырақтар,
Анадан өзге бар ма адам?

Ұлдарым, қыран құстарым,
Украинаға ұшыңдар.
Жат жерде көрер қайғыны
Туған елде құшыңдар!

Бай қызға сен үйленбе,
Айрыласың ырқыңнан.
Жарлы қызға үйленбе,
Айрыласың ұйқыңнан.

Ұйықтап өтсең өмірінде,
Ұйқың ешбір қанбаса,
Тірілігің не, өлгенің не
Еш дерегің қалмаса.

**Шернияз Жарылғасұлы
(1817-1881)**

Ақын. Исатай Тайманов басқарған көтеріліс жыршысы. Жырлары
өткірлігімен дараланады.

Сұлу қызға бой керек, ақындарға той керек.

Ханның көркі-ел.

Жұрт теңгеріп тұруға әділ төре- хан керек.

Көмексіз болса ер жігіт, жалғыз теңдік таба алмас.

Жалғыздың ісі оңалмас, көптің ісі жоғалмас.

Асыл сойдың баласы тартысқан жерде сөз табар,
Азып туған жаманды түйе үстінде ит қабар.

Ай- ортақ, қайырлы болса- бай ортақ.

Ағайынның ішінде бір жақсысы бар болса-
Түртпектеп оны көре алмас.
Басқа қиын іс түссе- ел қыдырып таба алмас.

Жақсы болса іні- ортақ.

**Жерар де Нерваль
(1808-1855)**

Француз ақыны.

Әйелдің өз күйеуіне көңілі түсетінін теріске шығармаймын, ол да еркек қой.

**Альфред де Мюссе
(1810-1857)**

Француз ақыны

Менің тостағаным тым үлкен емес. Бірақ мен өзімдікімен ішем.

Әйел меселіңізді қайтарғысы келсе «жоқ» дейді. Ал әйел түсіндіре бастасаңкөндіруіңді қалайды.

**Михаил Юрьевич Лермонтов
(1814-1841)**

Орыстың ұлы ақыны.

Махаббат тілі – ұлы тіл.

Сабырлылық бойда жасырын жатқан қуаттың белгісі, сезімнің, ойлаудың толық және терең болуы ұстамсыз қылықтарды болдырмайды.

Еркі күшті адам алдына қойған мақсатына жете біледі және істі тындырып аяқтайды.

Күрессіз – өмір көңілсіз.

Алуан түрлі сан мен есептеуді (...) өз тілінің парқын білетін жазушы да, оқушы да бажайлай алады. Демек, орыс тілінің табиғатын тану үшін төл заңдылығын анықтау керек. Сырттан келген заңдылықты зорлап тануға болмайды.

Жамандық жақсылыққа қарар салқын.

Надандар былшылдайды, құп алмайды,
Үлкен жанның қиялын ұға алмайды.
Теңізден таудай толқын соқса- дағы
Жағадағы жартасты жыға алмайды.

Тіл өнері дертпен тең.

Өзі алданып, өзгеден соққы жеген,
Және өзі біреуді алдай алмас.

Өзі сүйіп, өзгеден сүю іздеп-
Таппаған сорлы адамнан сөнер шырақ.

Мәделі (Мәделіқожа) Жүсіпқожаұлы (1816- 1888)

Қазақтың көрнекті ақындарының бірі. Қоқан және Хиуа хандықтары мен Ресей патшалығының отаршылдық әрекеттеріне қарсы қол бастаған ержүрек батыр. Сырдария өзенінің бойында Қосжарсуатта (Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданындағы Қожатоғай) ауылында дүниеге келген.

Есті кісі есермен ойнамайды,
Бойы қысқа тереңге бойламайды.

Тастама жұртқа шала көшерінде.

От салма өзді-өзіңнің қамысыңа.

Жылқы малы тебіспейді өсерінде.

Ұл туса ата безер өзім деме,
Жақсыны жат, жаманды көзім деме.

Филип Бейли
(1816-1902)
Ағылшын ақыны.

Өнер - адам табиғаты , табиғат - Құдай өнері.

Мұхаммед-Қанафия Баһрамұлы (Сегіз Сері)
(1818-1854)

Ақын- жыршы, әнші-компазитор.

Жұқпайды жаққан күйе ісі аққа.

Жолдан адассаң-үйге қайтарсың,
Сөзден адассаң- неңді айтарсың?!

Білмегеніңді кісіден сұра, үлкен білмесе, кішіден сұра.

Бір сынаған жаманды екі қайта сынама.

Алғашында, дүние, айдын шалқар көл дейсің.
Өтеріңде, дүние, ұйтқып соққан желдейсің.

Ашылар жүрек құлпы сыр шерткен соң.

Жаманға оқ өтсе де, сөз өтпейді.

Жақсымен дос бол- қадіріңді біледі,
Жарыңмен дос бол- шаңырағыңа береке кіреді.

Ойлап тұрсам, дүние, бұлт жамылған биіксің.
Жеткізбейтін, дүние, қырда ойнаған киіксің.

Тозған ескі қайықтан, жасалған жаңа сал артық,
Көргенсіз өскен жігіттен, көгенде өскен мал арттық.

Иілгіш тал болғаннан, сынған артық,
Басына пәле келсе тынғаны артық.
Мінгенше жамандармен алтын таққа,
Жақсымен бірге түскен зындан артық.

От алмаған мылтықтан ағаш артық,
Танымайтын туыстан алаш артық.

Жолдас болма масылға, жұғыса біл асылға.

Бұзба таза қалпыңды, риза қыл халқыңды.

Шын жақсыда кек болмас.

Бал-шекерден не пайда, жүрекке тиіп, жақпаса.
Үлгілі сөзден не пайда, ұқтырар құлақ таппаса.

Хас жүйріктен не пайда, тұлпардай тулап шаппаса.
Хас шешеннен не пайда, халқына кеңес айтпаса.

Батыр жігіт сол болар-жаудан қорқып қашпаса.
Нағыз жақсы солболар- игі іске елін бастаса.

Қаһарман жігіт сол болар,
Қамалдан тізгін тартпаса.
Мерейлі жігіт сол болар,
Міндетін елге артпаса.

Тегі жақсының белгісі- туысы үшін қамығу.
Тасбауырдың белгісі- ағайынмен жауығу.

Сабырсыз кісі сол болар- істің артын тоспаса.

Әзәзіл сайтан сол болар- елдің басын қоспаса.

Қазанатқа жал пайда, күнкөріске мал пайда.

Ержүрек есіл ерлерге- ел қорғаған сол пайда!

Қызуың шыдатпайды-ау, қайран жастық!

Өлген соң арыстаннан тышқан артық,

Арам достан аңқылдақ дұшпан артық.

Қолына кей жаманның түссе алтын,

Бағасын қоя алмайды мыстан артық.

Ай жарығы таң болмас, шаққан шақпақ шам болмас.

Таңдап сүймей жар болмас, жоқ жасанып бар болмас.

Рамон де Кампоамор

(1817-1901)

Испандық ақын.

Өлместей болып қалғың келсе өміріңді сарп ет.

Шортанбай Қанайұлы

(1818-1881)

Ақын. Қазақ әдебиетіндегі «Зар заман» деп аталатын кезеңнің ірі өкілдерінің бірі. Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Түркістан ауданының Қаратау бойында туып, Арқадағы Қарқаралы өңірін жайлаған елде қайтыс болған.

Жалқаулық пен жалғыздық- жалғанның жаман тарлығы,

Түнде тәтті ұйқы жоқ- қайғының асқан жарлығы.

Көп ішінде аз болсаң- әрнеме түсер ойыңа.

Көп ішінде жоқ болсаң- мін тағылар мойныңа.

Ауыл малы бұралқы ақылы жоқ жаманға.

Қайын болмас қабанда, тойым болмас жаманда.

Жолдас болсаң жақсымен-жолың жетер Қырымға,
Топқа кірсең, әркіммен-таласарсың орынға.

Ісің түссе жаманға, қолы кетпес жағаңнан.

Парақорлар қызығар бір қалаштық тиынға.

Қайыры жоқ ас сақтап, дәмді харам шайнама.

Сабыр қылсаң жетерсің, құдайдың болса берері.

Әділ деп соны айтыңыз, тураны қисық бұрмас.

Жақсыны жаман көре алмас.

Дүние- малын сүйгендер мінбей, кимей кетеді.

Байлықтың алды- иман.

Ақыл дария білгенге.

Жақсымен қастаспағайсың, жаманмен достаспағайсың.

Өзі қылған өкінбес.

**Николай Алексеевич Некрасов
(1821-1877)**

Орыстың атақты ақыны, демократ.

Отанның намысы үшін оттан қашпа, шын сүйсең, мақсатыңнан қия
баспа.

Тайсалма, бар Отанның құрбаны бол, өлімің орынсыз боп кетпес
босқа.

Ерекше туған бір жұлдыз
Ағып та бара жатып-ақ
Түсірер соңғы сәулесін!

Теодор деБанвиль

(1823-1891)
Француз ақыны.

Ештеме істемейтін адам ешқашан қателеспейді.

Сүйінбай Аронұлы
(1827-1896)

Арқалы суырыпсалма ақын, жыршы. Алматы облысының Жамбыл ауданында туған.

Дүниеде қандай жақсы болсаң да, тіленсең, қадірің кетер.

Ақымақ жігіт белгісі- аз күнгі баққа алқынар.

Жаман жігіт белгісі- алғаны мен бергенін сырттан жүріп санайды.

Жаман жолдас белгісі- көкқұтандай кекиіп шекесінен қарайды.

Жақсы болса жұбайың, қабағыңа қарайды.

Ер-жігіт ел-жұртының панасындай,
Жақсы әйел әммә жұрттың анасындай.
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,
Көреді бәрін де өз баласындай.

Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады.

Жақсының сөзін әркім пайдаланар,
Миуалы алма- өріктің ағашындай.

Жаманның көкірегі- көр, көзі- соқыр.

Әркім құмар жақсымен таласуға.

Кетпендер өне бойы дүние қуып.

Біз- қайық, бұл дүние- түпсіз теңіз.

Бұл фәни ұзақ болса жүз жыл болар,
Байқасаң тоқтауы жоқ бұл бір сонар.
Сонаршы кешке дейін түлкі қуған,
Күн батып, шаршаған соң, ақыр қонар.

Қолдағыға қанағат-шүкір қылмасаң,
Болады бар да- арманда, жоқ та- арманда.

Бұл дүние біз үшін бір ақсақ елік,
Барады кейде аяңдап, кейде желіп.
Артынан қуып жүрген біз бір мерген,
Қаламыз кейде адасып, кейде көріп.

Дүние әлі-ақ өтер қимағанмен,
Сыйласқан өз басыңды сыйлағанмен.
Жалғанның ақырында баяны жоқ,
Қазына қызыл-жасыл жинағанмен.

**Шандор Петефи
(1823-1849)**

Мажарстан (Венгер) ақыны

Екіжүзділік – қиын кәсіп емес, кез келген
теріс пиғылды адам оған оңтайлы

**Бердақ (Бердімұрат) Қарғабаев
(1827-1900)**

Қарақалпақ ақыны. Қарақалпақстанның қазіргі Мойнақ ауданында,
Әмударияның Арал теңізіне құяр жерінде дүниеге келген.

Жұмыс істе туылған соң ел үшін,
Жанды аяма еліңдегі ер үшін...

Жақсы киім бойға жарасады,
Жақсы жолдас ойға жарасады.

Халқы менен ақынын бір балай біл,
Шыбын жаннан жұрты оған көп артық!

Қызметіңмен жетерсің сен мұратқа,
Қолдан келсе, қайырымдыны қуатта!

Ойлы жігіт құмар келер білімге,
Сөздері де қона кетер көңілге.

Ақылсыздың айла-амалы тілінде.

Адам болса болсын сабыр-тағатты,
Дұшпанды пәс, досын етсін қанатты,
Үйін емес, жайнатсын бар алапты
Қызмет етіп ата-ана мен халқы үшін.

Жақсылардың үйіне адам көп келер,
Жамандардың көзі затты жеп келер –
Жалған сөйлеп «Аға, көке», - деп келер.

Адамзаттың бәрі бірдей болмайды,
Бір гүл солса, екінші гүл солмайды.
Жақсы жандар әдепсіздік қылмайды.

Ер жігітке намыс керек, ар керек,
Сұңғақ бойлы, ақыл-ойлы жар керек,
Алыс жолға шықса шыдар нар керек.

Мәрт азамат ел ісі үшін асығар.

Ер жігіттің жұртқа жәрдем-мұраты.

Жаман адам жұртты өзінен кем көрер,
Бірақ оның осалдығын ел көрер.

Дүниеде бар бақытың ашылса,
Дұшпандарың аяғыңа бас ұрса,
Қол көтеріп айла-амалы таусылса,
Бос қоқаңнан ізет еткен көп артық.

Шапшаң жүріп, жедел қызмет етпесең,
Күн көрмегің қиын мұндай заманда.
Ойлап, толғап мақсатыңа жетпесең,
Көн көрмегің қиын мұндай заманда.

Ата жаудан алма қарыз-аманат,
Ақырында арқаларсың жаманат.

Эмили Дикинсон
(1830-1886)

Американдық ақын

Махаббатта бәрі бар. Ол туралы бар білетініміз де осы ғана.

Жозеф Ру
(1834-1905)
Француз ақыны

Тәжірибе дегенің даналықтан гөрі жоғалтып алғанелеске көбірек келеді.

Біржан сал Қожағұлұлы
(1834-1897)

Ұлы әнші- композитор, ақын.Қазіргі Ақмола облысының Еңбекшілер ауданындағы «Степняк» елді мекенінде дүниеге келген.

Жігітке сайран етіп жүрген артық,
Жігіттік бір кеткен соң келмес қайтып.

Ауылын сұлу қыздың жігіт мақтар.

Жігіттік бойға таққан бір гауһар тас.

Шешеннің сөзі шығар таңдайынан,
Жұмақтың бізге мекен қандайынан.
Бар болып байлар кімді асырайды,
Әркімнің жазған Алла маңдайына.

Жігітке жарамайды ызақорлық.

Күлмейін, ойнамайын десем дағы,
Барады өтіп дәурен бір қарамай.

Әр жерде сабырлы ерді тәңірім сақтар.

Ер жігіт дүниені көргені артық,
Дүниеде не бар-жоғын сезгені артық.
Түскендей аспан жерге іс болса да,
Бел байлап, тәуекел деп төзгені артық.

Қол берген қиын жерде жолдас артық,
Бас тартқан жолдасынан болмас артық.

Ах, дүние! Өтеріңді біліп едім...

Сөйлеп қал, қызыл тілім, өлмей тұрып,
Өмірің біразырақ бар ма-ай, жоқ па?

Дегенде біз қартайдық, біз қартайдық,
Белгісі қартайғанның серттен тайдық.
Кәнекей, соныменен шыққан мүйіз,
Қасына сұлулардың көп жантайдық.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835-1898)

Ақын, жырау, ойшыл. Жайықтың шығыс бетінде дүниеге келген. Ноғайлы ханы Темірдің билерінің бірі. Алайда билеушісінің ығына жығыла бермеген.

Сабыр- ақылдың серігі.

Бақ пен дәулет тең келсе, адамның толар кемелі.

Жақсының жолы- жарық күн.

Жұрттың ісі дегендежақсы қалмас тартынып.

Жаман қызметін асырып сөйлейді,
Жақсықызметін жасырып сөйлейді.

Өтірік-өсек аңдыған- есерліктің белгісі.

Орынсыз жерде күлу- ақылсыздықтың белгісі.

Көпті көрген ер жігіт көсем болар төселіп.

Әлемге толса көкірек- ашылар көзі сананың.

Басында батпан міні көп- кісі айыбын тергеген,
Дәулет бітсе жаманға, сәлем берер жеңменен.

Ақын- елдің тұлпары, кетпейтін басы кермеден.

Тіл- өткір найза.

Әдебі жоқ жігіттен насихат айтар шал жақсы.

Хас жүйрікке жолықсаң, жолда қалмас жай таңдап,
Қазанаттың осалы- жабы болар қиқандап.

Бақ қонады ұл таңдап, қонақ қонар үй таңдап.
Болымы жоқ бозбала, бейнеттен қашар бұлтаңдап.

Қазтуған Сүйінішұлы (XV ғ.)

Еділ бойында, қазіргі Астрахан облысының Красный Яр қаласы маңында туған. Еділ салалары – Ақтұба, Бозан бойын жайлаған түркі тайпаларының рубасы көсемі, әскербасы батыры болған, ұлы жырау.

Мен заманнан қорқып барамын:
Кейінгі өскен жас бала
Күндердің күні болғанда
Кімдерге кіріптар болар деп,
Обалы маған қалар деп!

Жабағылы жас тайлақ жардай атан болған жер,
Жатып қалған бір тоқты жайылып мың қой болған жер.

Ойласа – ойдың көсемі,
Сөйлесе – қызыл тілдің шешені.

Ақ дария толқын күшейтер – құйрығын күн шалмаған балығым
арқамда ойран салар деп.

Бұлт басқан айды ашқан, мұнар басқан күнді ашқан.

Арғымақтың баласы арыған сайын тың жортар.

Ыбырай Алтынсарин (1841-1889)

Ұлы ұстаз, ағартушы, ақын, жазушы, заңгер, аудармашы. Қазақ тарихында педагогикалық ой-пікірдің, педагогтік демократиялық көзқарастың негізін тұңғыш қалаушы, қазақтың жазба көркем әдебиетінің қарлығашы.

Аяңшыл ат арымас

Мал –дәулеттің байлығы
Бір жұтасаң жоқ болар.
Оқымыстының байлығы
Күннен –күнге көп болар.

Надандықтың белгісі-
Еш ақылға жарымас.
Жайылып жүрген айуандай,
Ақ-қараны танымас

Жөн білмеген адамға
Қыдыр –ата дарым.

Білмегенді білуге
Есті бала тырысқан,
Есер бала ұрысқан.

Ата-анаң қартайса,
Тіреу болар бұл оқу.
Қартайғанда мал тайса,
Сүйеу болар бұл оқу.

Қасіретсіз бұл дүниеде пенде болмас.

Хан болсын, хакім болсын, бұлай болса,
Бір адым мен біреуден кеммін деме.

Туралық, риясыз жолға түссең,
Қалдырмас ілтипатсыз сені Алла.

Жігіттен бақыт ұшса халыққа жақпас.

Өздерің өз жұртыңа дұшпан болып,
Бозбала жараспайды жүрістерің.

Береке халықта болса сізде болар,
Талығын тәңірім беріп, өзі оңдаса.

Саны көп, сапасы жоқ, сапырылысқан

Он үйге бір би болған келді кезге.

Заман бұл бірде түлкі, бірде қасқыр.

Көңілі соқыр көрмейді көзге ұрсаң да.

Аласы ағайынның алаңдатты.

Бес күндік дүние өтер аттай желіп.

Адам жоқ сыйласатын амандықта,
Досың жоқ ат салысар жамандықта.

Ағадан-мейір, ініден қайыр кетті,

Айналып дүние жүзі арамдыққа.

Бәріміз бір адамның баласымыз,

Жігіттер, бір-біріңе қарасыңыз.

Мектеп - қазақтарға білім берудің басты құралы...Біздің барлық
үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептер.

Ат өнері білінбес

Бәйгеге түсіп жарыспай.

Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың;

Азға қанағат ете білмесең, көптен де құр қаласың.

Дүниедегі жаратылған жанды-жансыздардың ешқайсысының да
керексіз болып, жерде қалатыны болмайды.

Не нәрсенің құр сыртына қарап қызықпа, асылы ішінде болар.

Құс та Құдайдың жәндігі.

Көбірек жақсылық етуге шамаң келсін десең, әр нәрсеге күтімді
болу керек.

Рахымды бол, саған мұның үшін Құдай рахым етер.

Аурудан аяған күштірек.

Саны, сапасы жоқ көп сөйлеген мылжың шын сөзді аз айтады.

Байлық қанағат пен еңбекте.

Тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма.

Айуанның естісі көп, бірақ адамдай толық ақылы жоқ.

Балдақты бейшараға жаңадан аяқ табылса, жалаңаяқ та болса жүгіріп жүруді дүниенің бір қызығы деп білер еді-ау...

Арыстан дем алуға суға кірсе,
Балықтар шымшып ойнар терісінде.

Иманды ер Құдайдан ұялады.

Қолыңнан келсе қыл қайыр.

Ақылсыз жанды досым деп,
Басыңды қосып сыр айтпа.

Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық.

Білімді кісі рәуішті көрінеді.

«Өнерлі өрге жүзеді» деген бұрынғылардан қалған сөз бар екен. Бұл күнде бақ та, дәулет те, күш те сол мақалды ұмытпай ескерген жандарда.

Әр елге, әр жұртқа алтын сақа табылмас.

Мақтанба сұлумын деп ажарыңа,
Ажарсыз адамдарды ал назарыңа.

Жинақылық - сараңдыққа қосылмайды.

Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.

Халық мектептері үшін ең керек кісі – оқытушы. Тамаша педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият жүргізілген инспектор бақылауы да жақсы оқытушыға тең келе алмайды.

Мектептің шаруашылық жағдайлары жаман болса, оның ісі еш уақытта алға баспайды.

Оқи білген таниды
Бір жаратқан Құдайды.

Қорлама кем адамды болсаң дана.

Араз бол кедей болсаң ұрлықпенен,
Кете бар кессе басың шындықпенен.

Керексіз еш нәрседен қалдырмайды
Жаратқан бір тәңірінен күдер үзбе.

Өмір деген бес күндік кетер өтіп,
Атаң барған орынға барасыңыз.

Жақсыдан ғапыл қалмаңыздар.

Адамның адам біткен баласымыз,
Қайсың бөлек тудың деп айырайын.

Ұмытпа бай болдым деп бір Құдайды.

Қорек тап, бейнеттен де Тәңірің жәрдем,
Телмірме бір адамға мұңлықпенен!

Ит үрер жақсыға да, жаманға да,
Қылмағы бірақ залал Құдайдан-ды!

Достарың, дұшпан түгіл, табалайды
Аяғың бір нәрседен шалыс болса.

Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға,
Қартаймақ қиын сауда тағыңызда.
Іске аспай бақ-дәулеттің қалуы оңай,
Басыңнан бағың тайған шағыңызда!

Ренжітпе беңде болсаң бейшараны,
Қаріп көңіл бір сынық бияла-ды.

Істің болар қайыры
Бастасаңыз алдалап.

Сарандық жасап, қараулық көрсеткен адам халықтың қаһарына
ілінбек.

Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды міндет етпе.

Көңіліңді, бойыңды мөлдір бұлақтай таза ұста.

Өнер – білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.

Оқытушыны бағалағанда олардың іске қатысты жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек.

Алдыңа келсе, әділдігіңді аяма.

Өнер, білім, бәрі де
Оқуменен табылған.

Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі.

Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс.

Мал-дәулеттің байлығы
Бір жұтасаң жоқ болар.
Оқымыстының байлығы
Күннен-күнге көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар.

Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады.

Қашаған Күржіманұлы (1841-1929)

Ақпа-төкпе ақын, жыршы, Түркіменстанның Ташауызқаласының маңайын мекендеген адайлар ортасында туған. Бейіті Маңғыстау өңірінің Құлат елді мекеніндегі Қырықкез деген жерде.

Ақ көңілдің белгісі- ырасын сөйлеп, ыржиған.
Пітінә көңіл белгісі- құпия сөйлеп, құнжиған.

Кім жетім?

Құлдықта жүрген ер жетім, ел қонбаған жер жетім.
Хакім әділ болмаса, бұқара байтақ ел жетім.
Қырға шықса- белім деп, ойға түссе- тізем деп,
Келін менен балаға, қонақ болған уақытта,
Басынан билік кеткен соң, кемпір менен шал жетім.

Ұйқы- жанның тынышы, сөз құлақтың құрышы.

Той- халықтың қазынасы.

Кей пендеде іні жоқ, інісіз жанның күні жоқ.

Ақыл деген- қой болса, ашу деген- көк бөрі.

Әділ айтсам- Аллам дос, әзіл айтсам- шайтан хош.

Жақсының сөзі – майсадай, жаманның сөзі – найзадай.

Ақыл деген – қой болса, ашу деген – көк бөрі.

Айы біткен айда өлер, күні біткен күнде өлер.

Атымтай Жомарт салған жол –

Бақыт пен дәулет қонған жол.

Жақсы болса – ұл болар,

Жаман болса – құл болар.

Алла айдаса, не сөз бар!

Қытымыр деген – қызыл ит.

Ақыл ойлап, пікір ет,

Құдайыңа шүкір ет!

Шытылмасын қабағың,

Толы болсын табағың.

Тағам жоқтан жаман жоқ.

Бұл өмірдің жұмағы – жігіттік шақ.

Бүкіл тоғай өртенер бір зәредей жасыннан.

Кешегі көрген бүгін жоқ –

Ұшып кеткен көбелек.

Аш кісінің ары жоқ.

Алтыннан құйған асықтай,
Күмістен құйған қасықтай.

Мың қарғаға – бір кесек.

Базар Оңдасұлы (1842-1911)

Ойшыл, ақын-жырау. Қызылорда облысының Қармақшы ауданында дүниеге келген. Өзбекстанның Тамды ауданында жерленген.

Бейнет те көшпелі.

Айдан зәру нәрсе жоқ – түнде бар да күндіз жоқ,
Күннен зәру нәрсе жоқ – күндіз бар да түнде жоқ.

Ақылды әйел ерінің атын шығарады.

Жақсы мен жаманның арасы жер мен көктей.

Өмірде адам не көрмес: көтергенмен кеудесін, жақсыға жаман тең келмес.

Жетімнің қамын ойласаң, жесірдің көңілі жұбанар,
Өнбейтін даудың ізінен өспейтін жігіт қуалар.

Аздырар ма халқыңды, ішіңнен шыққан ер болса,
Намысыңды бермейді ол, екіталай жер болса.

Әр заманның өзіне лайық сөзі бар.

Тіріде жанға тыным жоқ,
Қызыл тілде буын жоқ.

Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906)

Ойшыл, от ауызды, орақ тілді ақын. Шығармаларының негізгі тақырыптық өзегі – ел тағдыры, елдік мұраттар.

Бір пәледен – мың пәле.

Заманға қарай сөз керек.

Жігіттің елге тиген пайдасын айт!

Еділді тартып алғаны – етекке қолды салғаны,
Жайықты тартып алғаны – жағаға қолды салғаны,
Ойылды тартып алғаны – ойындағысының болғаны.

Пенденің қылған ісі Аллаға аян.

Адамның азған белгісі – екі кісі дауласса,
Тату бол деп айтпайды.

Дұшпан – тазы, біз – түлкі.

Замана, қауіп етем қорлағаннан!

Ақан сері (Ақжігіт) Қорамсаұлы (1843-1913)

Ұлы композитор, әнші, ақын. Далалық мәдениеттегі сал-серілер мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Көкшетауда дүние есігін ашып, мұсылманша, орысша терең білім алған.

Бұл дүние баяны жоқ бір кең сарай.

Ерке ит ауыз жалайды.

Хас сұңқар тұғырында тоғыз түлер.

Кімнің жақын, кімнің алыс екені басыңа іс түскенде ашылады.

Пасықтың пиғылы лас.

Ит үрер жақсыға да, жаманға да.

Әркімнің өзіне лайық қалыбы бар.

Ер пайдасы тиеді сасқан жерде,
Ез жаңылып етегін басқан жерде.

Жамандар көре алмаған қылады өсек
Лайық заманындаасқан ерді.

Жігітті шешенсіген дауда сына,
Жігітті батырсынған жауда сына.

Дүние жетізбейді ойласаң да,
Жақсы артық әзілдесіп ойнасаң да.

Адамға сырттан ғайбат жарамайды.

Ақ қаудың астығы жоқ шайнағанмен,
Құртілдің пайдасы жоқ сайрағанмен.
Көнбейді жаман адам ынтымаққа,
Жүрмейді шошқа жөнге айдағанмен.

Алтынды орағанмен жезболмайды,
Жібекті жуғанменен бөз болмайды.
Мысалы әр нәрсенің бәрі сондай,
Жаманның көкейінде көз болмайды.

Қаршыға әлсіз болса қаз алмайды,
Ер жігіт малсыз құлаш жаза алмайды.
Бұл дүние – жұртты алдайтын бейне базар,
Әр адам өз әлінше базарлайды.

Шын тұлпар дүбір шықса шыдамайды,
Тас қылып төрт аяғын байласаң да.
Жатпайды болат пышақ қын түбінде,
Өтпейді жасық темірқайрасаң да.

Сауысқан шықылықтап сұңқар болмас,
Мәстекті мақтағанмен тұлпар болмас.

Жалқауға – сөз, жаманға таяқ өтпес.

Шірімес алтын жерде жатқанменен,
Оқ өтпес ажалсызға атқанменен.

**Абай Құнанбайұлы
(1845-1904)**

Қазақ халқының ұлы ақыны, композитор, ойшыл.

Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

Адамның адамшылығы- ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Әкесінің баласы- адамның дұшпаны, адамның баласы- бауырың.

Пайда ойлама, ар ойла.

Надандық – ғылым- білімнің жоқтығы.

Шәкіртсіз ғалым- тұл.

Адам баласын бауырым деу- жүрек сөзі.

Әкесі ұрысса балаға о да- достық,
Баласы ұрысса әкеге жараса ма?

Досыңа достық- қарыз іс.

Дұшпаныңа да әділ бол!

Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас.

Жаман дос- көлеңке: басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың;
басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың.

Жолдастық, сұхбаттастық- бір үлкен іс.

Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз.

Кімде- кімнің әділеті жоқ болса, оның ұяты да жоқ.

Қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек- олар дұшпандық шақырады.

Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа.

Адал еңбекпен мал іздемек- ол арлы адамның ісі.

Надан арам ақылды құлаққа ілмек.
Нысап, ұят- бұл ғаделеттен шығады.

Еңбексіз мал дәметпек- қайыршылық.

Еріншектік –күллі дүниенің дұшпаны.

Тұрлаусыз ғашық- тұл.

Ақылсыз- шынға сенбей, жоққа сенбек.

Асығыс түбі- өкініш.

Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе,
болмаса жұмасына бір, ең болмаса, айына бір өзіңнен- өзің есеп ал.

Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады.

Кімде-кім үйреніп жетпей жатып үйренгенін қойса, оны Құдай
ұрады.

Уайымсыз салғырттық- дәулеттің, ақылдың, ардың дұшпаны.

Адамға ғылым- білімді көбейтуге екі қару керек: бірі –пікірлестік,
екіншісі- берік сақтау.

Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, асса- жарамайды... екінші- ішпек,
кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жинамақ, мансап
іздемек, айлалы болмақ, алданбастық- бұл нәрселердің бәрінің өлшеуі
бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады.

Залымдық- адам баласының дұшпаны.

Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың,
адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі
боласың.

Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан өнерші- қазақтың әулиесі.

Сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық.

Құлық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас,
Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.

Үш-ақ нәрсе- адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Адамның білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін,
хикметін білмекке ынтықтықпен болады.

...ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпенбілмек үшін үйренбек
керек. Бақасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ
үшін залалды емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның
себебі- әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшінғана бахас
қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас күншілдікті
зорайтады...

Үлкендік- адам ішінен өзін- өзі бағалы есеп қылмақ.

Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз
мойныңа салып, сөгіп қылған қысымның аты.

Мастық бойдан ағаттық көп шығарып, ақылдың көзін байлайды.

Өзі өзгеше боламын демектің түбі- мақтан. Әрбір мақтан біреуден
асамын деген күншілдікті бітіреді де, күншілдік күншілдікті қозғайды.

Көкіректе сәулесі жоқтың көңілде сенімі жоқ.

Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың.

Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда көңілдің уанғаны да
болады, өшкені де болады.

Жамбыл Жабаев (1846-1945)

Ұлы ақын. Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегінде туған.
Шығармалары дүние жүзінде қырықтан астам тілге аударылған.

Сөздің саласын табу қиын емес,
Анасын табу қиын.

Жақсы сөзді ел жаттар,

Ел жаттар сөзде салмақ бар.

Жақсы сөз бейне шамшырақ

Орнаған мықтап көңілге.

Шын жақсыда тарлық жоқ.

Жаманның көңілі – көкте, жерде – басы.

Жаманға ұйқы жолдас, тамыр тамақ.

Жігерлі болса, ер болар.

Елдің серті – ердің серті.

Шешен кісі сөз бастар,

Әділ кісі – ел бастар.

Ерден бағы жанбаған әйел ғаріп.

...Дүние – серуен, адам бір кешкен керуен.

Өмір барда ескіrmес

Бағасы құнды өрен өз.

Арзан болар алтын сөз.

Елеусіз жерге тастаса.

Ақын деген бір бұлақ,

Көмілер көзін ашпаса.

Аузымда – жыр, қолымда – оқ,

Жырым – досқа, жауға – оқ.

Үйірілген сары алтындай сары қымыз

Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз

Басшы әділ болмаса,

Жұртқа әділдік орнай ма?!

Жақсы менен жаманның

Шекарасынбайқасаң,

Аспан мен жердей парқы бар.

Жақсының өзі кіші,

Ойы биік.

**Шәңгерей Бөкеев
(1847-1920)**

Ақын Ш. Сейіткерейұлы Батыс қазақстан облысының Орда ауданында (қазіргі Жәнібек ауданы) Жасқұс деген жерде Жәңгір хан (ақынның ұлы атасы) ордасында дүниеге келіп, Жымпиты ауданындағы Ақбақай деген жерде қайтыс болады.

Жол тосқан жолбарысқақазалы құлан жолығар.

Бақа жаны баз кешер,
«құлағында құланның ойнаймын» деп ойлаудан.

Өлгенді қадір етсек, қанға рауа.

Ақыл, ажаражалға не қылады?

Алланың аманатын Алла алады.

Аңсыраған алғыр тұйғын абайсыз ауға шырмалады.

Ағаш едің құрма өскен, ұршық болдың шуда ескен,
Бір қалыпта тұрмақ жоқ, шығармалық мұны естен.

**Блейк Ульям
(1857-1897)**

Ағылшын ақыны, суретші.

Дәрменнің бары – сарқылмас ләззат.

**Төлебай Бөженұлы
(1857-1924)**

Монғолияда тұрған Қазақтың халық ақыны.

Басыңнан үй, қасыңнан малың кетсе,
Кедек қылып жатасың жердің астын.

Адамды оқу- білім жеткізеді.

**Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы
(1858-1931)**

Қазақ ақыны, фольклорист – этнограф, шежіреші.

Есті адам – қанағатты. Қанағатты адам тиянақты.
Тиянақты адам көнтерлі. Көнтерлі адам қайғысыз.
Қайғысыз адам бақытты.
Ендеше есті адам бақытты болады.

Адамға күнә қайдан?
Көз бен тілден!

Бір адам бар: өрік, мейіз ағашы сықылды,
Жемісінен дүние жүзі баһра алады.
Бір адам бар терек сықылды,
Отқа отын болғаннан басқаға жарамайды.

Өнердің ең асылы- сөз.

Ақыл, сезім, қайрат, жігер – ми жұмысы. Көңіл бәрінің үстінен
билейтұғын патшасы.

Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ...дін де осында, ғылым-
білім де осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-
бабаларымыздың бәрі жақсы әулие болып өтті.

Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, я кескінді
суреттер болсын, қандай әдемі ән, күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп
көрсетуге болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді.

Білімі көп, пайдасы жоқ адам – мал ішпейтін сормен тең, іске
жаратқан, көпке таратқан адам – жан-жағы суат көлмен тең.

**Шәкәрім (Шаһкарим) Құдайбердіұлы
(1858-1931)**

Қазақтың ойшыл ақыны.

Адамдық борышың – халқыңа еңбек қыл.

Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан!

Дәлелсіз сөз – соққан жел, ұшқан тозаң.

Байлық жақсы екені елге мәлім,
Өзің істеп әдет қыл – келсе халің.

Адамдар мал-мақтан үшін соғысып, өзі жек көретін өлімге жанын тапсырады.

Бас көзі жұмылады, көңіл көзі жұмылмайды.

Адамның ең артығы – ерінбейтін, еңбекшіл, шыдамдысы.

Шын бақ – ата-ананың махаббаты мен балалардың таза жүрегінде.

Адамдық борышың,
Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта, оны біл.

Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек – осы төртеуі кімнің бойында болса – сол шын адам болады.

Нұржан (Нұрмұханбет)Наушабаев (1859- 1919)

Қостанай облысының Құттықауылында дүниеге келген. Ақынның көзі тірісінде Қазан қаласында «Манзумат қазақия» (1903), Жұмбақ. «Нұржан мен Сапарғалидың айтысы» (1908), «Алаш» (1910) атты кітаптары жарық көрген.

Білмей шалқып сөйлеуден, сөйлемей тұру бес артық.

Кім білер тұлпар жайын, шаба алмаса,

Ер сарсаң іздеп мақсат таба алмаса.

Жігітке мықты дәулет- амандығы,
Қанағат барға етпесе- жамандығы.

Шаппайтын алмас қылыштан, қолдағы қамшың көп артық.
Суы ащы теңізден, томар да болса көл артық.

Заманында жігіт пе:
Сұлуды құшып сүймеген, жүйрікті таңдап мінбеген.
Тазы қосып, құс салып, ау құрып, сұқсыр ілмеген.

Жамандарды дос көрме
Күнің бір түссе, теріс қарап,
Қадіріңді білмеген.

Адасқан адам жол таппас, қырсықты жігіт мал таппас.

Көргенді ердің белгісі- аз сөйлер де, көп тыңдар.

Өзің өлсең, артыңда жоғалмайды сөз деген.

Ер серігі ат болар, мінген көңіл шат болар.
Жоқтығына қарамай, кей жігіттер мәрт болар.

Тұлпар кірмей дүбірге,
Мәстек шауып, бәйге алып,
Озып жүрген заман-ай!
Жүн жібекке теңеліп,
Асыл барқытберендер,
Тозып жүрген заман-ай!

**Нұрпейіс Байғанин
(1860-1945)**

Ақын, жырау. Ақтөбе облысының Темір ауданында дүниеге
келген.

Тауды биік демендер,

Талаптансаң шығасың.
Жауды мықты демендер,
Ерлік қылсаң жығасың.

Білімнен қымбат нәрсе жоқ
Көңілде жатса баспай тот ...

Жамандығын көргенше,
Жолдасыңды қас деме!
Адам болар баланы
Толықпаған жас деме!

**Рабиндранат Тагор
(1861-1941)**

Үнді халқының ақыны, драматург, қоғам қайраткері, Нобель сыйлығының лауреаты.

Адамға әсемдік сезімін дарытпайынша, одан нағыз азамат шығара алмайсыз.

Тәңірінің өзі сыйлайды мені,
Болғаны үшін өз сөзім.
Иіліп едім сүйем деп сені,
Салмай да қойды ол көзін.

**Блисс Карман
(1861-1921)
Америка ақыны.**

Табиғаттың ең сұлу шағы – адамның жоқ кезі.

**ПольВалери
(1871-1945)
Французақыны.**

Келешекті кешегідей болады деме.

Сыпайылық – тәуір ұйымдастырылған немқұрайлылық.

Даңқ деген түсіңе бір кірсе болды, есіңнен тандырмай тынбайтын дауасыз дерт.

Төлеу Көбдіков (Көпжасаров)
(1874-1954)

Қазақ КСР – інің халық ақыны (1954)
Қазіргі Шығыс Қазақстан облысындағы Шұбартау ауданында туған.

Кемесі тәуекелдің суға кетпес .

Ақыт Үлімжіұлы
(1868- 1939)

Монғолияда тұратын қазақтың халық ақыны.

Қойшының ойы қойында,
Қыздың көңілі тойында,
Баланың көңілі ойында...

Шал ойлайды түйесін,
Ақын ойлар сөзінің
Келтірем деп жүйесін.
Менің ойым қаламда,
Сөзім үлгі заманға.

Өнер, ғылым қайда бар,
Қандай істе пайда бар,
Тіршілік неге айналар,
Ынтымақ қайтіп байланар,
Заманыңның халқында
Неше түрлі қайла бар.

Қойды көрсең қор қазақ
Мал артыныан көшіп жүр.

Тоқтағұл Сатылғанов
(1864-1933)

Қырғыздың халық ақыны, қырғыз әдебиетінің
негізін салушылардың бірі.

Ердің көркі елменен,
Еңбегіңмен елге жақ.

Ян (Янис) Плиекшанс Райнис
(1865-1929)
Латыш ақыны.

Адам жасампаз болмаса, ұлы да бола алмайды.

Бөлтірік Атыханұлы
(1870- 1928)

Ақыны, жыршы, күйші. Алматы облысы Райымбек ауданы Қарабұлақ ауылында тұрған. Құланаян Құлмамбеттің шәкірті. Бала кезінде ауыл молдасынан дәріс алған. Жасынан ел аралап, өнер қуған. Жетісу өлкесіне шұрайлы өлеңдерімен ақын ретінде танылған.

Ағаң жақын болады бір туған соң,
Ол да қашық тартады ұл туған соң.
Бәрінен қатын жақсы болады екен,
Өзіңмен бірге жатып, бір тұрған соң.

Омар Шораяқов (Шораяқтың Омары)
(1878-1924)
Қазақ ақыны.

Әр адамның құдайы– өзінің ары.

Білгенге: білім- байлық, бағасы артық,
Салмағы сан жетпейтін қорғасындай.
Үйренсең өнер- білім- өшпес мұра,
Таусылмас тау кенінің қордасындай.

Шарль Пеги
(1873-1914)
Француз ақыны.

Дүниеде парасатты адамдар көп қой. Оларды иттіктің өзін ебедейсіз жасайтынан-ақ білуге болады.

Дон Маркис
(1878-1937)

Америка ақыны.

Сізге біреу: «Менің байлығымауыр еңбекпен келді» десе, «Кімнің? деп сұраңыз».

Екіжүзді адам –ол анау.. бірақ кім екі жүзді емес?

**Дон Аминадо (Шполянский Аминад Петрович)
(1888-1957)**

Ақын, сатирик, эмигрант.

Иемденгің келсе көзқарасыңды өзгерт.

Илеуге көнетін халық тапсаң
Оның көсемі болу қиын емес.

Әйелді өз жас шамасынан артық ешкім қартайта алмайды.

Әскери ғылымныңнағыз шарықтайтын шағы - бейбіт уақыт.

Жасырын дауыс беру кезінде де небір ақмақтықты көруге болады.

Көріпкел болып көрінгің келсе алдағы жүз жылды болжап бер.
Ақымақ болып көрінгің келсе ертең солай болады де.

Адамды өлімге жақындата түсуде ұзақ өмір сүруден асқан ештеме жоқ.

Жығылғанды жұдырықтамайды, оның қайта тұрғанын күтеді.

**Сәбит Мұқанов
(1900-1973)**

Қазақ КСР Халық жазушысы. Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, қазіргі Сәбит Мұқанов атындағы ауылда дүниеге келген.

Әр дәуірдің әр түрлі адамы бар,
Әр мезгілдің әр түрлі сарыны бар.

Әр құс өз үнімен сайрайды,
Әр гүл өз түсімен жайнайды.

Жылқының үсті – жел, сүті – ем.

Дүниеде түрлі өнер көп,
Өнерді тапқан шебер көп.

Қаза берсе түбі жоқ,
Ой деген бір шыңырау.

Қыранның қиялауын түлкі байқар.

Шындық шыңырауданда алыпшығады.

**Антонно Мачадо
(1875-1939)
Испандық ақын**

Ұлы философтар- өз поэмаларының ақиқатына сенген ақындар.

**Микалоюс Константинас Константино (Ник.Конст.) Чюрлёнис
(1875 - 1911)**

Литваның композиторы, ақын. Литваның алғашқы симфониялық поэмаларының авторы («Орманда», 1900, «Теңізде», 1907).

Биік мұнаралардан қаражол сонда көрінеді.

**Ғұмар Қараш
(1876-1921)**

Қазақ ақыны, аудармашы

Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз.

Аждаһа алты басты жаудан қорқам,
Бүлдірген ел арасын даудан қорқам.

Күлімдеп кіріп, ішкі сырыңды алып,
Құрылған аяқ асты аудан қорқам.

**Мұхаммад Икбал
(1877)**

Пәкістанның халық ақыны.

Өмірде мол құпия сыр, жүрегіңмен біл мұны,
Мәңгі ерінбес ер еңбек табар мұны бір күні.
Жер қозғалса қозғалмас, мызғымас күз болғайсың,
Жалын атқанжел болып, өмірді терең толғайсың.
Сонда сенің алдыңнан атады ұлы таң күліп,
Нағыз өмір осындай, нағыз өмір мәңгілік!

Көк аспанда жарқырап Күн шұғыла төгеді,
Қараңғыны қашанда жарықшұғыла жеңеді.

Білім деген бейнетқор пана іздейді санадан,
Махаббатсыз білімді кім қажет деп санаған.
Махаббаттан нұр алып, жана алмаса сол білім,
Мақтан үшін айтқан сөз, бірі болар сорлының.

Жаның жарық болмаса, өкінтеді ол сені,
Жалған сенім жабысса, көтермессің еңсені.

Орман, су, күллі табиғаттан бұл өмірдің біл шынын.

Өзін өзі таныса,
Нағыз адам сол болар.
Өзіне өзі ие боп,
Мәңгілікке сол қалар.

Жеңілу де, жеңіс те- барлығы да бір сенен.

**Александр Александрович Блок
(1880-1921)
Орыс ақыны.**

Еңбек- ізгі еңбек, адам атаулығы өмір сыйлайтын, ақыл-ой, ерік-
қайратқа, жүрегіңе тәлім беретін еңбек сол.

Ақындар өзара ұқсастығымен емес, өзгешелігімен қызық.

Поэзия ойланудан басталады.

Интернационализмді жек көру – ұлтжандылықтың құдіретін білмеу және оны мүлде сезіне алмау.

**Тұрмағамбет Ізтілеуов
(1882 - 1936)**

Ақын, аудармашы. Қызылорда облысының Қармақшы ауданында туған.

Айтар ақылы жоқтың
Табар нақылы жоқ.

Ауру адам күлкі сүймейді,
Ит жүйрігін түлкі сүймейді.

Әйел жерден шыққан жоқ –
Ол да еркектің баласы.
Ерлер көктен түскен жоқ –
Әйел оның анасы.

**Борис Леонидович Пастернак
(1890-1960)**

Орыс ақыны.

Бар естігенімнің ішіндегі ең кереметі – үнсіздік.

**Мұхаметсәлім Кәшимов
(1884-1935)**

Ағартушы-демократ ақын, жазушы. 1907-1909 жылдары «Әдеп», «Үгіт», «Насихат Қазақия», «Алтын кітабы», «Сұлу қыз» атты өлең және публицистикалық бес жинақ, 1914 жылы «Мұңлы Мариям» атты роман жазған, екі жылдай «Айқап» журналының тілшісі болып Алатау, Қытай қазақтарының өмірінен этнографиялық сипатты жол очерктерін жазған. Көкшетаулық.

Оқып қал, әй, балалар, жас шағыңда,
Оқуға уақыт, кеңдік бар шағыңда.
Ендігі заманаға оқу керек,
Оқусыз өнер сатқан адам бар ма?!

Жақсы адамның бір мінезі бар: өзіне пайдалы сөзді біреу сөйлесе, соған бой ұсынып тұрады.

Пайғамбар хақ, Алланы бір біліңіз,
Орысша, мұсылманша тіл біліңіз,
Қазіргі күнімізге қарағанда,
Қазақты еш жарықсыз түн біліңіз.

Кітап оқу деген бек пайдалы, қызық нәрсе. Жолдассыз уақытта жолдас болады. Көңілің жабырқап, қайғыланған уақытта көңіліңді ашады, шаттандырады, бұрынғы заманда нелер болған, миләттар қандай, ғылымды кісілер қандай – солардың бәрін көзге көрсетуші, аз бағалы, көп пайдалы нәрселердүр. Соның ішінде кітап оқуға сараңдық қылмай, кітап оқып тұрыңыздар.

Заманның түріне қарап, һәм бір миләттар (халықтар) алға қарап ұмтылуда, һәм сол еткен жігерлерінің арқасында күннен-күнге ғылым, өнерлер де алға қарай жүріп бара жатыр. Енді біздің қазақтарға қарасақ тіпті басқа һәммен баяғы надандық жақтарын қуаттай береді: бірен-саран ішімізден туралыққа, ғылымды үндеушілер болса, жан-тәнімен дұшпандықтарын арттыра береді. Қашан бұл әдеттер жойылмайынша, қазаққа ғылым, өнерлердің тегістей тарауы бек қиын дүр.

Еш уақыт оқуға тікаппарлық қылмаңыз. Оқу үйрену қандай жақсы болса да, көңілде бұзық ниет болса, қадірі кемиді.

**Кенен Әзірбаев
(1884-1976)**

Ақын, композитор. Жамбыл облысының Қордай ауданында туған.

Ақынға қара сөзден өлең оңай,
Балыққа саяз судан терең оңай.

Бақыт бар деп базарға барма,
Иман бар деп азанға барма.

Бір ағашта қанша бұтақ,
Біреуі -ақ қамшыға сап.

Қазанат қамшы тигізбейді,

Азамат жоғын білгізбейді.

Халық алдына барғанда – халық алған тілімді,
Ұлық алдына барғанда – ұлық алған тілімді,
Талқанбайға барғанда – итке берсін күнімді.

Эзра Паунд
(1885-1972)
Американдық ақын.

Әдебиет-ескірмейтін жаңалықтар.

Қайып Айнабеков
(1885 – 1955)

Халық ақыны, Қарағанды облысының Нұра ауданындағы Көбетай
ауылында туған.

Бос өткізу өмірді –
Ақымаққа көңілді.

Ынталының ісі лезде бітеді,
Енжардың ісі кейін кетеді.

Ғабдолла Тоқай
(1886-1913)

Татархалқының ұлы ақыны, татар әдебиетінің негізін
қалаушылардың бірі.

Бой билеп, шарықта ой, нәзік сезім,
Кітапқа – «алғыс айттам», - жалғыз өзім.
Сенемін өзіме-өзім сонда ғана,
Қадаймын келешекке үміт көзін.

Халық жырлары – біздің ата-бабамыздың қалған қымбатты мұра.
Халық жырларын жот басып, кір шалмайды. Ол – халық жанының
жарқырап тұрған айнасы.

Ақынның жүрегінде болмайды аяз.

Өзімді өз өлеңім жылытады.

Үш шындық:

- 1) Өткенге өкінбе, өкінгенмен қайтара алмайсың.
- 2) Шамаң келмейтін іске ұмтылма, бітіре алатын істі ғана мойныңа арт.
- 3) Құр сөзге көп сене берме, өзіңе ғана сүйен.

**Николай Степанович Гумилев
(1886- 1921)**

Орыстыңакмеизм ағымының негізін салушы ақыны, аудармашы. Өлеңдері орыс поэзиясындағы поэтикалық үлкен жаңалықтың үлгісі. «Конквистадар жолы» (1905), «Романтикалық гүлдер» (1908), «Бөгде аспан» (1918), «Алланың құлдары. Араб ертегісі» (1918), «Отты бағана» (1918), «Көкшіл жұлдыздарға. Жарияланбаған өлеңдер» (1923) жинақтары жарық көрген.

Жазуға одасын жеңістің
Ақындар үлгірмей кетеді.

Бозбала дәурен- жарқын сәт әні.

**Үмбетәлі Кәрімбаев
(1889-1969)**

Қазақ КСР-інің халық ақыны
Алматы облысы, Жамбыл ауданында туған.

Жақсы адамның белгісі –
Жауға басы қалса да
Сенімен бірге жан берер.

Жалқаудың жанына барсаң, сылтаудың астында қаласың.

**Павло Тычина
(1891-1967)
Украин ақыны.**

Еңбекпен арманыңды ардақтап,
Еңбекпен өмірді өрнекте.

Кітап – мұхит, сол мұхиттан не терең? Мен біліммен ылғи дос
болып өтер ем!

**Шортанбай Қанайұлы
(1818-1881)**

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихынан елеулі орын алатын,
өзіндік сөз өрнегі бар ақын.

Жалқаулық пен жалғыздық- жалғанның жаман тарлығы,
Түнде тәтті ұйқы жоқ- қайғының асқан жарлығы.

Көп ішінде аз болсаң- әрнеме түсер ойыңа.
Көп ішінде жоқ болсаң- мін тағылар мойныңа.

Ауыл малы бұралқы ақылы жоқ жаманға.

Қайын болмас қабанда, тойым болмас жаманда.

Жолдас болсаң жақсымен-жолың жетер Қырымға,
Топқа кірсең, әркіммен-таласарсың орынға.

Ісің түссе жаманға, қолы кетпес жағаңнан.

Парақорлар қызығар бір қалаштық тиынға.

Қайыры жоқ ас сақтап, дәмді харам шайнама.

Сабыр қылсаң жетерсің, құдайдың болса берері.

Әділ деп соны айтыңыз, тураны қисық бұрмаса.

Жақсыны жаман көре алмас.

Дүние- малын сүйгендер мінбей, кимей кетеді.

Байлықтың алды- иман.

Ақыл дария білгенге.

Жақсымен қастаспағайсың, жаманмен достаспағайсың.

Өзі қылған өкінбес.

**Всеволод Александрович Рождественский
(1895-1914)**

Орыс ақыны. Абай, Жамбыл, І.Жансүгіров өлеңдерін орыс тіліне
аударған.

Самғау – әрбір жастық мұраты.

**Сергей Александрович Есенин
(1895-1925)
Орыс ақыны.**

Өмірін арпалысқа бағыштаған,
Ұлы мұрат қорғаудан қалыспаған
Аялы ардагерге бас иемін.

XVIII-XXғғ.Әлем ақындары афоризмдері

**Мұхамеджан Сералин
(1872-1929)**

Жазушы, ақын, публицист, журналист

Біз басқа халықтардан артта қалмауымыз керек.

Қазақ жастары профессорлық лауазым туралы да ойлануы керек.

Халықтың қай дәрежеге алға кеткендігі- халық арасыңдатаралған
газет- журнал һәм кітаптардан білінеді...

Заман- ғылым заманы болған соң әрбір жұрт қатарынан кейін қалмас үшін ақша аямай кітап, газетпен журнал бастырып халыққа тарату (керек).

Бізден басқа халық қазіргі күнде жұрт үшін не нәрсе пайда, не нәрсе зарар екендігін түсініп, зарардан құтылуға, пайданы табуға талпынып жатыр...

Қай жұрттың болса да ең үлкен қорғаушысы баспасөз.

Жұрттың пайдасын кездестіретін, жұртқа жол көрсететін, жұртты болашақ күнін болжауға тырыстыратын- баспасөз.

Заман жаңаға айналды. Не істесең де, не жазсаң да, барлығына тірі дәлел керек.

Басшы болып қатарға енгіземіз дегендер алдыменен баспасөз арқылы білімін, өнерін таратсын...

**Ахмет Байтұрсынов
(1873-1938)**

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы,
публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері.

Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі.

Сөздің ең ұлысы – тарих.

Елде жоқ рух – ақын сөзіне қайдан келсін?!

Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі.

Жер мәселесі – қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі.

Мұғалімі қандай болса – мектебі де сондай болмақ.

Замана сипаты: білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билер заман.

Елде жоқ рух – ақын сөзіне қайдан келсін?!

Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі.

Балам деген жұрт болмаса – жұртым дейтін бала қайдан шықсын!

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.

Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы.

Жер мәселесі – қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі.

Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі.

Замана сипаты: білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билер заман.

Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі.

Мойындағы борышты білу – білімнің ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі.

Шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме – бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер.

Мақал – тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылатын сөз.

Күнелту үшін – ас керек, ас істеуге – күш керек, күшті жұмсауға – ес керек.

Әркім өзі жақсы білетін нәрсесін сынауы керек.

Алушы да, беруші де – өзіне жағымды жағын іздейді.

Кейбір істерді істеу керек бола тұра істеуге болмайды.

Өткенді қуғанды қойып – осы күйінді жөндеуге жөн іздеу керек.

Жұрт керегін білетіндер – көп, істейтіндер – аз.

Талап – жоқ, үміт – мол бір халықпыз.

Біреу – жұмыс қылайын десем тұрған жерім жаман дейді, біреу – маңайымдағы елім жаман дейді: бұлардың бәрі де – бос сөз!

Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы!

**Омар Шипин
(1879-1963)**

Қазақ КСР- інің халық ақыны.
Қостанай облысындағы Обаған ауданында (қазіргі Ы. Алтынсарин ауданы) туған.

Құлқынның құлы болғанша,
Отанның ұлы бол.

**Хуан Рамон Хименес
(1881-1958)**

Испан ақыны, әдебиет саласы бойынша Нобель сыйлығының лауреаты (1956 ж.)

Дәурен өтер жүректерді ұрғылап.

Нұр әлсіз, ояу менің көкірегім.

Дүние- кеуек кеуде. Су да мына... Кеуек кеуде.
Су да кеуек кеуде ме? Айтасыз,
Түп- түгел- кеуек кеуде. Гүл де мына... Кеуек кеуде.
Ойланыңыз қайта Сіз.

Дүние- кеуек кеуде... Жел де мына... Кеуек кеуде.
Жел де кеуек кеуде ме?... Таң қалма,
Түп – түгел- кеуек кеуде. Арман мына... Кеуек кеуде.
Сірә, кеуек кеуде ме арман да?

Жоғалттың ба? Соңына түс қорықпай!
Таппадың ба? Шыда ешбір торықпай!

**Василий Андреевич Жуковский
(1883-1852)
Орыс ақыны.**

Прозаны аударушы– құл, өлеңді аударушы – бақталас.

Күле білетін адам, кешіре де біледі.

**Конрад Том
(1887-1957)
Поляк ақыны.**

Сүйетінің болмаса, барды сүйеге тура келеді.

**Юлиан Тувим
(1894-1953)
Француз ақыны.**

Байлық – көптің жиғанының біреудің қолында болуы.

Өмір – азап. Дұрысы тумаған.

Бірақ ондай сәттілік мыңның біріне ғана бұйырады.

Құттықтау – көре алмаудың ғажайып түрі.

Қақпанның тышқанды қумайтыны секілді қылықтыңыз күйеу іздеп жүгірмейді.

**Мағжан Жұмабаев
(1893- 1938)**

Қазақтың талантты ақыны.

Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Сасықкөл ауылында туған.

Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады.

Ойтілі сөз.

Елдің елдігін сақтайтын- әдебиеті, тарихы, жол-жорасы.

Ерге –ел қымбат, елге-еңбегі сіңген ер қымбат.

Қарлығаштың қымбаттығы-тасыған суының молдығында емес,
жүрегінің адалдығында.

Сұм өмір абақты ғой саналыға.

Отсыз жүрек- бос қуыс.

Ақында адамзаттан дос болмайды,
Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына.

Арқада Бурабайға жер жеткен бе?!
Алашта Кенекеме ер жеткен бе?!

Өмір мен өлім- мәңгі аңдысқан екі жау.

Өмір – өзен, үміт- шабақ ойнаған.

Жаһанда жалғыз мәңгілік нәрсе бар: ол- махаббат!

Дүниеде күшті нәрсе екеу-ақ: өлім һәм махаббат.

Өзін жеңсе, ажалды да жеңеді,
Амалдың да әлсіздер ғой сенері.

Бейімбет Майлин (1894-1938)

Ұлы жазушы, ақын.

Қостанай облысының Таран ауданында қазіргі Майлин ауылында туған. Қазақстан жазушылар одағының Б. Майлин атындағы сыйлығы бар.

Бәрін айт та бірін айт,
Коллективтің жырын айт.

Оқысы білім бұлағы,
Оқыса елдің ұланы,—
Тірілтіп, елге жан бітіп,
Елі үшін жұмақ қылады.

**Сәкен Сейфуллин
(1894-1938)**

Аса көрнекті қазақ ақыны.

Досыңмын деп ант береді,
Жем табылса жалт береді.

Адам – керуен, өмір – жол.

Тіршіліктің негізі – еңбек. Еңбекпен ғана адам жақсы тұрмысқа жеткен.

Жан-жағың түбі жоқ тұңғиық болса, тұңғиықтан шығуға бір-ақ ауыз болса, ол ауыз-күнәсіз өлім болса, адам өлімге тойынбай тура қарамақ. Қайта өліммен тезірек айқасуға ұмытылмақ.

Оқу – білім қазығы,
Адамның азығы.
Оқу өмірдің сәні,
Тіршіліктің шамы.

Жазушы деген сөз қалаушысы, сөз кестешісі, сөз зергері, зергері болғанда жай ғана зергер емес, сөз арқылы адамның жан дүниесін, сана-сезімін тәрбиелейтін зергер. Сондықтан да ол «адам жанының инженері».

Әр істің бір сәні бар.
Әр қимылдың өзінше
Ырғағы бар, әні бар.

Адамның жайын ауылдасы білмейді, істесі біледі.

**Сәбит Дөнентаев
(1894-1933)**

Қазақ ақыны

Қазіргі Павлодар облысында туған.

Аз шығынды қызғанып,
Көп пайдадан құр қалма.

Тіл – көңілдің тілмашы.

**Ілияс Жансүгіров
(1894-1938)**

Қазақтың эпик ақыны. Қазақстан жазушылар одағы І. Жансүгіров атындағы әдеби сыйлық тағайындады.

Талдықорған (қазіргі Алматы) облысының Ақсу ауданында дүниеге келген.

Гималай – көктің кіндігі,
Гималай – жердің түндігі.

Сыр түйіні ақиқат,
Ақиқат шындық көпке ортақ.

Жас мұраты – білім, тәлім талабы...

Өнер, оқу – жастықтың қару жарағы.

Егер ең ұлы ашылулар болмаса да — бәрібір адамзат өмір сүрген болар еді, ал егер сүйіспеншілік жоқ болса — ол тез арада құрып бітер еді.

Бір сүйген адамыңды мәңгі сүйіп өтуге болады. Бұл махаббаттың күшінен ғана емес, адамның мінез-құлқының тұрақтылығымен байланысты.

Шын махаббат бар да, махаббатпен ойнау бар.

Шын жақсы көру – өмір бақи сәулесін, сұлулығын жоғалтпайтын
гауһар тас.

Кімде-кім шын сүйсе, өз сезімін қадірлейді, өйткені оның ләззаты
ыстық жүректен туған. Ал жүректі ауыстыра алмайсың.

Қызғаншақтық — кең дүниені тар ететін кесел.

Өз мінезінен өзі құса болған қайғыдан жаман қайғы жоқ. Ол адамды
іштен жегідей жейді. Бір кездегі денелі салмақты жас жігіт, енді
күжірейген, қас-қабағы түнерген, ашулы кісіге айналады.

Десанка Максимович
(1896-1993)

Югославияның атақты ақыны.

Сәбидің ойнар жүзінде
Сақтаңыздар күн нұрын!

Жүсіпбек Аймауытов
(1897- 1931)

Жазушы, ақын драматург, аудармашы, сыншы, классикалық қазақ
прозасының негізін салушылардың бірі. Алаш қайраткері.

Туған жердің артығын, жазатайым іс істеп, күштілерге күш етіп,
еріксіз елден айрылған, шеттен дәм бұйырған, жаттан сыйлау көрмеген
ер білмесе, кім білген?!

Адамда аз да болса бір үміт, бір таяныш болу керек. Ондай таяныш
болмаса тіршілік етіп не керек?

Қазақтың тура жолға бастайтыны да, адастыратыны да оқығаны.

Оқыған- қара халықтың шырағы.

Сөз – ойдың айнасы.

Тіл- ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал.

Бала өз тілінде тәрбиеленбесе, өз халқына қызмет ете алмайды.

Халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз.

Адамның өмірдегі ісі- алған тәжірибесінің жемісі.

Халыққа қиянат жасаған үкіметтен, биліктен кешірім сұрамаймын.

Ұлты үшін құрбан болуға шыдағандық- ұлтшылдықтың осы күнде ең берік ережесі.

Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар әне, Германия, Жапония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «ұлтым» деп өседі. Есейген соң бар білімін өз жұртының күшеюіне жұмсайды.

Өзіңе тілегенді біреуге де тіле, адам баласын бауыр тұт.

Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек.

Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды.

Қазаққа аюдай ақырған шенеунік табылуы оңай; ерінбей- жалықпай бақырмай іс бітіретін, терісі қалың, көнбіс, табанды қызметкер табылуы қиын.

Адам сүйу, күю, азап шегу үшін жаралады екен.

Ана тілі... жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлықтолқындарын ұрпақтан- ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына.

Ана тілін жақсылап меңгеріп алмай тұрып өзге пәндерді түсіну мүмкін емес.

Ана тілі –халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі.

Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт- жас күнде көрген өнеге.

Қазақы тәрбие алмаған, қазақша сөйлеп, қазақша ойлай алмайтын қазақтардың өзін жоғары билікке жақындатуға болмайды.

Адамның өз басының көркеюімен ұлт көркеймейді, ұлт көркейсе, өзі көркейеді. Бір ұлт бақытты болса, ол бақыт сол ұлттың ішіндегі адамдарға да ортақ.

Мектеп деген- ең үлгілі орынның бірі, сондықтан мектептің барлық ісі тәртіпті жолмен ешбір мүлтіксіз жүріп отыруы керек.

...тілмәдениетінің өсуін қолымызға алып, күнде көріп отырмасақ болмайды, өйткені, тіл мәселесі өте қиын, бірақ, барынша керекті мәселе.

Қазақтың әдеби тілін, білім тілін тудыру жөнінде біздіңнегізгі мақсатымыз- сол тілді көпшілікке барынша ұғымды қылу, сол тіл арқылы қазақ еңбекшілерініңқалың бұқарасын дүниежүзінің өнер- біліміне, техникасына ие қылу.

**Владимир Владимирович Маяковский
(1898-1930)**

Орыс ақыны. СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1956).

Сөз- өмірдің үлкен қаруы.

Қызғаныш түбі- тұңғыық. Ол- залым ақылшы.

Өлеңдегі негізгі күш, негізгі қуат – ырғақ.

**Сұлтанмахмұт Торыайғыров
(1893-1920)**

Қазақтың ақыны, ағартушы-демократы.

Мен-қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға «алаш» деген атты аламын.
Сүйгенім- қазақ өмірі, өзім қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын.

Бұл күнде адал еңбекпен байи қою қиын.

Адамның ең ұлы қасиеті- бақытты болуға талпыну.

Өркімніңәр іске қабілеті болады.

Адамға аса қымбат балалық шақ,
Ойға кіріп шықпайтын сор менен бақ.

Бала жанына ойын азық.

Байлықтың пейілі тар: адам баласын алалайды.

Ел болудың бірінші тірегі – білім.

Берген бұзады.

Тар кеуде, шымшық басқа ақыл қонбас.

Ар сатып, ырыс жинама.

Дүние жеу, жегізу майдан екен.

Не шара соқыр болса көңіл көзі.

Ар азығы дегеніміз- әділдік.

Адамды бақытты қылатын- ар азығының ер жетуі.

Ар азығынсыз, құр өнердің өсуімен басқалардың бақытты бола алмағаны секілді, қазақ та бақытты бола алмайды.

Біздің қазақ- әнқұмар халық.

Барлық адам баласы өзіндей көрсе өзгені
Озбырлықтың өшіп қарасы, өзімшілдіктің өлгені.

Сөз қадірін білмесең, өлең оқып не керек.

Кінә іздеген кінәмшіл.

Қаныпезер адам өлтіреді,
Күншілдер жүректі өлтіреді.

Абырой –ынтымақ, бірлік бар жерде ғана жүреді.

Ақ көңілге қара күйе жұқпайды.

Өмір-қысқа, бейнеті –көп.

Мың жыл ғұмыр кешсең де, арман деген таусылмайды.

Сезімнің сыртқа шықпас түсі бар ма,
Оны жасырар адамның күшi бар ма.
Біреу-күй, біреу –пішін, біреу- сөзбен,
Көрсетпейтін жүректің іші бар ма.

Жүрек-тірліктегі тілек ұясы.

Ер еңбегі елге ортақ.

Арманың болсын, арманға қоса дәрменің болсын.

**Бернияз Күлеев
(1899-1923)**

Қазақ поэзиясы әлеміндегі жарқын жұлдыздардың бірі саналады.

Жалғанда жұмақ- жазғы жел.

Өмір- өзен, өлім- құрдым.

Көңіл- дария, ой- дауыл.

Иманым да, арым да- шын махаббат.

Ойдан- қуат, жырдан- қанат.

Тұрмыс деген тәңір атқан, ұйықтап жатқан айдаһар,
Оят тағы, ауызынан, бақ дегенді барып ал!

Оты сөнген ер жүрек қалар мұздап.

Жырла да, зарла көңілім, қалың қайғың қайнасын,
Қиялдың құсы егіліп, іштегі дертті айдасын.

Махаббат достықтан да күшті.

Көктің сәні- құс әні,
Бала мен мал- жер жаны.

Ойла, ойла!
Ойға тойма!

**Огден Нэш
(1902-1971)
Америка ақыны.**

Прогрессің тәуір-ақ шығар, тым созылып кетпесе.

**Назым Хикмет
(1902-1963)**

Жазушы, түрік поэзиясына жаңа ырғақ, еркін өлең түрін енгізген ақын, қоғам қайраткері. Түрік революциялық поэзиясының негізін салушы.

Жастық- арман. Бұл- сенім. Бұл –ерлікке құштарлық. Бұл-әрі лирика, әрі романтика. Бұл- болашақ жөніндегі үлкен- үлкен жоспарлар. Бұл – болашақ атаулының бастауы.

Өлмесім хақ мәңгілік
Мынау нұрлы дүниеде
Туған халқым болса аман.

Түн ұйқымды төрт бөлдім,
Күндіз тыным таппадым.
Бөгде сөзбен көңілімді алаңдатпа, аяулым,
Бір өзіңе іңкәрлықтан
Мұршам болмай жатқаны.

Ең абзалы, бауырым,
Кеудеңдегі жүрек деген асылды
Тот баспасын.

Өлім- хақ па?!
Өмір де- хақ болсын онда!

Әлемдегі сұлу теңіз- біз жетпеген теңіз ғой,
Бұл жалғанда бала тәтті- табиғатпен егіз ғой.
Ең жақсысы- келешекте қауышатын жылдарым,

Ең асыл сөз- саған айтар,
Айтылмаған сырларым.

Таң кешеуілдеп,
Түнек салтанат құрса да,
Күреске бел бу-
Қара аспан төніп тұрса да!

Өмір сүрем жердің бетінде, халық ішінде, адамдардың бағыүшін.

Михаил Аркадьевич Светлов
(1903-1964)
Орыс ақыны.

Сіз оны тереңірек таныған кезде оның сіз ойлағандай есалаң емес екеніне көзіңіз жете түседі.

Қалмақан Әбдіқадыров
(1903-1964)
Ақын, жазушы, аудармашы.
Қызылорда облысының қазіргі Шиелі ауданында туған.

Саусақ ашылса – қылдырық,
Жұмылса – жұдырық.

Азар берсең кісіге
Өзің де азар көресің.

Мұз тағдырын сең шешер,
Сең тағдырын сел шешер.

Он кедей бір төсекте бірге жатса,
Бір елге сыйыспайды екі патша.

Басына шықпас тау болмас,
Жеңілмейтінжау болмас.

Достық қылдым мен саған,
Дұшпан болдың сен маған.

Арық деген жаман тай
Жазға шығып ат болар.
Жамандығың сезілсе,
Жақын досың жат болар.

Жыланның уы басында,
Бейқамның жауы қасында.

Залым кетпек, халық қалмақ,
Бүнек ктпек,жарық қалмақ.

Шырқау шыңның қыраны
Шарықтап ұшар дауылға.

Ғафур Ғұлам
(1903-1966)
Өзбек ақыны.

Еңбектегі әр минут – бір несібе.

Павло Неруда
(1904-1973)

Шын аты – Нефтали Рикардо Рейес Бисуальто. Чили елінің даңқты ақыны, қоғам қайртакері. Чилидің Парраль қаласында дүниеге келген. Оның атқылап жатқан жанартаудық күшіндей сезімге толы өлеңдерін географиялық шеңберлерден шығып, шын мәніндегі бүкіладамзаттық гимнге айналды.

Бәрі де өтті фәниден, бәрі кетті,
Мықтыға да ажалдың күші жетті.
Таңдамайды жынысын, бай, жарлыны,
Өлім деген осындай әділетті.

Көр қазып жүр біреулер,
Дайындап жүр өлімді.
Құрта алмайды бірақ та жердегі бар өмірді.
Өмір деген мәңгілік, сөнбейді оның шырағы.
Қуаныш пен бақыттың нұрын шашып тұрады.

Үміттің барлығы гүл атады.

Сыймас халық қарақшы шеңгеліне!

Бас имейді өлімге өршіл өмір!

Қара түн, қарлы боран, азап, өлім
Таптай алмас, баса алмас өмір төрін!

XX-XXI ғғ. Әлем ақындарының афоризмдері

**Өтебай Тұрманжанов
(1905-1978)**

Балалар жазушысы.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы Бөген ауданының Жалғызағаш
ауылында туған.

Көңілді күлкі- денсаулық мүлкі.

**Константы ИльдефонсГалчиньский
(1905-1953)**

Поляк ақыны.

Әдебиетті тәуір дүние десе де болады, егер жазудың керектігі
болмаса.

Әлемді көлгірси жылап жұбату керек.

**Асқар Тоқмағамбетов
(1905 – 1983)**

Ақын, сатирик.

Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданында туған.

Қарға қаз болмайды,
Қарға болғысы келсе,
Қаз да оңбайды.

Сен, әлгі шіркеймісің,
Қалай үлкейгенсің?

Сауысқан болма, сақтан,
Орныңды тауып мақтан.

Қайда тұрып сайраса да,
Бұлбұлдың аты бұлбұл.

Айта алмай кетпе, айтып кет,
Айта алмайсың қайтып кеп.

Ынтымақ, ел бірлігі бір қосылса,
Саз балшық сары алтынға айналады.

Бұтақпен ағаш сымбатты,
Ұрпақпен адам қымбатты.

Досы көптің қасына
Жау келмес деген осы да.

Жұмысы түссе жалтаңдап,
Жағынып келер жаныңа.
Жұмысы бітсе талтаңдап,
Жоламай кетер маңыңа.

Мұса Жәлил Мұстафаұлы (1906-1944)

Татар ақыны. Совет Одағының Батыры

Күрес, майдан – ерлік тілер жігіттен.

Дүние, сен Ләйлісі едің жаннаттың,
Мәжнүңдей ғашық болдым, жараттым.
Кіршігі жоқ жүрегімді сен менің
Иттеріңе қанды балақ талаттың.
Айырып мені Отанымнан , жасқадың,
Қай жерлерге әкеп мені тастадың?!
Жыласам да өксіп- өксіп
Елімнің
Топырағына тамбады- ау бір жастарым.

**Николай Матвеевич Грибачев
(1910)**

Орыс ақыны.

Орлов губерниясында туған.Брасовтағы гидротехникалық техникумды бітірген. Алғашқы жыр жинағы 1935 жылы «Солтүстік-Батыс» деген атпен жарық көрді. Лениндік сыйлықтың лауреаты.

Бәсеке, дауылы сөз жарыс,
Көтерер кейде еңсені.
Өмір бір күрес, қозғалыс,
Сол үшін сүйем мен сені!

**Дихан Әбілев
(1907 – 2003)**

Қазақстанның Халық жазушысы. Павлодар облысындағы Баянауыл ауданының Мойылдыбұлақ ауылында туған.

Ұлтарақтай болса да,
Ата қоныс жер қымбат.

**Уистен Хью Оден
(1907-1973)**

Ағылшын ақыны.

Талғамыңызға шүбәңіз болса ол - оның сізде барының белгісі.

**Мэй Сартон
(1912)**

Американдық ақын.

Нағыз керекті жерге келгенде адам қашанда жалғыз.

**Матей Бор
(1913-1993)**

Словендікақын, прозашы, драматург, сыншы. Шын аты- Владимир Павшич. Ұлт- азаттық күрестің белсенді мүшесі болған. Азаттық күреске дейінгі жылдарда оның есіміәдебиет және театр жайлы жазылған мақалалары арқылыкеңінен танымал бола бастайды. 1940 жылы «Люблян қоңырауы» атты журналда лирикалық өлеңдері жарық көреді.

Қар үстімен келе жатқанақсиып,
Ажал дейтін біздің жарылқаушымыз.
Ал, қажеті қаншалықты көк мұздың?
Қажет, қажет. Көпір салмау үшін де.

Ағаштар, бақтар, құстардың бітсе құт- демі,
Махаббаттың да біткені.

**Станислов Ежи Лец
(1909-1966)**

Поляк ақыны.

Өмір көп нәрсені өз еркіңнен тыс жасауға әсер етеді.

Отанға деген махаббатта шекара болмайды.

**Әбділдә Тәжібаев
(1909-1998)**

Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ КСР Халық жазушысы.

Айдан алқа. Жұлдыздан жүзік іздеме.

Әйелсіз үй – сусыз диірмен.

Күңгірт шамнан көрінбесе төңірек,
Жақ жарығын жүрегіңнің тезірек.

Қадірсіздің өсегі шаң сияқты,
Бір сілкінсең қалмайтын.
Қадірлінің өсегі заң сияқты,
Жалған десең нанбайтын.

Құяр судан бөлінсе көл тұнады,
Қайнаған өмірден бөлінсе көңіл тұнады.

Тот басады темірді, сел шаяды жеңілді.

Не тапты қазақ Құлагерді ұрып жыққаннан.

Бауыржан Момышұлы (1910-1982)

Прозашы, ақын. Кеңес Одағының Батыры. Қ.Р. Халық қаһарманы.
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Қайрат етер мезгілде,
Жүк көтерер нардай бол.
Ақыл айтар мезгілде,
Мың жасаған шалдай бол.

Арлы адам- ардақты, ар- ардақтың анасы.

Азамат жолы- ар жолы.

Мен де қазақпын жаралған сүйек-еттен,
Менде ар бар, менде ой бар жан тебіrentкен.
Халқымның қарапайым бір ұлымын,
Жанымды арым үшін құрбан еткен.

Үміт өрге тартады,
Үмітсіздік көрге тартады.

Үмітін жоғалтқан жан, ешқашан үміттеніп көрмеген жан.

Әділдікті мойындау- адал кісінің ісі.

Адам өміріндегі ең үлкен қуаныш- бала сүю.

Жігіттің екі сөйлегені – өлгені. Уәде бермеуге тырыс. Әйтпесе, сөзіңде тұр.

Қысқа, нұсқа сөйле. Даусың анық болсын.

Көп тыңда. Аз сөйле. Сөзіңнің артынан ісіңмен үлгеруге жаныңды сал.

Өсек айтылатын жерде болма. Кездейсоқ болған жағдайда қосылма. Кесіп тастауға тырыс.

Таспен атқанды аспен ат- жеңісің. Содан кейін алшақ жүр.

Ренжітпе! Жүйелі қарғыс иесін табады.

Ешқашан мақтанба! Жұрт мақтасын.

Өзіңді сыйла, Өзгелер сыйласын.

Құмар ойын-әлсіздің әлегі. Мықтының рухы биік, денесі шымыр.

Үйретері мол мықтылардан ұстаздарың болсын. Бірақ, ешкімді пір тұтпа!

Сыйлағанның құлы бол. Кішірею төмендеу емес.

Ең алдымен өзіңе өзіңнің көңілің толатындай өмір сүр.

Саяхатта. Дүниетанымыңның аясы кеңейеді.

Қайтарымынан үмітті болсаң, жақсылық жасама.

Жүйкең әлі талай қажет болады. Болмашыға тоздырма. Шешуші сәттерге бапта.

Уайымға салынудан алшақ бол. Арба да сынбайтын, өгіз де өлмейтін шешім қабылда. Тез шешім қабылда. Тәуекел түбі- жел қайық, жүзесің де өтесің. Уайым түбі- тұңғыық, батасың да кетесің.

Сырыңды ешкімге алдыртпа. Екі елі аузыңа сыймаған сөз өзгенің
отыз екі тісінің арасына тіптен сыймайды.

Өкпелеме. Өш алма. Санасына бер. Аллаға тапсыр!

Пенденің пендеден айырмашылығы- адамгершілігі мен білімінде.
Таны, оқы!

Өнер үйрен. Мамандығыңда мықтысы бол.

Өміріңнің сапасына тек сен жауаптысың!

Ұрпақ тәрбиесі елу пайыз сенің мойныңда. Ұлың өзіңнен озатын
болсын. Қызың саған қарап серігін тауып, бақытты болсын.

Кім қанша төмен түссе де, сен өз биігіңде қал.

Ай Чин (1910-1996)

Көрнекті қытай ақыны. ҚХРЧжэзьянөлкесінің Зиньхуа деген жерінде
өмірге келген. 1929-1932 жылдары Париж қаласындағы өнер
академиясында сурет өнерін оқыған.

Көзім жасы неге кетті боталап?
Бұл құдірет- жерге деген махаббат.

Жоғалған уақыт-
Құмға құйған судайын білінбейді.
Уақыт- су, қыр- сырын көз көрмейді...

Қасым Аманжолов (1911 – 1955)

Қазақтың аса талантты ақыны. Қарағанды облысындағы Қарқаралы
ауданында туған. Қазақ әдебиетінде аударма жанрының дамуына да зор
үлес қосқан қаламгер.

Бұл аяқпен Берлинге де жеткенбіз!

Мектеп – кеме,
Білім – теңіз.

Тұрмыс түзер бойыңды,

Бойың түзер ойыңды.

**Абдолла Жұмағалиев
(1915-1942)**

Қазақ ақыны. Ұлы Отан соғысындағы ерлігі жайында Қ.Аманжолов «Абдолла» поэмасын жазды.

Келер күн келеді екен не дайындап?

Адам болып өмірге келдің ауыр жүк артып,
Ластап өтсең өмірді, аңнан сенің нең артық?!

Думанды мынау өмірден сыбағанды ала біл,
Ал келешек ұрпаққа келгенің жайлы, із қалдырып!

Секілді бір аққан жұлдыз
Ғайып болма қараңғыда!

Өмірден үлес алдың ба, өкінбей күліп өтерлік?
Артыңда мұра қалды ма, келешек мақтан етерлік?

Миуасын үзген бақшаңда шыбығың қанша қадаған?
Өмірлік ұшпақ атанған қасиетті мынау сарайға
Кірпішің қанша қалаған?
Есеп бер женер алдында!

Уа, адамзат, дүниеге күле кіресің,
Мол болса еді-ау өмірден алатын қызық, үлесің.

Ұласпаса дауысы
Ғасырлардан ғасырға,
Ақын шіркін ақын ба?!

**Ілияс Есенберлин
(1915- 1983)**

Прозашы, ақын.

Анасыз бала болмайды.

Бақытты болашақтың ең басты негіздерінің бірі- бұл жалпыға бірдей жақсылық тілеу.

Жалпы адам баласын жақсы көріп, оның бақыты үшін күресу- ол үлкен жүректі алыптардың ісі. Ал жеке біреуді жақсы көру, сол үшін барыңды аямау- бәріміздің де қолымыздан келетін ерлік.

Мен адамдарды құрмет тұтам. Бірақ олардың Американы немесе бүкіләлемдік тартылыс заңын ашқандықтан, немесе ғарышқа ұшуымен емес, тек таза көңілмен сүйе білу және жақсылық жасап, әділ бола білу, біреудің қайғысын бөлісе білуіне қарап. Өйткені адамды адам ететін және мәңгілік ететін біріншісі емес, екіншісі.- Әйтпесе, бәрі де апат болар еді...

**Баубек Бұлқышев
(1916-1944)**

Қазақ ақыны, жалынды публицист, ержүрек майдангер.

Адам – өз өмірінің суретшісі. Ол өмірді сырлап бояуға, оған ажар, түр беруге, оны әшекейлеп өрнектеуге еңбек етеді.

Адам дүниеге тек қана келіп, әшейін ғана аттана бермейді. Олш артында ой қалдырады, ойдан мұра қалдырады.

Өркімнің жолдас болсын сүйген досы,
Біріксе айырылмасын көңіл қошы!

Тірі боп жүз жыл жасап тік тұрудан
Бір күн артық ел үшін еңбектенген.

Біз дүние жүзі жастарының алдыңғы қатарындамыз. Біз жастар, тағдырымыз сендермен байланысты екенін білеміз.

Адал адам Отанын сүйеді. Адал, ақ жүрекке Отан анасындай. Отанның дегенін істеу - қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббатты бізде өлшеуге болмайды.

Дүниедегі ең барып тұрған арман, барып тұрған қайғы творчестводан аса алмас.

Пай-пай, тамашасың-ау, Алматы... Неге ғана Алатаудың сұлулығын маған айтқызбайды. Мен күні-түні өзімнің Алматым, Алатауым туралы жалықпай әңгімелер едім.

**Хамит Ерғалиев
(1916-1997)**

Қазақстанның Халық жазушысы (1986), ҚР Абай атындағы
Мемлекеттік сыйлығының (1981) лауреаты.

Баға білсең құс та бағлан.

**Қайнекей Жармағанбетов
(1918-1974)**

Қазақтың балладашы ақыны, қоғам қайраткері. Қостанай
облысының Жанкелдин ауданындағы Шилі кеңшарында туған.

Бер бұйрықты, Отан, маған!
Айнымасқа ант етейін,
Жас қырандай саңқ етейін,
Найзағайдай жалт етейін.

Тымырайып, тым мүләйіп отырғанда данадай,
Көрсең ішін, қуыс пішін, аңлау-саңлау даладай,
Сырты сырлы, іші бос, қуыршақтай болма дос!

Өскенді де көргенбіз, бөскенді де көргенбіз,
Өсіп-бөсіп ақыры өшкенді де көргенбіз.
Болғанды да көргенбіз, толғанды да көргенбіз,
Болып, толып ақыры солғанды да көргенбіз.
Асқанды да көргенбіз, тасқанды да көргенбіз,
Асып-тасып ақыры сасқанды да көргенбіз.

Шипасы ерте солудың – қаламнан қалған іздерде.

Ақырғы демің тынғанша үміттің оты сөнбейді.

Бір арманға қол жетсе, екінші арман туады,
Түлкі боп кейде ол кетсе, қыран боп адам қуады.

Үмітпен өрден асасың, үміт-көркі көңілдің,
Арманмен алға басасың, арман – көркі өмірдің.

Бұқпантайлық жетті ғой,
Жалын боп қашан жанасың?!

Мансап деген жаман дерт, болма әуре оны қуып та.

Құлық іздеп қайтерсің,
Болсайшы аға алды кең.

Өрісті ойдан бос болсаң, сақтанып әр кез жүрермін.

Өсек ерсе соңыңнан, талайды танып қаласың,
Дос салса қанжар жоныңнан, емдеу қиын жарасын.

Менмендік пен мақтану тек есерден шығады,
Өнерсіз бекер шаттану – бір күн жарға жығады.

Бұлақ та суалады, теңізге құя алмастан,
Терек те қуарады, жапырақ туа алмастай.

Ауыз деген жалақор, мін іздегіш.

Өзін-өзі зор тұтқан – жұрт көңілін қалдырар,
Жауына тез алдырар, аяғынан шалдырар.

Шарт етіп қашан сынғанша өлімге емен көнбейді.

Ағаның іні – тынысы.

Бала – ата-ана бақыты, балакөркі өмірдің.

Дауылды шөлден, аязды желден, топанды селден именбейтін
еменнің панасы тек Жер-Ана!

Өсек-аяң тергендер – қарғыс ап көктен, жерден де, нысана болар
мергенге.

Борис Абрамович Слуцкий
(1919-1986)
Орысақыны.

Шағын ортада кеңінен танымал.

**Давид Самуилович Самойлов
(1920-1990)**

Орыс ақыны.

Достық дегенміз біреудің үйіне жайдан жай келіп қоныстап қалу.

Ақшаны қайырымсыз алу ма? Қарызға алып, қайтармау.

Алғашқы махаббат - оған дейінгінің бәрі жайермек болған махаббат.

Басқа бір тіршілігі бар әлем болса қызық-ақ: онда картоп бар ма екен?

Н. бұл сауалды мәнсіз далбаса сұраққа санайды. Онда ақылды адам осы тақырыпқа сұрақ қойып көрсін.

Өмірдің мәні ме? Қашан іздейтінінде.

**Эдуардас Межелайтис
(1919-?)**

Литваның халық ақыны. Социалистік Еңбек Ері.

Нан- бұл менің жерімдегі нағыз күн, дастарханда мәңгі жылу шашып тұратын от.

**Жұбан Молдағалиев
(1920-1989)**

Ақын.Қазақ КСР, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Қазақ КСР Халық жазушысы.

Көптің бірі болайық мақталғанда,
Көптің бірі болмайық датталғанда.

Амалдан әркім-ақ бір өлер,
Ұяттан бір емес, күнде өлер.

Құранды басып нанды алсаң да,
Нанды басып құранды алма!

Өзін жеңсе, ажалды да жеңеді,
Ажалдың да әлсіздер ғой сенері.

Жан Брюс
(1921-1963)
Француз ақыны.
Шын аты Жан Броше

Өліммен тең алысқа жол жүруің,
Достарыңнан алыс өмір сүруің.

Мүмкін мені Париж мүлде ұмытар,
Ал мен оны мәңгі ұмыта алмаймын.

Назар Тауфиқ Қаббәни
(1923-1998)

Сириялық атақты ақын, журналист әрі дипломат. Сондай-ақ араб елдерінің ішінде қазіргі заман ақындарының ең танымалы.

Махаббатқа жүрек мас бүгін мүлде өзгерген.

Әлде сенде күмән бар ма, ойланшы:
Кей махаббат ғайып болар, алдамшы.

Қара да тұр, селк еткізем аспанды,
Балқытамын қара, суық тастарды.
...Қос жүрекке мендік сезім нұр беріп,
Қарашы әні, жаңа ғұмыр басталды.

Абд әл-Хамид Бенхаддук
(1925)

Алжир араб әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Абд әл- Хамид Бенхаддуқ әл-Мансур қаласында дүниеге келген. Тунистегі аз- Зайтун университетін бітірген. Көп жылдар бойы Тунисте және Францияда тұрған. Абд-Хамид Бенхаддуқ – прозаик әрі ақын.

Өмір өзгереді.

Күн нұрын төгу үшін жаралған.

**Рената Шуман- Фикус
(1934)**

Поляктің ақын қызы.

Өз жасыңдағы ең жас қыз болып көрінуге тырыс.

Жуылған терезеден көршінің терезесі де таза болып көрінеді.

Неке- махаббат үшін берілген өмірлік жаза.

**Раймон Кено
(1903-1976)**

Француз ақыны

Ар алдында аппақ болып қалыңыз.

Аққумен бірге
Қаңқылдап қаздар жүреді.

Арамен бірге
Шыбын да өмір сүреді.

Қандыағашпенен
Пияздар қатар өседі.
Тауыспен бірге
Қоңыз да ғұмыр кешеді.

Поль Элюар

(1895- 1952)
Француз ақыны

Бала жүректен шығады.

Ги Белле
(1932)

Жарықты сөндірет алдында
Әйел
Гүлдердің орнын ауыстырады
Айнаға қарағандай
Күлісін күнмен қауыштырады
Суын да ауыстырады
Ауа- райын өзгертіп,
Бақытсыздық ауылын алыс қылады.
Гүлдерге жымып күледі.
Өйткені ол бітпейтіндей көрінген мына күннің
Жалғыз қуанышы екенін біледі.

Иван Драч
(1936)

Украин халқының талантты ақыны, саяси қайраткер, сыншы.

Саусақтар-ай, жүз тілде де тіл қатқан, үні бірақ ішінде.

Үрім-бұтақ- немереде енді үміт,
Тәй-тәй басып, енді ғана жүр ұлым!
Жалғыз аяқ соқпақтармен сен жүріп,
Жалға менің әулетімнің ғұмырын!

Суға жүзу білмей тұрып шешінбе.

Өмірзақ Қожамұратов
(1936 – 1983)

Өзбекстанның Бұқара облысының Тамды ауданында туған. Өзбекстанның қазіргі Науаи облысындағы Үшқұдық қаласының №4 қазақ орта мектебіне Өмірзақ Қожамұратов есімі берілген.

Өмірге менің өкпем жоқ,
Жаманға есем кеткен жоқ.
Біреуге мен де жетпедім,
Біреулер маған жеткен жоқ.

Анджей Бискупский
(1938)

Поляк ақыны.

Дін аспанын өнер аспанымен алмастырды. Оның өзінде тек таңдаулылар үшін ғана.

Давид Кугультинов
(1922)

Қалмақ ақыны.

Жалғыз ауыз сөз кейде жүз жауыздық жасайды.

Сырбай Мәуленов
(1922-1993)

Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Қостанай облысында Жанкелдин ауданында туған. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. Ұлы Отан соғысында рота командирінің саяси орынбасары болған.

Қамысы жоқ көл азады, намысы жоқ ел азады,
Сағымы жоқ бел азады, жалыны жоқ ер азады.

Теңіз үнсізжай табар дауыл келіп соққанша,
Жарылса егер жайратар жатыр тауда от қанша.

Қапсырмаса қара жерді тамыры – саусақтары, адыра қалар еді
қарағай қаусап кәрі.

Жалғыз сөзден тұлабойың қалтырап,
Жалғыз сөзден жан жүрегің жалынар.

Судың бу болуы қиын емес, будыңу болуы қиын емес, тағдыртізесін
батырса, патшаның құлболуы қиын емес.

Кейбіреу аттап өтіп ар-ұятты,
Даланың құсын да атты, аңын да атты.
Атқанын қайдан білсін өзін-өзі,
Атқанын қайдан білсін табиғатты.

Жақсы адамныңалақаны аялы,
Жақсы адамжасыл емен саялы.
Жұлдыздардай шақырады биікке
Жақсы адамның жарқын өмірбаяны.

Азабы аз болмаса да
Көп көрдім сый өмірден.
Бақытты әрқашанда
Өмірді сүйе білген.

Өлең деген ар ісі, өлең – өнер жарысы.

Кез ендітаңды таңға ұрар,
Батса да қайтем сырқатым.
Аманатқа қалдырар
Өлеңім – менің тілхатым.

Қуаныш, қайғыдада бір болдым халықпенен,
Заманда жайлы мына қымбат қой жарық деген.

Мен – дүние өлшемімін,
Мен – табиғат бөлшегімін.

Көрді апатты, жұтты елім,
Індет, дертті қаптаған.
Халқым, қалай мықты едің
Қазақ атын сақтаған!

Кейбіреуді асығасың көргенше,
Ой арманды ортаға сап бөлгенше,
Кейбіреумен көріспегің келеді,
Қара түнге – қара жерге енгенше.

Өмір – сұрақ, өлім – оның жауабы.

Мен өлімге қарсымын, мен өмірге жаршымын,
Мен заманның даусымын, осы менің бар сырым.

Мың қолдар сау болсын деп
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдаржалғансын деп
Мен бір жолымды бердім.
Мың гүлдер солмасын деп
Гүлдейжастық күнімді бердім.
Мың ақын толғансын деп
Мың бір жырымды бердім.

Қолда бардақұны жоқтай алтынның,
Білінбейтінбір қыры бар әр кімнің.
Сол қырлардан көк құрыштай құйылып,
Сом тұлғасы жасалғандай халқымның.

Соғыста бір-ақ заң бар мен білетін,
Я өліп, я болмаса өлтіретін.
Жүреkte жұлдызыңды жанып тұрған
Жандыратын, болмаса сөндіретін.

Біреугеетсең жақсылық,
Бір күні шығар алдыңнан.

Бүгін асқақ сөздің керегі жоқ,
Өмір асқақ сөзді көтермейді.
Қанша адам өлді...
Қанша адамның дерегі жоқ.
Олардың құны
Асқақ сөзбен өтелмейді.

Адамды бар дауыспен жырламасам,
Адам боп өмір сүру күнә маған.

Көңілімде қалды аппақ көлеңке,
Көңілімде қалды толқын жел ерке.
Аппақ жанмен құя берді ақ нұрын
Торғай деген қыран бүркіт ер өлке.

Батырлық түсер білекке,

Ақындық түсер жүрекке.
Білек пен жүрек біріксе,
Жанарсың оттай түнекте.

Арқаладың өмірді,
Алға сүйреп уақыттай.
Азабы да көрінді
Біздер үшін бақыттай.

Өлеңде жоқ шекара.

Күн екіге бөлінбес,
Ай екіге жарылмас.

Мұзафар Әлімбаев (1923-2017)

Қазақстанның халықжазушысы(1996). ҚР Абай атындағы
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Бару да бармау төркінге
Байдағы қыздың еркінде.

Жақсы жырға қарттық жоқ.

Жұрт – қазы, еңбек – таразы.

Қоймаға құйылған дән –
Халыққа бұйырған дәм.

Отасқан да бар,
От басқан да бар.

Саусақ ашылса – қылдырық,
Жұмылса – жұдырық.

Табаны бар да, бүрі жоқ,
Зіркілі бар да,зілі жоқ.

Теңге – тиыннан, ынтымақ – ұйымнан.

Тіріде жыртса хатыңды,
Өлген соң құртар атыңды.

Бару да бармау төркінге
Байдағы қыздың еркінде.

Күлкі – көңіл көктемі.

Жақсы жырға қарттық жоқ.

Көркемдік көз суарады.

Қоймаға құйылған дән –
Халыққа бұйырған дәм.

Ебі жоқ дәрігердің емі жоқ.

Отасқан да бар,
От басқан да бар.

Ұлтын білгің келсе,
Ғұрпын біл.

Саусақ ашылса – қылдырық,
Жұмылса – жұдырық.

Табаны бар да, бүрі жоқ,
Зіркілі бар да, зілі жоқ.

Теңге – тиыннан, ынтымақ – ұйымнан.

Тіріде жыртса хатыңды,
Өлген соң құртар атыңды.

Дүниенің қорлығы –
Дүмшелердің зорлығы.

Шәкіртке ұстаз болу – ірілік,
Ұстазға ұстаз болу – ұлылық.

Түренді топ басса,
Тоқшылық күтпе.

Ескерткіш тозса да,
Естелік тозбайды.

Түйірдей болса да түйінді ойың болсын.

Тауысқанша ішкен ақылы ауысқанша ішер.

Бұрын сөйлеген емес, нығым сөйлеген ұтады.

Биліктің сөзінен біліктің сөзі өтімді.

Көптен қалмау көкке самғау емес. Әсіресе өнерде.

Талап табиғаттан, талап – өзіңнен.

Жер күтпеген ерден түңіл, ер күтпеген елден түңіл.

Ынтымақ елдікке жеткізер, елдік ерлікке жеткізер.

Жемқорлық – індет,

Аластау – міндет.

Бас иілмесе, тізе бүгілмейді.

Ана тілі

Ананың құнар сүті ғой,

Ғұмыр бойы сен еметін.

Ана тілі

Халқыңның ырыс-құты ғой,

Игілігіңе кенелетін.

Өмірдегі сыпайылық- сыпайылық,

Өнердегі «сыпайылық»- сұмпайылық.

Бұлбұлды көрем десең, бауына бар,

Бұлақтан ішем десең, тауына бар.

Дарынның даралығы- даналығы.

Ақындық-әр кез толас таппас намысшыл бәйге, қызу жарыс,
берекелі бәсеке.

Кітабыңның мұқабасы тозса да,

Сөзіңнің жұқанасы тозбасын.

Ақын
Өлеңмен ойлайды,
Өрнекпен толғайды.

**Шона Смаханұлы
(1924 – 1988)**

Қазақтың сатирик ақыны. Жамбыл облысының Талас ауданындағы Ойық деген ауылда дүниеге келген.

Бет жағында күлкі ойнар,
Іш жағында түлкі ойнар.

**Расул Ғамзатов
(1923-2003)**

Авар ақыны. Лениндік сыйлықтың лауреаты, Социалистік Еңбек Ері.

Кітап – үйдің ашулы тұрған терезесі.

Өзіңді-өзің тану үшін кітап керек.
Өзгені де тану үшін кітап керек.

Кітаппен дос бол, кітаптың жомарт беттері... Көзіңді тосар, адал дос одан жоқ тегі.

Ана тілім менің. Сен маған ризасың ба, білмеймін, бірақ менің тілегім де сенсің, сені мақтан етем.

Ана тілдің құдіретін қанша айтсақ та, түгесу мүмкін емес... біле білгенге адамдағы ұлттық мақтаныштың алғашқы ұшқындары да жүрекке тіл арқылы ұялайды, өмір бойы адамға ең тамаша эстетикалық ләззат беретін де құдіретті тілің ғой.

Тілдің арқасында біреуді танып, бір халық екінші көрші халықты біліседі.

Егер ертең туған тілім жоғалар болса, мен бүгін өлуге даярмын.

Өткенге топырақ шашсаң, болашақ саған тас атады

Ұлтын ойламаған адамның қамын ұлты да ойламас болар.

Ішсең де әлдекімге тілеп саулық,
Біліп қой, арақ саған етер жаулық.

Өрқашан жаманды- жаман де, жақсыны жақсы де.

Мақтаған нәрсеңді- кейіннен жамандама, жамандаған нәрсеңді-
мақтама.

Түймедейді түйедей етуге тырыспа, түйеден түйме жасауға одан
сайын тырбанба.

Айқын ойыңды айқын да түсінікті тілмен жеткіз. Бұлдыр ойыңды
мүлдем айтпай-ақ қой.

Жел тұрса, бірге ұшатын қаңбақ болма.

Әлі көзің жетпеген нәрсені— жұрттың құлағына құюға асық па.

Кішкентай кілтпен үлкен сандықты ашуға болады.

Өткенге тапаншадан оқ атсаң, болашақ саған зеңбіректен оқ
жаудырар.

Бақыт дегеніміз- бақытсыздықтан аулақ жүру дағдысы.

БулатШалвовичОкуджава

(1924)

Орыс ақыны.

Мен біреуге табынбасам болмайды,
Оған, тіпті, құмырсқа да жарайды.

Қуандық Шаңғытбаев

(1925-2001)

Қазақтың көрнекті ақыны, ҚР Халық жазушысы.

Мен жолымнан бір жаңылман, оллаһи,

Туыс далам, тыныш далам болса аман.

Жәукем алғыр, жарылардай көкірек,
Жәутең қағып жалғыз қалды жетімек.
Қанды шеңгел қара мұртқа табынған
Есіл ел-ай! Қайран иесіз өкімет!

Ату мен айдау, аһ ұру, аштық пен соғыс, алапат-
Сол болды сүйген көсемнен қазағым көрген марапат.

Әділ жанның толы арнасы тартылмас.

Тәңірім-ар!

Сүйемін туған жерді мен, бөлмеймін бұ жақ, о жаққа,
Сүйемін тұтас елді мен, айырмай орыс, қазаққа.

Қайран ел-ай, қан кешіп жүрмін мен де
Бір сен үшін жаным тегін!

Мен- қазақ! Тал бойымда қазаққаны.

От барда өзегімде өтем сен деп,
Туған ел, мен қазақпын атыңды ақтар.

Енді білдім: Отан деген өзіңдей әз ана екен,
Біреуге- тау, біреуге орман, біреуге кең дала екен.
Отан деген от басы екен, дос-құрбыңның арасы екен,
Отан деген біреудің жар, біреудің жас баласы екен.

Дала –менің есі-дертім, онсыз қабақ жабылар,
Сүйем оның үнсіз көркін, менде дала жаны бар.

Дала – анам, дала- бесік.

Дем болсам бір жұтатын заманыма,
Өтпесе, о дариға, өмір босқа!

Құлақтан кіріп, бойды алатын тамылжыған лирикалық ән- адам баласына бұйырған эстетикалық ләззаттың ең тәттісі...

Азаматтың ажалына адам, сірә, сенбейді:
Ұланасыр ғасыр сайын ұрпағына ұран боп,
Жанады ол, Жанады ол.Жанады олар!! Сөнбейді!!!

Бір өлмек бар тірілерге,
Бірақ сирек жақсы өлім.

Құнына келген қыршындай талай жастардың
Не деген қымбат бақытым едің, Бостандық!

Алшы, тауқа, омпә, шіге, бүгін де
Мен білетін мың сөз бар ғой тілімде.
Қуанышта, құса кезде, құдай-ау,
Қолқанат сол, қолқабыс сол тірімде.

Біреу- адал, біреу-арам, амал не,
Достық, қастық- әр пенденің өз дерті.

Жалғыздыққа адам өзі кінәлі!

Қателік кімде болмайды, опасыз деген ат жаман.

Айқасам деп ақынмен әуре болма,
Жаман атың жария болады елге.

Ғафу Қайырбеков (1928-1994)

Қазақстанның Халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Иесіз де киесіз ел болмайды – жүру керек тек соны дұрыс бастап.

Өнер деген бір байғұс өлтірер де тірілтер.

Өтермін сені әлдилеп, өлеңім менің, өмірдей ынтық ғашығым!

Жақын да едің, алыс та едің жастық деген жақсы ағайын.

Өмір – нәзік – өмір кірпік ұшында сол кірпіктің жабылмауын тіле,
сен!

Кешірет деп дүниеге келіп қалап, ылғи қате жасаған пенде оңар
ма?!

Уақыт қолы сындырса оп-оңай-ақ ертең сорлы болмағы бүгінгі ерің.

Өз басына қасиет бітпеген жан қасиет айтып, қасіретпен кімді
емдейді?

Жаспен төрді аларсың, жас жинаған бұйым ғой.
Жаспен алғансол төрді баспен ұстау қиын ғой!

Шомылып алайықшы ақ тілекке.

Болмаған соң екі өмір, бір өмірге дос керек.

Алдыма түс, мені алып ұш, аппақ желкен – сағынышым!

Ер жігіт жүрмес тағдырдың қамшысы тимей басына.

Жасайды бірге береке сүйікті біздің Отанмен!

Жалғыз жұтым ауаңды бер, Қостанай,
Жанға шипа дауаңды бер, Қостанай.

Жазуға жаман өлең, жасық сөзді
Нұрханның аруағынан әлі қорқам.

Жалғыз қазық мына жұрт – мен дүниеге туған жер
Жалғыз тұтам шуда жіп кіндігімді буған жер.
Туған жермен байлаған кетпестей ғып кіндіктен,
Бар ма екен деп ойланам, мықты нәрсе сол жіптен!

Ана тілім, күшім менің, қуатым,
Жырым сендік жүрегімнен туатын.
Тауысар ма ырысыңды, қорыңды
Дізелесіп қатар жазса мың ақын!

Адамдар жерде де, көкте де қуаныш, бақыт аңсап жүреді, ұшады.
Кіп-кішкене нәрседен олардың рухы өседі, қанаттанады, керісінше де

солай. Әсіресе, өнер адамдары бала мінезді, сәт сайын жақсылық дәметкіш келеді және ырымшылдығын қайтерсің...

Жолдар. Жолдар... Адам өмірін ұзартатын, байытатын, молайтатын үлкен себептердің, жақсылықтардың бірісің ғой сен.

... Көкшетау табиғаты – данышпанның мәңгілікке, сұлулыққа арнап соққан ескерткіші ғой.

Жылқы – қазақ даласының екінші есімі еді ғой.

Жаңа Торғайдың тарихы Арқалықтан басталады.

Ақиқат түбі – адалдық.

Юй Гуанчжұң (1928-...)

Тайвандық әйгілі қытай ақыны. Нанкинде туған. Кейін ата-анасымен бірге Тайваньға қоныс аударған. Тайванның, ҚХР-ның, АҚШ және өзге де көптеген батыс елдерінің мемлекеттік сыйлығының иегері.

Шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

«Мәңгі» деген бір сәт ол, бір сәт деген мәңгілік.

Ауылға деген сағыныш- тар түбектегі құба таң,
Бергі бетте мен жүрмін, арғы бетте ұлы Отан!

Жалғыздықтан басқа досым қалмады.

Мұқағали Мақатаев (1931-1976)

Қазақтың талантты, ақиық ақыны, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Отансыз жан өмірінде оңбайды.

Күн көреді әкесіз де баласыз,
Өмір сүрер әйелсіз де, баласыз.
Ал, Отансыз – нағыз сорлы панасыз!

Екі Отан жоқ. Жалғыз Отан – мекенің!

Айтсын деп ақиқатты тіл берген!

...Алматыны қадір тұт алдыменен,
Отаныңның қадірін білем десең.

...Айтарын ашық айтқан абайламай,
Дариға-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай!!!

Асығып алыс күндерге, бір белден асып бір белге,
Адасып қалмай бір жерде айсыз қара түндерде,
Отаныңда – іргеңде не жетсін өмір сүргенге!

Мына нұрлы өмірге тірек болған адамзаттың ұрпағы жоғалмасын!

Мейлі, мені шығарсын шірік қылып,
Мейлі, мені тастасын лақтырып;
Отанымды сүйемін күліп тұрып,
Отанымды сүйемін жылап тұрып.

Қазақстан! Пай-пай-пай! Ардағым-ай!
Сен менің Шолпанымсың, жанған ұдай.
Өзіңде өмір сүрген қандай бақыт,
Өлмейтін махаббатым, арманым-ай!...

...Ей, бауырым! Өз дәрежең болмаса,
Бұл жалғанда несіне өмір сүргенсің?!

Туған жердің топырағына тізе бүк!

Алматы – жүрегі Алаптардың!
Тау ұйқыға кеткенде бүлкілдеген.

Өмір керек көлеңке, шуағымен,
Өмір керек!

Кімдерге жақпай, аяулы болып кімдерге,
Бақыт дегенің – өмір кешу ғой білгенге.
Келуі де оңай, кетуі де оңай бірдемде...

Өрге тарт менің өр елім, өңгеріп мынау ғасырды!

Өз елім – менің өзегім!

Тыныштық деп аталатын сәби өсіп келеді.
Үрейменен өтеді ылғи тұнжыраған түндерім.
Сол сәбиді әлдилеген адамзатпен біргемін.
Қарғыс атсын! Атсын қарғыс! Түнге айналып күндері,
Сол сәбиді ұйқысынан шошытса егер кімде-кім!

Жерді – Анама,
Анамды жерге теңедім,
Екеуінен де егіз ұқсастық көремін.

Бәрінен айырылсаң өзіңнен көр.

Жастықтың аты сөнер, оты сөнер, қызуы бойда бірақ жоғалмасын.

Таудағыдай еш жерде күн шықпайды,
Түн болмайды еш жерде таудағыдай!

...Ей дүние! Тағзым ет басыңды иіп
Адамның құдіретті сеніміне!

Ақиқатты айқындап жариялар, бара жатыр азайып қариялар,
Дауыл тұрса бүлк етіп толқымайтын бара жатыр сарқылып
дариялар...

...Тірі жетсең, Болашақ өзі айтады қайсыңның қанша пұттық
салмағың бар.

Жауың бар ма, туған елім, атылайын садақтай.

Адам сезімін жан-жақты зерттейтін құдірет болса, ол – тек поэзия.
Басқа ешқандай да ғылымның қолынан келмейтін шаруа бұл.

...Поэзия – ғылым.

Ақынның өмірді зерттегені – алдымен өзін зерттегені. Ақын құдіреті
–өмірден өзін, өзінен өмір жасай білуінде.

...барым менің, жарым, жақсылығым менің – поэзиям, тек сені
сақтап қалсам екен. сені де өлтіргісі келе ме, қалай? Олай бола қоймас,
егер бола қалса, қалған өмірдің қызығы не маған?!

Ей, қалам ұстаған, қаламдас бауыр – қарындастарым, халықты ұмытпаңдар! Халықсыз күндерің қараң! Оны сүйемін деп байбалам салмаңдар. Оған тек ғашық бола біліңдер.

Адам өмірінің бақыты – балалық шақ. Балалық шақ бақытсыздықпен өтсе, санасы бар пенденің бүкіл ғұмырына ақау түскені!..

Адамзат! Болмайды, өз қадір-қасиетіңді қорға! Ақын атыңды сақта, нағыз ақынмын десең соған лайықты бол!

Өмір толы қауіп...

Табиғат сол өз қалпында-ақ әдемі, оны әдемілеудің қажеті жоқ.

Өресі жетпей, күндестік қылған оңбайды,
Өнерің жетіп, өсе алмай қалсаң, сол қайғы..

Жүмекен Нәжімеденов (1935-1983)

Ақын, жазушы. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты
ҚР Өн-ұранының авторы.

Балағынан бастайды құртатындар халықты,
Шабағынан бастайды құртатындар балықты.

Ар жағынан ұлы ызғар сезіліп тұр,
Жылтырайтын дүниенің беті ғана.

Жалғыздық деген- сын нағыз,
Жалғыз да болған жан емен.
Бұрамыз үшеу мұнда біз:
Тыныштық, арман және мен.

Өлгендерді ұмытпау да-
Бұл күнде
Қолдан сирек келетұғын ерлік қой!

Арманды асырайтын- адалдық.

Ақылы жоқ айла шіріп кетеді,
Ағысы жоқ ой да шіріп кетеді.

Жақсылық па –аян еткен жақсылық?!

Менің туған жерімнің тікенінде ұят бар,
Менің туған жерімнің қаңбағында салмақ бар.

Тіл өлсе- тірлігі не керек?!

**Қадыр Мырза Әли
(1935- 2011)**

Қазақстанның халық жазушысы, Қазақ КСР Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты

Орал облысының Жымпиты кентінде туған.

Адам боп оңай туғанмен ,
Адам боп қалу көп қиын.

Көлден үлкен теңіз бар,
Елден үлкен неңіз бар?!

Біреу нарын жоғалтады,
Біреу жарын жоғалтады.
Отанын жоғалтқан
Бірден барын жоғалтады.

Ең алдымен- ел қамы,
Содан кейін қалғаны.

Ел дегенде емірен,
Тіл дегенде тебірен!

Төліңнен безуге болады,
Еліңнен безуге болмайды.

Ер – елінде, балық – көлінде.

Сандуғаш та жат жерде сайрай алмайды.

Ұлт – ұлы атаң.

Жан-жаққа тартқан жұрт жұтап тынады.

Халқын сатқан пенденің барар жері – тозақ қана.

Ел азарда елді шенқор мен жемқор билейді.

Елдің жоғын жоқтау үшін
Елбасы болу міндет емес.

Зеңбірегі көп елді
Зерделі ел жеңеді.

Мақтан тұтар патшаң болса,
оған жетер бақыт жоқ.

Елін сүймеген ерлік жасамайды.

Ел үшін өлу – өмір сүруден де қымбат.

Жұртымен болған жұтамайды.

Елін ессіз сүйгеннен көзсіз батыр шығады.

Құшағың кең деп ашылма,
Дүние кең деп шашылма.

Ұлттың тілі – ұлттың ділі.

Балық тілсіз болса да,
Халық тілсіз болмайды.

Өз тілің – бірлік үшін,
Өзге тіл – тірлік үшін.

Өзге тілде сайрау қауіпті емес,
Өзге тілде ойлау қауіпті.

Тіл қатты таяқ жиді,
Тіл тәтті жая жиді.

Топтастыратын да – тіл,
От бастыратын да – тіл.

Тіл қан шығармай-ақ қансыратады.

Сүйексіз тіл сүйегіңді сындырады.

Ауру ауыздан кіреді,
Азап ауыздан шығады.

Тіл – елдігің,
Бірлік – белдігің.

Ана тілің алпыс тілге татиды.

Жемқордың жетекшісі – құлқын.

Көңілі кеңді көмейі кең жұтады.

Әйелдің қамшысы – тіл.

Әйел өлерінде айнаға қарап өледі.

Достық – бақыттың тіптен сирек түрі.

Досың сүрінсе – сен құлайсың.

Бір бала ғажап болып туады,
Бір бала азап болып туады.

Кей баладан зейнетақы жақсы.

Бала анасын екіге келгенше емеді,
Әкесін өле-өлгенше сорады.

Бала – тамаша,
Бала – болашақ.
Бала – берешек,
Әке – алашақ.

Анасын сыйламаған

Енесін сыйлап жарытпайды.

Мал базары тарқайды,
Бала базары тарқамайды.

Қасқырдың жаманы – қорқау,
Баланың жаманы – жалқау.

Көк болған соң,
Көкке лайық жұлдызың болсын.
Ел болған соң,
Елге лайық ұл-қызың болсын.

Ақшада ағайын болмайды.

Ар мен ақша ағайын бола алмайды.

Ақша алдымен иесін сатады.

Кедей байды жек көрсе де,
Байлықты жек көрмейді.

Мас адам өз көрін тұмсығымен қазады.

Адамның ішкі сыры ішкенда ашылады.

Көршіге тартқан баланың көзі ойнап тұрады.

Өмір – орталық базар.

Ақшаң жоғын сезсе, ағайын айналып өтеді.

Сараң сарқытында қимайды.

Рушылдық – іріткі,
Ұлтшылдық – ұйытқы.

Еліне кір келтіру –
Өзін өзі өлтіру.
Дүниенің ең басты жұмбағы-адам.

Адамдар дүниенің бәрін түсіндіргенмен, өздерін өздері әлі де болса түсіндіре алған жоқ.

Алпыс адам-бір жақ, ақын өзі бір жақ.

Өкеңді білмеген ештеңе емес, қаптаған халықтың ішінен ұлтыңды білмеген не деген сұмдық!

Адам алысқа қараймын деп, жақындағысын көрмейді.

Әулиелік туралы айту үшін өзің де әулие болуың керек.

Дүниеге шын ақын, ұлы ақын келген күні сонымен қабаттасып даңқтауады.

Азаппен келген даңқ – мәңгілік.

Талант – халық қазынасы. Талантты қадірлемеу халықтың намысына тиеді.

Адамның бүкіл өмірі өзін-өзі жұбату, өзін-өзі алдау.

Семіру шошқаның өзіне қандай сор болса, артық даңқ адамның соры (Қытай мақалы Қадырдың кітабынан)

Даңқ — өте қауіпті рухани есірткі.

Ақын – жазушылардың бәрі болмағанмен, біразы әдеби есірмен.

Қор қылу да, құдай қылуда халықтың қолында.

Пайғамбар жасау халықтың қолында, бекерге мәз болып, өзіңді-өзің алдау, алдану өз қолыңда.

Ең үлкен махаббат – халық махаббаты.

Халықтың ықыласына ешкім тиым сала алмайды.

Даңқ үстемелегенді ұнатады. Бір басталса біразға дейін жарылқайды. Қашан өзің бүлдіріп алғанша махаббат нұрына бөленесің.

Таздың басына, пұшықтың мұрнына қона салатын соқыр бақыт

сықылды емес, Даңқ – ешкімнің ырқына көне салмайтын бірбет құбылыс.

Лайық емес адамға даңқ жоламайды.

Даңқ- ойда жоқта біркүні келе салмайды.

Даңқ-нағыз таланттың жолсерігі, жұбанышы, көз жасын сүртетін беторамалы, жан жарасын жуатын таң нұры.

Даңқ – ақынның бірінші бақыты емес.

Ақынның бірінші бақыты – шығармашылық процесс. Ал қалған тірлігі қараңғы туннель.

Әр ақынның-егер ол шын ақын болса – тоқсан тоғыз қасіреті болады.

Ақындардың қасіреттері – кедейшілік пен жоқтық.

Кейде тіпті ақын неғұрлым дарынды, неғұрлым арлы болған сайын соғұрлым сормаңдай бола ма деп те ойлайсың!

Нағыз қайыршы ұрлық жасамайды.

Жалпы жоқтық деген пәле мықты ақындарды өте жақсы көретін болуы керек, қай заманда, қай елде болмасын, алдымен соларды іздеп табады.

Абыройыңды жауып жүрудің өзі оңай шаруа емес!

Саптыаяққа сыра құйып, сабынан қарауыл қаратып қойған зұлым заманда күнделік жүргізудің өзі өзіңнің үстіңнен өзің материал жинақтаумен бірдей. Өйткені күнделіктің құдіреті-шындық!

Қарыз алатындардың көбі – қарызды қайыра алмайтындар.

Жүйке ауруы – жалғызілікті емес, көп ағайынды.

Туғанда аяқ-қолың балғадай сап-сау болып туғанмен, ертең кім боларыңды бір құдай ғана біледі.

Әкелетін өмір де, әкететін өлім деп ойлаймыз, жоқ, меніңше өлім-өмірдің өзі.

Адамды ауыртатын да, өлтіретін де сол өмір!
Ол тек құжаттарға ғана Өлім деп қол қоя салады!
Өлімнен қорқатын ештеңе жоқ, Өмірден қорық!

Ақын — өзінің ішкі дертін, жан ауруын інжуге айналдыратын жұмбақ жан. Дегенмен арақтың істемейтіні жоқ, дәлірек айтсақ, істетпейтіні жоқ.

Бүкіл ақын атаулыны маскүнем ғып көрсету – мақсат емес. Менде ондай ой жоқ. Ал енді ішпейтін ақын тағы аз.

Арақ адамның шыңырауындағысын шығарып, тереңде жатқан дүлейін оятады.

Жынның момыны болмайды.

Жазымыштың жұмыр добы да, қайысқан қалың халыққа жоламай, әлдекімдерді айналып өтіп, ақындарды барып ұратын тәрізді.

Біреулердің неден өлгені, біреудің қалай өлгені, ал біреулердің қайда өлгені белгісіз. Жұмбақ тағдырларда жоқ емес.

Жалпы адам жоғалу, соның ішінде еліне белгілі адамның жоғалуы ақылға сыймайды. Бірақ жоғалады.

Өз өлімімен өлгенді қаза болды демейді. Ажалынан бұрын өлді деген міне осы.

Жалпы жазу үстелінің басында өлу – бүкіл ақын-жазушының арманы деуге болады.

Нағыз жазушы шындап келгенде ешкімге қызмет етпейді.

Қасқыр орманға қарап ұлыса, қазақ қырға қарап күрсінеді.

Екі өлең жазсам, соның бірі – Дала. Өйткені ойлайтыным — Дала

Адам кейде өз үйіне де сыймайды.

Көптің ішіндегі жалғыздық, аралдағы жалғыздықтан да жаман.

Коммунистік жүйенің қайтып келгенін өз басым қаламаймын.
Өйткені жегіміз келгенін жеп, ішкіміз келгенін ішкенмен, айтқымыз
келегенді айта алмадық, жазғымыз келгенді жаза алмадық

Ауыздан шықпай іште тұншыққан шындық шеменеге айналады.
Дерттің жаманы – сол. Ол адамды тірілей өлтіреді.

Өнер тұрған құпия

Өртүрлі дарындар түгіл, бір дарынның өзі кейде өзіне-өзі
ұқсамайды.

Көз адамдардың бәріне бірдей тәрізді Бірақ жай адам басқаша
көреді де, жазушы адам мүлде басқаша көреді.

Ағашты тамырынан, тамырды топырақтан ажыратып әкету қалай
болар еді?!

Өнер жүрген жерде еліктеу болмай тұрмайды.

Кез-келген жас дарын қашан дараланып өзінше қалыптасып
тынғанша бір мықтының тартылыс күшінен шыға алмайды.
Шығармашылықта емес, жай тіршілікте де ұстаздың әсері көрініп
тұрады.

Ақша талғамға қызмет етеді.

Кейде жоқтықтың өзі жаңа моданың тууына себепкер болады.

Ақындар тірлігінде жалпы логикаға сыймайтын құбылыстар жиі болады.

Өнер адамы үшін шығармашылықта үшін, тіршілікте болсын, ең ақыры киім – кешекте болсын, ешкімге ұқсамау – басты міндет.

Өз басым қазақ тарихын біздің елімізге арақ-шарап деген пәленің келгенге шейінгі, келгеннен кейінгі дәуірі деп екіге бөлген дұрыс болар еді деп ойлаймын.

Жалпы арақ-шарап келгенше ұлттық мәдениет, ұлттық дәстүр қауіпсіз тірлік кешкен тәрізді.

Арақ-шарапқа дейінгі шейінгі дәуір-қымыз дәуірі. Әдебиет пен өнер үшін бақытты, кем дегенде жартылай бақытты кезең.

Егер шатақ шығару керек болса, қымыздың өзі жетіп жатыр. Ал шабыт шақырып, шығармашылықпен шұғылдану қажет болса қымыздан артық ішімдік жоқ!

Арақ ішіп жақсы бірдеңе жазды дегенге сенбеймін.

Көптеген классикалық әндер мен классикалық өлең-жырдың бастауында қымыз тұрғаны ақиқат

Қымыз дәуірі-серілер дәуірі.

Сәнді киіну- сал, серілер үшін негізгі шарттың бірі.

Күйтабақты бір аударып салатын, әйтпесе тіпті басқасын қоятын кез болды-ау деймін.

Көлігі бардың қашанда өрісі кең.

Махаббат ол-ең алдымен өмір. Ал өмір біз ойлағаннан гөрі күрделі, әлдеқайда күрделі құбылыс.

Қай бұрышта, қай қалтарыста қай зұлымның қандай қару ұстап тұрғанын білу қиын.

Кез-келген қарым-қатынастан, тіпті төсектік қарыс-қатынастың өзінен махаббат іздеу дұрыс бола бермейді. Ал нағыз махаббат дегеніміз-өткінші жаңбыр емес. Ұлы сезім.

Үйкүшіктік жалпы адамға тән қасиет емес.

Сулейменов Олжас (1936)

Ақын, саяси және қоғам қайраткері, дипломат. Халық қаһарманы.

Мәдениет дегеніміз – кісілер арасында адам болу өнері.

Гүлденген мәдениет дегеніміз – сан ғасырлар бойы өзге мәдениеттермен үзіліссіз байланыс жасаудың жемісі. Тілге қатысты да осыны айтуға болады.

Өзінді-өзің тану тәрізді, тарихты танып-білу де қазіргі даму процесіне аса қажет әрекет. Ол – болмай қоймайтын жоғалтулар, мұны тереңірек сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге процеске кең жол ашады.

Құсбелгілік – аңшылықтың ең көне түрі.

Шындықтың наданның табанының астында шырылдап жатқанын көргенде, немкетті сезімнің де дәті шыдамайды екен.

Сөз дегеніміз – дәйек.

Нағыз тіл маманы сөздің ішкі құдіретін сезіне алу керек.

Тілдер туыстығы – мәдени туыстық.

Неге поэзия – тек сезімнің, ал ғылым тек зерделіліктің көрінісі болуға тиіс? Ақылсыз адам шығарған өлең жолдары нақылға айналмайтыны хақ.

**Збигнев Ежина
(1938)**

Поляк ақыны.

Бәрі Құдайдың қолында, тек Тарих қана оның уысынан шығып кеткен.

**Александр Николаевич Жуков
(1939)**

Инженер, ақын.

Алғашқы күнәдан пәк не болуы мүмкін?

Тетік кішкентай болса, оның қозғалысы да көп болады.

Егер қар адам бар болған болса, ол баяғыда-ақ жоқ болар еді.

**Әбіш Кекілбайұлы
(1939-2015)**

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстан Республикасының алғашқы Мемлекеттік хатшысы (1996-2002).

Адам мен адамды, халық пен халықты, мемлекет пен мемлекетті жалғастырар ең берік дәнекер – мүдде жақындығы ғана. Күндердің

күнінде күллі адамзат бір ененің баласындай ынтымақтасып кетер заман туып жатса, ол да осы мүдделер жақындығының арқасында ғана орнай алмақшы.

Мақтан мен көкіреказ түгілі көптің өзін мерт етсе, ақыл мен сақтық көп түгілі аздың өзінің көсегесін көтере алады. Ол үшін ешқашан өз мүдденді өзгенің мүддесіне қарсы қойма, қайта одан олжа түсірер ортақтық ізде...

Күштіліктің шын аты – Мәңгілік...

Астындағы тақты кебісіңнен мықты көрме – оданда сыз өтеді. Үстіңдегі ақ орданды сауытыңнан мықты көрме – одан да оқ өтеді.

Шын шеберді шыңдайтын өзгенің көзі.

Дүниеде адам үшін жалғыздықтан асқан азап жоқ.

Адам жүрегінің еңбір тұңғиығынан шымырлап шығатын қимастықтың, ыстық іңкәрдің емін тапса махаббат қана табатын шығар.

Еркек үшін ата-мекеннің тыныштығы, ата-бабаның аруағы, ақ некенің беріктігінен артық намыс жыртатындай не бар?

Адамға біткен астам даңқ, астам күш, астам өкімет, астам дәулет, астам өнер, түптеп келгенде, бәрі де бақыт емес, сор шығар.

Әрбір мақтан әсіре құштарлық. Әрбір әсіре нәрсе күпірлік. Әрбір күпірлік күнаға батырады.

Келістірер сөз тек кемеңгердің көкейінен шығады.

Жер бетінде қанша қырғын соғыс болса да жеңіс жердікі. Ол үстіне сиыспаған адамдарды астына ап, оп-оңай-ақ сиыстырады.

Адамшылықтың басы – аяушылық. Аяушылық жоқ жерде адамшылық та жоқ.

Жаралы аңды жарасынан сипап райдан қайтарсаң, жаралы адамды да алыстан орағытып, ақылға шақырып, сабасына түсіресің.

Қас-дұшпанға иінің түсіп, еңсеңді жібере берсең, сездірмей сорып, білдірмей қылғытатынасқазанына әбден жайлы жылы-жұмсақ қылып алады.

Көзден ұйқы қашса, көңілге ой үйір.

Уақыт өтіп жатыр. Өмір өзгеріске толы. Оның бағыт-бағдарын әрқайсымыздың жеке-дара және жалпақ әлеумет боп толғанатын ой-пікіріміз анықтайды.

Сана өзгермесе, сапа өзгере ме? Сапа өзгермесе, өмір өзгере ме?

Қай мәселеде де бір-біріміздің мұң-мұқтажымыздұрыс түсініп, бірге қамдастыра білсек қана, қазіргідей аса жауапты тарихи кезеңде керексізкіжіңдерден аулақ тұра аламыз.

Құқылары бірдей азаматтар өздерін азаматымын деп танитын мемлекеттің шарттары мен талаптарын орындауға да бірдей міндетті болуға тиісті.

Тәуелсіздігіміз бекем болсын десек, Қазақстанда да, қазақта да бірлік болғанына тырысуымыз қажет. Ол үшін қауым болып, өз ұйтқысын өзі шайқайтын парасат жолында қам жегеніміз дұрыс. Ал мемлекетіміз сол ұйтқыны қалыптастыра алатындай ұқыпты саясат жүргізуге міндетті.

Арға тартпай – арман тұл,
Намыс қумай – мақсат тұл.

Өнерді өмірлі ететін – шындық. Шындыққа адал қызмет еткен таланттан ғана кемел суреткер шықпақ. Шындыққа адал шығарма ғана ұзақ өмір сүрмек. Осы бір даусыз қағиданы жүзеге асыру үлкен таланттың өзіне де оңайға түспейді. Суреткерлік дарынмен қоса азаматтық ерлікті де қажет етеді.

Күлкі – шабуын білмесең, өз тірсегіңді өзің қиып түсіретін нар кескен қылыш сияқты қатерлі қару.

Азамат үшін өз өмірін өрелі мақсат жолында сарп етуден артық мұрат жоқ.

Сонының жолы қашан да қиын болмақ.

Күш көрсеткеннен әділетсіздік көбеймесе, азаймайды. Қиянатты қиянатпен түзей алмайсың.

Кез келген әрекеттің кеңістік пен уақытқа тәуелді екендігі белгілі.

Қай мәселені де, ең алдымен, біздің тәуелсіздігімізге қандай ықпал ете алатындығымен бағалауымыз керек.

Жұмыстың ауыр, жеңіл болуы өзіңнің оған қандай маңыз беруіңе байланысты.

Нарыққа да парық керек.

Кіріптар кезде кібіртік, азат кезде аусар, бодан кезде монтаны, бостан кезде бейпіл болу да – іргелі қауымға жараспайтын қылық. Бірден күрп ете қалмадық деу де күпірлік.

Дәл мынандай заманда өзіңді ойламау – обал. Өзіңді ғана ойлау – күнә.

Жақсының тойы халқының мерейін тасытып қана қоймай, ұрпағының жігерін қайрап, ұлтының парасатын шыңдайтыны айдан анық.

Азаттықтың жолы азапты. Бостандықтың жолы бұралаң. Тәуелсіздікке тек тәуекел ғана жеткізеді. Еріңе бітпеген тәуекел еліңе де бітпейді. Ерінің обалына қалатыны сондықтан.

Қатты жабылған есік қайтадан ашылғанмен, жұмсақ, жайлы ашылмайды.

Тәуелсіздігімізді сырттың ала көздігінен, іштің алауыдығынан аман сақтап қалу – біздің тарих алдындағы ең басты парызымыз.

Біреуге талап қоймас бұрын өзіңе өзің қатаң талап қоя білуге үйренген лазым. Бұл, әсіресе, жас қауымға керек.

Ғасыр тоғысына көзі тірі жететін ұрпақтар тарихи міндет бөлісуді қай кездегіден де сергегірек, жітірек және аса нәзік жүзеге асыруға тиісті.

Бүгінгі отаншылдық – төзім.

Бүгінгі ерлік – сабыр.

Бүгінгі елдік – тыныштық.

Қазіргі адал ниетті отандастарымыздың бір-біріне жасай алатын содан басқа жақсылығы жоқ.

Тәуелсіз даму – өткенді мұқият зерделемей, келешекті кеңінен болжамай, жүзеге аса қоймайды.

Тілдік жарасым жоқ жерде әлеуметтік жарасым болмайды. Ал, әлеуметтік жарасым тек әділетке ғана сүйене алады.

Қандай лауазым иесі өз өкілеттігі аясынан аспауы керек.

Озбырлық наразылық тудырмай тұрмайды.

Президентке қолпаш емес қолдау керек.

Елді өркениетке жеткізудің тәуелсіздіктен басқа жолы жоқ.

Тарих тек өз кезеңі тұрғысынан қарасаң ғана сырын ашатын тылсым жұмбақ.

Жақсыны тану үшін де парасат керек.

Өз ұлты мен әдебиетінің келешегін ойлаған кемел ақыл өзге мәдениеттер тағдырынада енжар қарай алмайды.

Жанға түскен жараның жазылуы оңай емес.

Дер кезінде айтылған сөз – тарихи ерлік, тыңдырылған шаруа – тарихи әрекет.

Ұлы тұлғаны уақыт аласарта алмайды.

Өз тарихының тауқыметті тағылымдарын терең ұғынып, өміршең дәстүрлерін өнікті жалғастыра алатын қоғамдардың ғана көсегесі көгере алмақ.

Бодандық дегеніміз обал-сауабыңды біреуге артып, құдайдың салғанына көніп бағу. Бостандық дегеніміз өз тағдырының жауапкершілігін өзмойнына алып, өз қамыңды өзің қамдау.

Фариза Оңғарсынова (1939-2014)

Қазақтың талантты ақын қызы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Көк мөлдір көгім – ағалар!

Тіріде сап сан бүлікті, өлгеннен соң жоқтаған
Ал осы бір заңдылықты құртар заңың жоқ па, Адам?

Құрбандықсыз келмейтін жеңістердей,
Жазылса жыр ақынның қаныменен,

Ескерткіштей сол ғана нағыз өлең.

Есейіп ерте білдік пе өмірдің дәмін татып біз:
Ежелден мына тірлікте сезімтал жандар бақытсыз.

Даламыз жазық болса қанша біздің,
Сондай кең пейіліміз де баршамыздың.

Білмесең таны, досым, жақын барып,
Шетінен қазақ деген ақын халық.

Мақтауға ол мейлі тұрмасын, болмасын дана тұлға шын –
Сүйікті болу, сүю хақ, адам боп жаратылғасын.

Жыр сөзі – шындық сөзі.

Азамат атқа шапқанда қыспаса жұрты тақымын,
Күнкілдеп тұрса ақырын береке кеткен ел болар.
Дұшпанға таба, жем болар, тасқынның алдын тоспаса, алапат асау
сел болар...

Жол – дария, тұрмайды ағын ұрмай.

Жыршы емес, елдің жүгін тарта алмаса,
Таңдайға алмас сөзді, арқандаса,
Іштегі буырқанған жай тасқыным
Жасқанып, ақтара алмай жалтаңдаса!

Жалғыз қалар міні жоқ дос іздеген.

Айыптама ерсі деп мұңымды, ана:
Заман жаңа бұл күнде, ұғым жаңа,
Киім жаңа, түр жаңа. Тексіздіктен
Сақтап жүрген мені тек тілім ғана!

Біледі адам тамсанса таңдай кеуіп,
Тамшы судың қадірін сонда ғана.

Жалған достар ертең жоқ, бүгін бірге
(Көрмегендей сыртберер – сүріндің бе),
Ісі бітсе, ісі жоқ сеніменен –
Өлдің бе, тірілдің бе.

Өркім өзін құдайдай сезінгенмен,

Бір-бірінсіз түк емес адамдарың.

Қайғылыға қылышын кеземейді,
Ат құйрығын үзіскен дұшпаны да.

Артық қайғы болмайды адам өзін
Ешкімге де қажетсіз сезінгеннен.

Қойшығара Салғараұлы (1939)

Ақын, жазушы. ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1996).
Қостанай облысының Көкалат ауылында туған.

Елім деген ізгі оймен,
Тазарсын ішкі сарайың!

Тарих – ұлы ұстаз.

Елді көреген көсем басқарса,
Елдің естісінің бағы жанады.
Елді көркеуде надан басқарса,
Елдің естісі есінен танады.

Сана түзелмей, іс түзелмейді.

Ұлттық сана – ұлттық дүниетанымға негізделеді.

Халықтың тамыры – дәстүр.

Мәңгүрт дейміз, жазғырамыз жастарды,
Ал соларды мәңгүрт қылған өзіміз.

Өз ұлтына деген құрметтің көрсеткіші – ұлттық сана-сезімнің
қалыптасу деңгейіне байланысты.

Ұлттық намыс – азаттықтың жаршысы, құлдықтың қас жауы.

Дәстүр бұзылған жерде халықтың халықтығы бұзылады.

Тіліміздің тағдыры – біздің өзіміздің тағдырымыз.

Халық деген – өзіміз. Өзіміз өзгермесек, өмір де өзгермейді.

**Қажытай Ілиясұлы
(1939-2013)**

Дарынды ақын, атбегі, сазгер, сатирик, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

Өнердің жаны – құштарлық,
Жауы – іштарлық.

Өтірік қолпаш
Өнердің өңін түсіреді.

Шала өнерпаз
Шалабын шарбатқа балайды.

Өнерліні өнерлі аялайды,
Өзімшіл аямайды.

Өсер елдің өнерін
Ұл басқарады.
Өшер елдің өнерін
Сұм басқарады.

Ошарлы озбыр
Өнердің қамын жемейді,
Өнерлінің жанын жейді.

Зорлық зорайған жерде,
Өнермен алатын олжаны
Өлермен алады.

Аярда тіл жоқ, мін бар...
Ал «Мін жоқ, тіл бар»
Деуін ұғатын кім бар?..

Тілді білмеген,
Дымды білмейді.

Аярдың ылаңы
Қалпынан білінбейді,
Артынан білінеді.

Қаскүнемді көргенді,
Маскүнемді мәпелегің келеді.

Кісілігі жоқтың
Кішілігі жоқ.

Бір мылжыңға билік тисе,
Отыз қыртқа орын бар.

Жақсыға ілессең, жадыратады.
Жаманға ілессең, тәңір атады.

Орынсыз сөз
Ожардан шығады.

Өзімшіл,
Өз басын кемітпейді.
Өзгенікін кеміктейді...

Өнерге өле қызығу –
Адамдықтың нышаны.
Өнерліні қызғану –
Надандықтың нышаны.

Үйлеспейтін атақтан
Үкілі бөркім артық.

Тілді құрметтемеген,
Кімді құметтемейді.

Жікшіл жиналса,
Сұңғыланың тұғыры
Сұмпайыға бұйырады.

Топтанған тобыр
Толымдыны тонап,
Дарындыны талайды.

Озбырдың ізінен
Ойбай шығады.

Озбыр орға жығылса да,
Жөнге жығылмайды.

Шерміш шіренсе де
Шекесінен қарайды.
Шерленсе де,
Шекесінен қарайды.

Өзімшілдің ығында
Оңған адам жүрмейді.

Жауыздық – заманның кінәсі емес,
Адамның кінәсі.

Қылмыскер,
Кісіден қорықпағанмен,
Ісінен қорқады.

Аярдың сырты сыпайы,
Іші тұрпайы.

Адалды адал қолдайды,
Адам қорғайды.
Аяр қорлайды.

Бақмасыл мұңдануды білмейді,
Бұлдануды біледі.

Қарт қадірін білмеген
Ат қадірін біле ме?!

Ақын болатын бала
Атқа әуес.
Әкім болатын бала
Таққа әуес.

Тура би тура тартады,
Туғанды би қуға тартады.

Білімді білмегенді
Білдіріп тұрады.
Білімсіз білімдіні
Бүлдіріп тынады.

Көргенсізге
Көз жасың да күлкілі.

Өзіңдікі өзіне
Аздай көрінеді,
Біреудің тауығы
Біреуге қаздай көрінеді.

Төмен қарап жүргеннің
Түкіргені білінбес,
Берекесіз ауылдың
Күтінгені білінбес.

Дәлдір көбейсе,
Данышпан далада қалады.

Зобалаң зорлықтан туады.
Өлім қорлықтан туады.

Шермішке де шен керек.

Аярдың күн көрісі де,
Қорғанысы да – арсыздық.

Аяр арбаса,
Бүркітке де
Боқ шоқытады.

**Иосиф Александрович Бродский
(1940-1966)**

Орыс ақыны.

Ендігі жерде әлемді құтқарып қалу қолдан келе қоймас, дегенмен
жекелеген адамды құтқарып қалуға әбден болады.

Проза өзгеше тәсілмен жалғастырылған поэзия ғой.

Есенбай Дүйсенбайұлы

(1940)

Ақын, Ұлы Абайдың 150 жылдығы құрметіне тұңғыш рет өткізілген республикалық жазба ақындар мүшәйрасы бас жүлдесінің иегері. Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың (1990), Қазақстан Жазушылар одағының І.Жансүгіров атындағы сыйлығының лауреаты.

Тойып кекіріп – тойлайтын емес, толымды тірлік тындырдым ба деп өкініп – ойлайтын кезің.

Анау бір шақта ата-ананың алты жасар «қуаныш дәрісі» едік, енді елдің алпыстағы «уайымшыл кәрісі» болыппыз.

Әділетсіздік – тазалықтың, пәктіктің, адалдықтың тажалы.

Ақын – халықтың ішкі дүниесінің жыршысы.

Қоғам жаңғырып, тазармайынша, әділет таяқ жей береді.

Әдептілік таразысы – әділ сын.

Адамдық өлшемі – адалық.

Жолдастық тек арқадан қағып, маңдайдан сипап қою емес.

Бекер басқан адымыңды бетке айту-бірінші жолдастық, бірінші достық.

Жолдан безгеннің тезі – жолдастық соттың сөзі.

Өкіреңдеу – әлсіздіктің айқайы.

Аяқтан шалу – алаяқтық.

Көлеңкеңді күзету – көргенсіздік.

Көзіне мақтау – көлгірлік.

Сыртыңнан даттау – сорлылық.

Жолдастың иығы – асқар таумен тең.

Сөз де – күрескер, тәрбиеші.

«Ит мініп, ирек қамшылаған» именшек сана итаршылыққа тән.

Дүбәра басшы тіл бұзар, дүмше молда дін бұзар.

Миллиард – бір түйір дәннен басталады.

Туған жердің түтініне де түк жетпейді.

Цэдев Дожоогийн (1944)

Көрнекті монғол ақыны, әдебиет зерттеушісі. Сексенінші жылдары Монғолия Жазушылар одағын басқарған. Тоқсаныншы жылдары Жапонияда тұрып, монғол тілінен сабақ берген.

Жұлдыздарға ұшуды талай бала
Үйренеді
Тұлпардың арқасында.

Замандас деген бір сөзде:
Айрылмас жан достарым бар,
Тағдырлас жолдастарым бар.

Жолықсаң махаббатқа
Мазда мәңгі!

Құны жоқ кәусар судың тегінде, аса,
Балалар айдынына шомылмаса-
Не керек бау- бақшаның жайқалғаны
Балалар саясынан табылмаса?

Мына біз мұрагерсіз не болармыз,-
Тамырсыз қу ағаштай жоғалармыз.
Мына біз ізбасарсыз не болармыз-
Құр кеуде, бос кеуекке саналармыз.

Өр Алтайға шыққан жанның
Бірі шаршап, шалдықпас.

Тұлпардың жалы- асқақ,
Сұңқардың жаны- асқақ...
Отанның сенімі- асқақ,
Елімнің елдігі- асқақ.

Ғұмырдың шегін адам көрсем дейді,
Ал өмір- шексіздік қой...
Өлшенбейді!

**Темірхан Медетбек
(1945)**

Ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

- Жұрттың қалай екенін қайдам, мен үшін адамгершілік, ар-ождан экологиясы барлық экологиялардың түп-тамыры, түпқазығы сияқты.

Өйткені адмагершілік, ар-ождан экологиясы тазармай, сол экология сауықпайды деп білем... олардың орнын бойкүйездіктің батпағы мен немкеттіліктің ақ сортаң топырағы жайлап бара ма деп қорқам.

- Не болғанда да, қазір адыраңдаған «оңбаған» деген сөздер сөбейіп, жайраңдаған «айналайын» деген сөздер азайып, тартылып барады.

- Заман мен уақыттың кесек-кесек сөздерімен сөйлеп тұрған қадірлі кабинеттер бар.

- Иә, өлең деген қызық қой. Сол нәрсеге де сергек, ояу!

- Иранбектің баласы, маңдайындағы жалғыз ұлы қайтыс болыпты. Ауыр қаза. Бірден үйіне бардым. Бүкіл үй-іші еңіреп тұр екен. Жылап жібердім!

- Дүкенге анда-санда бірдеңе түсе қалса, сол жерде адамдар тізбегінен ұзыннан-ұзақ шұбалып, денесі толқып шиыршық атқан алып айдаһар пайда болады.

- Махамбет қазақ халқының ашу-ызасынан, кек пен намысынан жаратылған.

- Рухты ел ғана ешкімге кеудесін бастырмайды, жағасынан алдырмайды!

Рухты ел қарағайға біткен бұтақтан қайратты!

Рухты ел еменнің иір бұтағындай берік!

Рухты ел найзағай бұтақтарындай жалт!

Рухты ел бөркін шың басындағы бұлттай оқшырайтып киетін асқақ!

- Алтынан соқса да бұғаудың аты бұғау!

**Серікбай Оспанұлы
(1945)**

Ақын, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры

Теледидар ойсыздыққа,
Кітап даналыққа бастайды.

Оқу оздырады

Білімді адам – қуатты да, шуақты да болады.

Ілігіңе емес, білігіңе сен.

Көкірегі күңгіртті күннің көзі сәулелендіріп, көктетіп, көгерте
алмайды.

Ақылсыз қыздың ажары – соры.

Өркім өзіне лайық іс істейді

Жылан ешкімді шақпайды,
Тиіссе тыныш жатпайды.

Адамның бір-бірімен түсінісуі тілінде емес, жүрегінде. Бір тілде
сөйлесіп тұрып бірін-бірі ұқпайтындар көп.

Адамның бәрі бірдей емес. Қуануды, қайғыруды білмейтін
қуыршақтардың ғана бәрі бірдей.

Өмірдің тәттілігі – мәні мен қысқалығында.

Өмірге келген күнің болған соң кететін күніңнің де болатыны ақиқат.

Жаяуға көлік, қайықтыға өзен болса, өмірдің қызығы да болмас еді.

Мейірімді оятатын – мейірім.

Баланың тәттіге құмарлығынан үлкендердің тәттіге құмарлығы
қауіптірек.

Ананың махаббатына тең келер өлшем жоқ, Отан – ұлы Анаң!

Табиғат – тағылым

Уақыттың қамбасын толтыру адамның міндетінде

Ойлы адам – бірнеше адам,
Ойсыз адам – ешкім де емес!

Қисық-қисық болып бұралып өскен қайыңды «биші» дейміз, ол еріккеннен «билеп» тұрған жоқ қой...

Бір түндік қызық үшін өсіп тұрған жасыл шыршаны кесіп алатынымыз-ай...

Аспан жұлдыздарын көпсінбейді.

Еменді шулататын да, жылататын да жапырағы.

Өзіңе өзің сенбесең,
Өзгеге қалай сенесің?
Өзіңді өзің жеңбесең,
Өзгені қалай жеңесің?

Өмірдің парқы мен нарқын білгеннің бақыты баянды.

Бесікті тербететін сен,
Ержететін ертеңің.

Қыспен мұз ғана жылап қоштасады.

Адам қараңғыдан қорқады.

Өтірікшінің шындығы да жасқаншақ.

Мейірімдіден салқындық қашады.

Толқыны асау тереңнен кейде адамға тайыз қауіптірек.

Мақсаты көпке уақыт жетпейді,
Мақсаты жоққа уақыт өтпейді.

Мінезің жаман болса, - жауың,

Жақсы болса, - бақша-бауың. ***

Сөз – жанның ауа-райы. ***

Өркеніңе сенгенің –
Ертеңіңе сенгенің. ***

Егіннің толқындары –
Өмірдің толқындары. ***

Шындық шырайландырады,
Өтірік өкійтеді. ***

Шариғат – сабақ,
Табиғат – тамақ. ***

Өзі өтірікші өзге түгілі
Өзіне де сенбейді. ***

Жалқаудың жаны мүгедек ***

Талантты талап шыңдайды. ***

Еліңнің де,
Еріңнің де
Еңсесінің биіктігі –
Болашығына сенімінде. ***

Сөзден ой көп ***

Көз – көңілдің тілі ***

Гүлге де күн түседі,
Күлге де күн түседі. ***

Құдығы бірдің күдігі бір ***

Адалдық адастырмайды,
Жалғандық жанастырмайды. ***

Сөз бен сөздің арасын
Қабілеттілік жалғайды.
Ел мен елдің арасын

Әділеттілік жалғайды.

Үлкеннен именбеген
Кішіні кісі демес.

Ақынды өлімнен өлеңі арашалайды,
Шеберді өнері арашалайды.

Құланның жабысып кене төсіне,
Қыранның да шыбын қонады басына.

Егер басқаларға жарығың түспесе, көк төсінде жұлдыз
болғаныңның керегі не?!

Ізгілік, Мейірім жазылған жүрегім – қызыл кітабым.

Қарғаның жемі – қара қи,
Қыранның жемі – аспанда.

Аққудың Отаны – айдыны,
Бақаның Отаны – батпағы.

Ойланып сөйлеген опық жемейді.

Адалдың дұшпаны – арамдық,
Наданның дұшпаны өзі

Иман тіліңде ғана емес,
Жүргіңде болсын.

Қайырымдыдан қайғы қашады.

Елдің ұлы бола алмасаң,
Ақындықтың да,
Әкімдіктің де құны жоқ.

Соғыстың, небір бүліктің бастауы – асып-тасуда.

Өмірде мігітке орын жоқ, жігіттің орны – асқарда.

Бұлт пен тұман күннің көзін жабуға неге құштар?

Даңқың күнмен теңессе де
Халқыңнан биік емессің.

Ұлт қамы мен Ұлан қамынан биік мақсат жоқ.

Даналықтың бастауы – терең әрі кемел ой.

Немқұрайлылық пен салғырттық – мәңгүрттікке бастайды.

Қатардан қалмау дұрыс та шығар, тоғышарлыққа жетелеп жүрмесе.
Озғанғана жетсін.

Шыбықты шынықтыратын дауыл

Өсек-аяң дегендегі

Өсек – өтірік,

Аяң – көпірік.

Кітабы жоқ үй бұтағы жоқ ағаш сияқты.

Адамзаттың қуат-күші – болашаққа деген сенімінде.

Күннің көзі өзін жапқан қара бұлттарды да арайландырып жібереді.

Көз де сөйлейді

Өзіңнің жансарайыңды тазартып алмай тұрып өзгенің жансарайын
тазарта алмайсың.

Табиғатта жасандылық жоқ

Алматы-биіктігіміз, Астана-кеңдігіміз. Еліміздің еңсесі биік болуы
екеуіне байланысты.

Асқақтық Алатауға ғана жарасады

Шыдам шыңға шығарады

Бірлікке ұйыспағанды

Ұйыстыратын қара жер.

Тірлікте сиыспағанды

Сиыстыратын қара жер.

Адамның жауы – адам.

Күн– көз, Ай – айна

Жастық пен қарттықтың, өмір мен өлімнің арасы қандай жақын?!

Іні болу оңай, үлкендік үлкен міндет жүктейді.

Адамның ісіне айыптап қарағаннан байыптап қараған дұрыс-ау...

Ән-күймен армандарын жыр еткендер де, мәңгілікке аты өшпей қалған дарын иелері де бәрін табиғаттан көшіріп алған.

Ел қамын жеп мұңайған кісінің мұңы қарын қамын ойлайтындардың бақытынан артық.

Күлген аспан жылай да алады.

Ең ауыр жол бейітке апаратын жол.

Бір тамшы су – қарлығаштың көңілі, бір тамшы у адам өлтіреді.

Барлық тілде сөлейтін ән мен күй ғана.

Зағип көзі – көкірегінде, саусағы мен таяғының ұшында.

Орманды кейде өзінің шырпысы өртейді, өз ағашы сап болған балта шабады,

Жылусыз сұлулық өрттен де қауіпті.

Күзде сарғайып, ағаштан ажыраған жапырақтардың тағдыры желдің қолында.

Гүлдің соры әдемілігі.

Уақыттың қолынан қартайту келгенімен жасарту келмейді.

Ата-анаңның аты-жөні жазылып, суреттері қашалған таста жылу жоқ деу қиын.

Қатты ағаш тез жанып кетеді, қызуы мол, күлі аз.

Уақыт шегінбейді. Уақытты бір сәтке шегіндіре алатын бірге оқып,
бірге өскен достарың ғана.

Қазақ үшін жердің жүрегін қозғап, соқтыратын тұлпардың тұяғы.

Жаныңның жаңбыры – көз жасың мен асыл сөз.

Арман орындалмағанмен биіктерге бастайды.

Алтын болса бір тісі,
Өзгереді күлкісі.

Күн батқанда Ай жарық, Айсыз түнде жұлдыздар сәулелі.

Адал құстар мен аңды атып жейміз де, арамдар неге көбейтіп кетті
дейміз. Аққудан қарға, қаздан құзғын көп.

Өмір-пойыз, әр адам жолаушы, әр адам жолсерік.

Көңілдің күзі мен қысы болмайды,
Гүлі солмайды.

Тас кереңнің тас кереңі, соқырдың соқыры дерт пен өрт.

Шаңырағы – аспан, көкжиегі – кереге елдің көңілі кең болмауы
мүмкін емес.

Көбелек отқа ұмтылады,
Көк шыбын боққа ұмтылады.

Шашыңды жасырғаныңмен,
Жасыңды жасыра алмайсың.

Табиғатты ұққаның-
Шариғатты ұққаның.

Ақшасы бар аспанға қарайды,
Ақшасы жоқ жасқана қарайды.

Ақша ақымаққа абырой әпермейді.

Саңырау ерінге қарайды.

Біреудің көкірегі – төр,
Біреудің көкірегі – көр.

Көз – оқ, әрі мейрім,
Сөз – от, әрі пейілің.
Күйінгенде жалын атады,
Сүйінгенде жадыратады.

Дәрі тәніңді,
Жақсы сөз жаныңды емдейді.

Еңсесіз ел де,
Ер де болмайды.

Адамның жаны - кейде мұрнының, кейде иненің ұшында.

Тажалдан шегінгеніңмен,
Ажалдан шегіне алмайсың.

Жаныңа жарың ілессе, жарыңның жанарына жарық ілессін.

Сәбилердің бәрі – ақын, ақындардың бәрі – сәби.

Күлкі торға түсіреді,
Ашу орға жығады.

Мансапқорлық жаман емес, ішіп-жеуді ғана аңсамаса,
Байлық жаман емес, жемқорлық жасамаса.

Гүлді жел түрткенімен оятатын таң.

Адам биіктік пен кеңдікке,
Әділеттілік пен теңдікке
Арқа сүйейді.

Байқаңызшы, ағасы-ау,
Бейтаныс жердің бәрі асау.

Бірін-бірі ұға алғандардың бәрі ағайын,
Ұға алмағандардың бәрі бейтаныс, жамағайын.

Көз өртегенді
Сөз сөндіре алады.
Сөз өртегенді

Көз сөндіре алмайды.

Махаббат, шаттық – жан емі,
Сұлулық пен байлық –
Адамның ішкі әлемі.

Аурудан сақтайтын – тән тазалығы,
Әлемді сақтайтын – жан тазалығы.

Мәнділік пен Мәңгілік, Сенім мен Сергектік, Ырыс пен Жұмыс бір
туысқан, бірінсіз бірі бола бермейді.

Тойы – қалада,
Ойы – ауылда.

Дүниенің кірі Аналардың көз жасымен жуылады.

Жүрегінде нұры барға не жетсін,
Көңілінде күні барға не жетсін?!

Мына әлемге барша адам аналардың көзімен қараса ғой...

Жиі тазартып тұрмасаң
Далаң да сасиды,
Санаң да сасиды.

Орағытып сөйлеу ойды шашыратады.

Сәбилер салған суреттерге жан бітсе ғой...

Біреудің қуанышын өзіңнің қуанышыңдай сезініп шаттана білу – жан
емі, тазалығыңның дәлелі!

Өзен жарындағы қарлығыштар ұясы қаланың көп үйлерін еске
түсіреді.

Жақындасаң, сағынған туған-туыстарың сияқты ұяларынан атып
шығып сені аймамай, аялай айналып ұшады...

Бұрын балаққа жармасатындар
Қазір балаңа жармасатын болған.

Көк төсінде зулап аққан ұшақ соңында аппақ болып із қалатынын
бала кезімізден көріп өстік, өнегедей екен ғой...

«Итке темір не керек?!» - деуші едік, қазір иттерге де орден, медаль беретін болдық қой...

Айып болып па жылаған,
Бақыт қой жылай алған да!

Тоғызыншы Мамыр – қайғы-қасіреттіеске түсіргенімен тажалдардың сазайын тарттырып, туған елдің айбынын арттырған күн.

Арамдық шаршатады,
Адалдық аңсатады.

Көз жасы дейміз, көзден жас шыққанымен жылайтын жаның ғой.

Өмірде жылай алмайтын адамдар болады дейді. Өз басым бұған сене алмаймын. Олардың жаны ауырғанымен көздерінен жас шықпайтын болар?

Туған жердің суы да бал.

Талмайтын,
Не бір биіктерге самғайтын – ой.

Бүкіл елді серпілтіп, жан баурайтын, тебірентіп, қайғы – қасіретті де ұмыттырып жіберетін қасиетті сөз – Жеңіс!

Кейбір пендеден қасыңнан қалмайтын көлеңкең артық.

Адамды өз көлеңкесі де оздыра бермейді.

Құлқын қамын ұлт қамынан биік қоятындар бар-ау.

Көктемде тас жарығынан қылтиып сығалған Үміт тасты қалай да бұзып – жарып шығады.

Ақыл айту оңай, өнеге көрсету қиын.

Арақ бір күн секіртеді,
Жүз күн өкіртеді.

Шын сүйген жар күйеуінің көлеңкесін де сағынады.

Келіскенге – өріс кең,

Көріскенге – дала тар.

Мылтықтың тілі – оғында,
Сексеуіл тілі – шоғында.

Ағаштың тамыры топырақтан нәр жинау үшін ғана емес, жерден мықтап ұстап тұру үшін де керек.

Ауыздықсыз болса ауыз -
Өзіне-өзі жауыз.

Кірді әркім өз тырнағының астынан іздеуі керек.

Сүймеген жанның сүйеу болуы қиын.

Өнеге көрген өрге шығар

Сүйе білмеген сағына да білмейді.

Егеменді еліміздің өркені де, ертеңі де, алға апарар желкені де – жастар!

Тағырға намысын таптатпаған –
Елдің қамын ойлаған адам -мақсатты Адам!

Мың руға, бөлінсең де жүз Жүзге,
Халық айтқан – ортақ Ай мен күн бізге!

Байлығың – байыптай алуың,
Жарлының- жан баққаныңда!

Сорлылық – іштарлығың мен көрсоқыр көре алмауыңда!

Адалдыққа жетпейді ештеңе де,
Арамдыққа батады ақшаға құл!

Сөзге түсінбегенді ізгі іспен ұқтыр.

Бір шылыққа батпай тұрып
Өмірге
Құлшылыққа келгеніңді ұмытпа!

Жарылқайды қолдап, қорғап алла өзі
Жан-тәнімен шын берілген пендесін!

Исламда – жомарттың,
Бауырмалдық, қайырым.

Қайырым жоғалса, Арсыздық асқақтайды.

Байлық пен баққа, атақ пен даңққа үмітпен де, күдікпен де қараған
дұрыс-ау.

Ауылдың тұрмысы-адамына, өмірдің мәнділігі мен сәнділігі – әр
басқан қадамына байланысты.

Қазақтың, есероқтық ез етеді, даңқ дақпыртпен келмейді, келсе тез
кетеді.

Күн – әлемнің жанары.

Ешкімге ешкім ақылды өлшеп бермейді,
Бауыр – бөлшектелмейді.

Елім деп еміренбейтін,
Жерім деп тебіренбейтіндер көбейіп барады.

Арамзалар арыңа тигенде ашынған да, торқалы тойда шашылған
да дұрыс шығар, басынған жаман.

Таршылықта талқан – тағың,
Ботқа – бағың.

Ұлт тағдыры ұранмен шешілмейді.

Иілу – құлдық па әлде ізет пе, ол кімнің алдында еңкейгеніңе
байланысты.

Тұлпардың тұяғында да рух бар.

Өмірге адам неге жылап келеді екен?

Жанашыр дос – жаны асыл дос.

Қыс ұзаса – жұт,
Наурыз туса – құт.

Қаңтар тарылтар,
Наурыз жарылқар.

Наурыз күні күліп тұрар –
Қайғы – мұңды ұмыттырар.

Ақпан күдікті.
Наурыз үмітті.

Елді рухани ашаршылық кезіп жүр.

Наурыз туса, ағаш ек.
Табиғатты тамаша ет.

Наурыз келсе, гүл шығар,
Өмірге адам құлшынар.

Аударылғанда қайығым
Қайда жүр едің, Қайырым?!

Тағдырдың да табаны тайғанақ-ау деймін....

Кімнің кім екені сөзінен сезіледі, көзінен көрінеді.

Елестің өзі – ойдағың,
Жан біткенді жатсынба!

Дарындылық керек, дарындығы аспайтын, таспайтын сабырлық
керек!

Үгіт те, үміт те жақсы, екеуінен де үлгі артық.

Болсаң егер сабырлы –
Ашатын сол бағыңды!

Іштарлықты құштарлық женеді.

Сатиралық сөздер

Екі көз бірін-бірі көре алады
Айнаға қараса.

Екі көз бірін-бірі көре алады пайдаға қараса!

Тілді ұстарта да біл,
Қысқарта да біл!

Тілің ұзын болса – жауыз,
Оны қамап ұстайтын – ауыз.

Кредит алсаң үйге пайда кіреді,
Қайтара алмасаң,
Артыңа найза кіреді.

Басына абай бол,
Ойлануды қалайды ол!

«Иттен» құтылар едік,
Биттен қалай құтыламыз?

Көшкенбіз –
Қазір қоныс жаңа.
Өскенбіз –
Бата береміз орысша да!

Арын сатқан айыпталмайды,
Тәнін сатқан айыпталады.

- Наурызда еккен шыбығым өсіп келеді,
- Асықпа, қаңтар келіп кесіп береді.

Бір тал шырпы жарқ етіп кетті жанып,
Темекі жатыр күлсалғышта бықсып жанып....

Екі астана болғалы
Маңдайда «бақыт» қонғаны:
Алматыда отбасым – Отаным, тұрады,
Астанада тоқалым тұрады.

Аларда пенде қарызды
Бейне маймыл тәрізді –
Алдыңа кеп билейді...
Берерде қолы тимейді.

Ит – тіршілік тарта-тарта етектен,
Әйелдер – көп,
Боп барады еркек кем.

Әкетпейді қайда алып
Тойып алсан араққа?!
Кетеді екен айналып
Екі қолын да аяққа!

Қазір Шыбыш бақылайды,
Теке мақұлдайды.

Серік Тұрғынбекұлы (1945)

Ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ҚР
еңбек сіңірген қайраткері, «Күлтегін» күміс медалінің иегері.

Алатаудың ұшарына көз тіксең, басыңдағы тақияңды абайла.

...Басында шырқау шыңның қар жатқанда, үміт үзбеу керек қой
бұлақтан да...

...Тірлік ішек-қарнымды тырналап жүр бейкүнә баяғыда атқан
құсым.

Қайта жану қиын болар бір сөнсең, қайта еру қиын болар мұздасаң.

Нағыз ақын алпысында алдырмас,
Желе шауып жетпісінде шалдырмас.
Сексенінде секем алып, сыр бермес,
Тоқсанында топта қапшы салдырмас.

Көкте бұлттар жортқанда жауады деп қорықпаңдар,
Бәрін болжап білетін көкіректі қарттар бар.
Сапасы жоқ саны бар тірліктің не кінәсі бар?!
Қабағынан қарттардың тағдырыңды танып ал.

Ойсыз өмір – уайым, ойсыздықтан құдайым әрқашан да сақтасын!

Махаббатпен ойнама, аяғыңды әлтек-тәлтек бастырап.

Сүйген жүректің қадірін сезе білгендер төзе де білер азапқа!

...оңай ма екен ойланғанға –
Арманға арғымақпен жетем деген.

Әйел сүйсе – махаббаттың сен адал құрбандығы!

Өкінерсің, опынарсың, жыларсың,
Аһ ұрарсың, арпалысып тынарсың.
Ақырында ... айтып-айтпай не керек.
Ақыретке бұйырар жер – бір орын.

Талайларды жылатқан еңіреткен өмір – асу, өмір – бел, өмір –
өткел!

Жер – біздің туған Анамыз,
Анасын адам сата ма?!

Тәуелсіздің болмау үшін сөз ғана
Ұйқыңды тый, күлкіңді тый, бозбала.

Адамдарға нысап берсін Тәңірім!

... Өткен күнге өкпелеп жүрген халық өткен күнін бір кезде
сағынады!

Қазақ тіліне қан керек!

Қайран тілім! Кеудең толы қайғы-мұң,
Жауға шапсам, өзің елдің Айбыным!
Алтын емес, күміс емес, сен едің
Бабаларым беріп кеткен Байлығым.

Тілек біреу, тап келсе қайғыда ортақ,
Құт, қазына, береке, байлық – ортақ.
Ел ортақ – арман-мақсат бірге болса,
Жер ортақ – аспандағы Ай, күн ортақ.

Қылмыстыға атқан таңның өзі де қорқынышты!

Денеңе денем тигенде,
Ұмытып кетем мұң барын!

Жел болсаң – шалқуың керек, көл болсаң – толқуың керек, бұлт болсаң – жаууың керек, от болсаң – жануың керек. Ал егер ... қара жер болсаң – мәңгілік қалуың керек!

Бақ заманның бастамасы болдыңдар, соғыстан соң дүниеге келгендер!

... Нығарлап аяғыңды ал дұрыстап, сенім деген жалауды бекем көтер!

Өлтірмей мені келеді өмірге деген құштарлық.

Алатауға бір қарап көтеремін еңсемді!

... Аққуларды атпайды
Адамдардың аққуы.

Тіршілік тоқтамайды... түлей бермек өмірде әйел барда, ана барда!

Соғыстың заңы түсінген жанға тым қатал,
Таң атар талай, түк білмегендей күн батар...
Соңынан барып қайғы мен зарын тыңдатар.

Кеңшілік Мырзабеков (1946-1989)

Қазақтың талантты ақыны, Қазақстан Жазушылар Одағының Ілияс Жансүгіров атындағы сыйлығының лауреаты.

Пендеге біткен дүние
Байлық па, бақ па, бәрібір,
Көзіңнен бір күн ұшады –
Тағдырың берік заңы бұл.

Бәрі өлшеулі. Деміңе дейін өлшеулі. Тағдырдыңсалдар-себебіне дейін өлшеулі. Жаялық-құндақ, тал бесігіңе дейін өлшенген. Жатар құйттай жеріңе дейін өлшеулі.

Жонынан жаздай таспа алған
Жалаңаш жайдақ қалды-ау қыр.

Тәубеме мені түсірсеңші, Өмір,
Таупиық маған берсеңші!
Тазалығымды түсінсеңші, Өмір,
Сенбесе де ешкім, сен сенші!

Жазадыуақытбарлықжараны, оң қараса егер тағдыр қабағы.

Өлімнің бәрі бірдей ме? Жо-жо-жоқ, оған қарсымын. Мен өлсем
ертең гүлдейді тамырым мен менің талшығым.

Тентек тағдыр, құмарсыңғой, тәлкектеуге адамды,
Бірақ мен өле-өлгенше ойнатпаспын төбемде.

Алдыңғыға баға берер соңғы ұрпақ.

Жалқын шаң, күлгін түтін көп сіңгеннен
Қаланың жапырағы құрайды ерте.

Балалық тәтті елес қой, тәтті түс қой.

Тың көтерген жыл төбенің түбіт көдесін
Тарап әкетті тарақ табанды трактор.

Ажалдан қорқып, Өмірден қорғалақтама,
Қорғалақтама, бекерге қалбалақтама!
Қорыққаныңмен қоймайды тура келсе Ажал
Қарамайды Ажал – ешқашан сорға да, баққа да!

Қайғыру неге ... қайғырмаймын мен өз басым,
Қарттық та жақсы басыңнан күнің озғасын.
Бас жаққа қойған белгің де тозсын өлген соң,
Жас шақта жазған бір шумақ жарың тозбасын!

Жарықтық тамшылар, жерге сүйсініп жеткесін,
Топырақ қалайтіршілік етпесін?!
Ақын – аспанымыз иіп тұрғанда
Абай болайық, исініп кетпесін.

Жазып берем...Жазамын өмірбаян,
Жазған өмірбаяным – бәріңе аян.
Аян емес жерлерін сұрарсыңдар

Тағдыр дейтін тақуа қариядан.

Қонбай-ақ желдің иіне,
Қонбай-ақ жапан түздерге,
Ұша берейік, дүние
Жеткізер болса біздерге.

Балалық – бейкүнә сәт, періште сәт.

Қарағым, біздің баста дақарлығаш дәурен көп тұрмас,
Құласақ, жер ғой – баспана, жер бізді көкке лақтырмас.

Айызы қанып айбалта – темір тілгілеп,
Сақталған сүрдей шым топырақтарын сүргілеп,
Құрыміңірде қылт ете қалып құйрығы
«ХТЗ»ларқытықтап қырды жүрдікөп...
Қуанды-ай қарттар жанардан жасы мәлдіреп,
«Көде өскен жерге көк бидай шығар болды» деп.
Боз бие біздің түн жамылып кеп сол жерден
Көденің тамырын кірш-кірш шайнады соңғы рет.

**Казимеж Сломинский
(1948)**

Поляк ақыны.

Ұзақ өмір сүру керек, әрі жиірек.

Крест белгісі арқылы ел өзінің де өзгенің де Жер бетінде
болғандығын белгілейді.

Ұяттың үні хорға қатыспайды.

Масқарампаз (Клоун)-циркте адамныңролін ойнайтын әртіс.

**Серік Ақсұңқарұлы
(1950)**

29 наурызда Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында
«Қызыларай» ұжымшарында туған. Қазақтың талантты ақын ұлдарының
бірі.

Адамзаттың көзіне тік қарайтын
Бір жұрт болса,
Сол – Сенсің, қайран, елім!

Жыр мен күйің – хисса да,
Зарың – әрі,
Ақ сүтіндей Ананың арың әлі!
Түбі әлемді өзіне жалт қаратар
Түріктердің Сен –
Қара Шаңырағы!

**Ақылбек Шаяхмет
(1951)**

Ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

Орыс айтқан сөздің бәрі орынды емес.

Рушылдық дерт – қаулап тұрған өрт.

Көргенсіздердің алдында көргенділер дәрменсіз.

Таза болып қалғың келсе, жүн-жүрқа, күл-қоқыстан алыс жүр.

Өз бойыңды өлшегің келсе, тапалдармен емес, биіктермен
салыстыр.

Ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин.
Ұлт ұйтқысы Ахмет Байтұрсынов.
Ұлт ұраншысы Міржақып Дулатов.

Қазақылық – нағыз ғұрып.
Қазақшылық – шылық-былық.

Жалғандық (фальшь) туралған ет – фаршсекілді, ұсақталып
кеткенде расы мен өтірігін ажырата алмай қаласың.

Көсемдердің көсеу, шешендердің мешел болғаны елге кесел
болды.

Біздің қоғамға зұлымдықтың дәні емес, ізгіліктің нәрі керек

Мешкейдеген жақсы ат емес,
Кандидат болу мақсат емес.

Адал болсаң, жерде қалмайсың, арам болсаң алысқа бармайсың.

Намысы барқазақтың табысы жоқ, табысы көп қазақтың намысы
жоқ.

Өз жеріңе өгей болма!

Өрге шықсаң да, өктем сөйлеме.

Еркіндік дегеніміз еңсесі биік, еңкеймей енер ақ орда.

Жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренсек, досы көппен сыйласып,
досы азбен сырлассақ, үйде шешен болмай, түзде көсем бола
білсек, досқа ашылған алақан, дұшпанға жұмылған жұдырық болсақ,
саусақ бірікпей, инеге жіп ілікпейтінін терең түсінсек, көп қуанып, аз
күрсінсек, бойға сіңген жаманшылықты сылып тастап отырсақ, ақылымыз
азбай, тонымыз тозбай, қазақтың тасы өрге домалайтыны анық.

Елі үшін тер төккен, жері үшін қан төккен кісіні ер десе жарасады.

Қарақан басын ойлаған, қанша жесе тоймаған кісіні ез десе
жарасады.

Ездер еңсеңді басса, ерлер рухыңды көтереді.

Досыма – сенім, жауыма – кегім – Қасиет.
Кездейсоқ өлім, текке өткен өмір – Қасірет

Қарсы алған бейбіт күннің нұрлы таңын,
Өз үйім – Отанымның бір бұтағы.

Көйлек тігер торқа, бөзді сандықтан шығармай, шіріткеннен пайда
жоқ.

Көңілдегі көрікті сөзді ауыздан шығармай, іріккеннен пайда жоқ.

Тамыры терең бәйтеректі көзге ілінбейтін құрт-құмырсқа сұлатады.
Мызғымай тұрған тұғыр-тіректі жұрт елемейтін сыбыр-күбір
құлатады.

Көзілдірікті мұрын көтереді, пайдасын көз көреді.

Таяқты қол ұстайды, пайдасын аяқ көреді.

Емізікпен өскен баладан ана сүтіне уызынан жарыған баланың артықшылығы көп екені анық.

Ана тілі төрге шығарса, орыс тілі өрге шығарғаны анық.

Ана тілі – атаның құты,

Ана тілі – ананың сүті.

Ана тіл – анамыздың ар-намысы,

Ана тіл – бабамыздың толғанысы.

Жалғыз жүріп қараңғыда жол тапқаннан көпшілік үшін жарық жаққан көп артық.

Оңы мен солын айыра алмайтын көппен бірге жүріп адасқанша жалғыз жүріп жол тапқан дұрыс.

Өзі туып-өскен жұртқа қызмет ету мен тамыры тереңде жатқан ұлтқа қызмет ету – екеуі екі түрлі.

Алғашқысы – рушылдық, жершілдік., жікшілдік.

Екіншісі – ұлтшылдық, қайраткерлік, көпшілдік.

Алғыс айтқан ауыздан қарғыс шығар кез болар,

Киім шіріп, тән тозар, өшпей жалғыз СӨЗ қалар.

Отанды сүю – иманнан,

Тәніңе иман құйғанқан.

Иманың қалса таусылып,

Пайда жоқ терген-жиғаннан.

Аққуда сүт, жылқыда өт болмайды,

Арсыз болса, адамда бет болмайды.

Мысың басып, күшің асып, қайратың тасып тұрса – дұшпаның жасып тұрады.

Тұрсын Жұртбай (1951)

Ақын жазушы, ғалым, публицист. Қазақстан Жазушылар одағының Ш.Құдайбердіұлы атындағы «Алаш» және І.Жансүгіров атындағы әдеби сыйлықтарының лауреаты.

Білім – ғылым емес. Кез-келген білімді адам – ғалым емес. Сондықтан да білімді адамды – оқымысты, ғалымды – ғұлама деу лайық.

Оқымысты – білімнің иесі, оқыған, тоқыған, алайда соларды қорытып, өз ойымен жаңа тұжырым жасау дәрежесіне көтерілмеген.
Ғұлама – тұлға. Ол дербес ойлау жүйесінің иесі.

Даналық - тумысынан біткен түйсік пен зейіннің мәйегі.

Ұлылық –тумысынан біткен зейіннің нәтижесі.

Даналық –тумысынан, ұлылық –зейін тәрбиесінен қалыптасады.

Яғни:

Дана – дана болып туады;

Ұлы – ұлылыққа өзін-өзі тәрбиелеумен жетеді.

Өзін – өзі ұстамаса, белгілі бір мақсат үшін күреспесе, ойын дамытып, мінезін ұштамаса:

Данадан – дөндүріс,

Ұлыдан –қу шығады.

Абайдың: «егер ақыл – мінездің сауытына сыймаса – пайдасы жоқ», – деген емеуріні соны білдіреді.

Абай – дана.

Әуезов – ұлы.

Мемлекет пен қоғам – ешқашанда ымыраға келмейтін адамзаттың ақыл–ой тарихындағы ең әділетсіз, бірақ ең қажетті табиғи қарама-қайшылықтың сахнасы.

Ақымақтар билеп, ақылдылар азап шеккен қоғам – болашағы бар қоғам. Ал, ақылдылар билеп, ақымақтар өмір сүрген қоғам – келешегі кесілген қоғам.

Өйткені: алғашқысында – рухы күштілер мен ар-ұяты, намысы барлар;соңғысында – тірі өліктер мен масылдар өмір сүреді.

Жатқа жақсы атты көріну үшін жасаған жақсылық – өзіңе қиянат;досыңа жақсы атты көріну үшін жасаған жақсылық – оған қиянат.

Өлім – өміріңе берген соңғы есебің.

Ол – адамдардың ішіндегі ең азғыны, бірақ, есектердің ішіндегі нағыз адамы сол.

Тек құлағы мен тілін ауыстырып алған.

Ол – тілін сорып, миын қоректендіреді.

Ал анау – миын сорып, тілін асырайды.

Ақымақ - ақылдың қайрағы.

Мәңгілік меншіктер:
Жаның – Алланикі,
Жүрегің – еліңдікі,
Ар-намысың – өзіңдікі,
Азап – ақылдынікі,
Рахат – ақымақтікі,
Көр – жердікі.
Жер, соның бәрін жер.

Шайпауды – шайтан жеңеді,
Шайтанды – қатын жеңеді.

Жетім жыласа – жер жылайды.
Ер жыласа – ел жылайды.
Жер – жетімді жұбатады.
Ел – ерді жұбатады.
Ер – кімді жұбатады?

Таққа – бақ бас иеді,
Баққа – тақ тас үйеді.

Бір ауыздан – жалын да шығады, жаның да шығады.

Тәңірден – Тәубе,
Алладан – Аян.
Пайғамбардан – Пәтуә,
Адамнан – Иман бұйырсын.

Көңілді – өмір жылатады,
Өмірді – көңіл жұбатады.

Бала – ата-ананың қолындағы ұлтының болашағының аманаты
Ата-ана – Алланың пайғамбарға берген аманаты.
Ал исі адамзат – Алланың өзінің аманаты.

Қарашығымен – көз қымбат,
Сарасымен – сөз қымбат.

Көңілдің күбірткісі – күмән
Өмірдің күбірткісі – күншілдік.

Ақымаққа – ем қонбас,
Ащылы қаққа – ел қонбас.

Ілімнің ілхамы – игілік,
Ғылымның ғибыраты – тұңғыық.

Ер жаңылса – көрешегін көреді,
Ел жаңылса – келешегің өледі.

Жақсылық та, жамандық та – ниетіңе қарай кезігеді. Сондықтанда:
Жақсылықтың алды – құт,
Жамандықтың алды – жұт.

Ақылдыға қонған бақ – бақ,
Ақымаққа қонған бақ – сор.

Сырласқанмен – сырласпа,
Сырын ашқанмен – сырлас!

Ұятсыздан – ит қадірлі!

Махаббат – сүйдіреді,
Нәпсі – күйдіреді.

Қадырсыздан – ит қашар,
Сабырсыздан – құтқашар.

Ез – елді жасытады,
Әйел – ерді жасытады.
немесе мұны:
Елді жасытатын – ез,
Ерді жасытатын – әйел, –
деп те өзгертуге болады.

Жақыныңның қаңсығын тегін алғанша,
Жауыңның таңсығын жеңіп ал.

Анау сақалды:
Бетіне шыққан ұятын жасыру үшін қойды.
Мынау сақалды:
«Бетсіз екен»,деп айтпасын деп қойды.
Ол сақалын: – Бетіндегі тыртығын жасыру үшін қойды.
Сонда қайсысының сылтауы орынды?
Ал, осы мен не үшін сақал қойдым?

Дауасыз дерт – дененің соры.

Кесірлі келін – ененің соры.

«Адам бол!» – деме! Әуелі өзің адам болып көрші! Қалған ақылды содан кейін барып айтарсың.

Сенің шамаңды өзгелер біледі-ау, бірақ, өзіңнің шамаңды өзің білмейсін-ау депқауіптенемін.

Сүйкіміңнің кеткенін білу – өте ауыр, ал сүйкімсіздігіңдісезбеу – қасірет!

Сенім – даналардың,
Күдік – ұлылардың,
Шындық – тұлғалардың сыбағасы.

Байлығыңды жоғалттың ба – ол тек қана орынсыз жұмсаған шығының! Арыңнан айрылдың ба – онда бәріненжұрдай болғаның! Намысыңды жоғалттың ба – онда ештеңені іздеп, еш нәрсеге өкініп әуре болма! Өйткені сен енді тірі өліксің!

Сен – қусың, бірақ сенен де өткен қудың қуы барын ұмытпа!

Дос іздеме, досыңды ізде!

Жомарт – аз бергені үшін қиналады,
Сараң – көп алмағаны үшін қиналады.

Астафир – алла! Мынаның беті деқарын боп кетіпті-ау!

Тіле! Тіле де іске кіріс. Тілеуіңе жетесің!
Тіле және тіле! Тағы да тіле! Бірақ іске кіріспесең – тілеуің кесіледі.

Ол қарынымен тыңдап, қимасымен қорытады.

Ең ұзақ әрі ең мағыналы, ең қиын және ең оңай сөз – «Иә» мен «Жоқ» деген сөздер. Кейде осы сөзді есту үшін өмір бойы жол жүруіңе тура келеді.

Қателігімді көзіңше айтып, сынаған адам – әкеммен тең;
жақсылығымды сыртымнан айтқан адам – досыммен тең; қателігімді сыртымнан айтып, көзімше мақтаған кісі – дұшпаным.

Қабілетің мен талантыңның мүмкіндігін пайдаланбау – азаматтық сатқындық.

Ала аяққа екі өмір берілсе – екеуін де аталап бітірер еді.
Ақымаққа екі өмір берілсе – бірінен-бірін сорақы етіп өткізер еді.
Ақылдыға екі өмір берілсе – сөзсіз біреуінен бас тартқан болар еді.

- Осы сенің ақылың бар ма?
- Бар.
- Әй, қайдам, соған күдігім бар.
- Неге?
- Өтірік айтып тұрғаныңды бірден түсінуің керек еді ғой.

Ұлылық – көпке,
Даналық – жалғызға бұйырған.

Бақытыңды өзгемен бөлісе жүріп бақытқа жетуің мүмкін, ал өзгеніңбақытына қол сала жүріп бақыт таба алмайсың.

Нұртас Исабаев (1954)

Қазақстан Жазушылар одағының және Ораз Жандосов қоры сыйлығының иегері. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісімен марапатталған. Көптеген танымал әндердің авторы.

Досы жоқ сараң байдан қалтыраған
Досы көп кедей артық жарқыраған.

Жеңбедім деп болма налып наразы,
Шын өнерге уақыт қана таразы.

Тастамайтын қиындықта, кездеріңде ауырған,
Жақын бар ма бұл өмірде ата-ана мен бауырдан?!

Адал достар сыйласар алданбастан,
Таныс артық алдайтын жалған достан.

Өздері түкке тұрмайды,
Өзгенің ойын ұрлайды.

Бақытсызды мүсіркеме, аяма,
Жақсылықпен, мейіріммен аяла.

Өмірдің сырлары көп біз ұғынар,
Әр жастың, мезгілдің өз қызығы бар.

Тартпау үшін тозақтың бар азабын,
Арақ ішпе кезінде оразаның!

Елім түгел кедейліктен арылар,
Таусылғанда жемқор ұры-қарылар.

Көп сөйлесе жалықтырар ақылды да, дарын да,
Мылжындамай тоқтала біл беделіңнің барында.

Жақсылыққа жұмса да уақытты мол,
Таң нұрына шомылып бақытты бол!

Тағдыр кімді сүйген дейсің,
Бәріне де үйренесің.
Сүйгеніңе үйленбейсің,
Бұйырғанға үйленесің.

Қызықсаң да, қимасаң да қаншама,
Болмайтынды болдырам деп шаршама.

Сүйген адам адамдарды, құдайды
Қиындықтың бәріне де шыдайды.
Өмір - өзен, жүзіп өту жеңіл ме?
Арманыңа жетем десең , жеңілме!

Байлық дейді сол байлықтың құлдары,
Айлық дейді елдің адал ұлдары.

Сүймегендер махаббатқа сенбейді,
Шын махаббат сөндірсең де сенбейді.

Мейірім бізді менмендіктен, қаталдықтан сақтасын,
Жүрегіміз аяздағы мұздай болып қатпасын.

Жас адам армандайды болашағын,
Кәрі адам көп ойлайды бала-шағын.

„Өзіңнен кейінгілерді көріп қартаясың“,
Өзіңнен алдағыларды көріп жасарасың.

Айып емес, кемтарлығың, қарттығың,
Бақыт деген түсінгенге - шартты ұғым.

Жауын-қарсыз ауа бұзылады,
Иман-арсыз адам бұзылады.

Сақтамас сені байлық, жиған мүлік,
Сақтайды Алла, мейірім, имандылық.

Өмір қымбат, атақ-байлық, жар қымбат,
Бәрінен де ұят, намыс, ар қымбат!

Ғаламда орман таусылмайды,
Адамда арман таусылмайды.

Кімнің көп жақсы досы бар -
Шалқыған көңіл қошы бар.

Батырсынып үрер қанден алыстан,
Үндемей-ақ алысады арыстан.

Жаман ой жамандықты шақырады,
Жақсы ой жамандықты қашырады.

Жемісті болса жұмысың,
Тасады байлық-ырысың.

Қадірлі жан болғың келсе халыққа,
Адал еңбек етуден бір жалықпа.

Мейірімді болса жүрегің,
Көп болар досың, тірегің.

Қолыңнан келсе жақсылық жаса досыңа,
Қамқорың болар іс түскен кезде басыңа.

Өмірде дәйім көп болсын досың, жолдасың,
Досыңды қолда, досың да сені қолдасын!

Сарыуайымнан адам жүдеп-азады,
Үміт сенім дертіңді де жазады.

Жақсы әйел көңілді марқайтады,
Жаман әйел күйеуін қартайтады.

Құмар болсаң бос күлкіге, өсекке,
Өмірді құр өткіздім деп есепте.

Болмаса адамдарға жамандығың,
Ол сенің адалдығың, адамдығың.

Тарылмасын жақыныңа пейілің,
Өмір мәні - махаббат пен мейірім.
Мықтысың азғыратын сөзге ермесең,
Өмірің өзгермейді өзгермесең.

Сүйкімді жоғалтпаса қыз қылығын,
Ұл жақсы жоғалтпаса ізгілігін.

Ойды ой қозғайды,
Сезімнен сезім қоздайды.

Болмайды даналықпен шалалық тең,
Озарсың өнерде де даралықпен.

Бақыт бар ма махаббатқа тең келер,
Махаббатты ұқпайтын көп пенделер.

Адамдар бар махаббатын таппаған,
Адамдар бар махаббатын сатпаған.
Мен қорқамын пенделерден опасыз,
Ардан аттап пәк сезімді таптаған.

Жаман болса алғаның,
Бір бәлеге қалғаның.

Барлық өмір күннен жерден нәр алған,
Махаббаттан, құштарлықтан жаралған.

Поэзия қасиетті, киелі,
Жаны нәзік жандар оны сүйеді.

Мақтағанға есіріп данасына,
Қалып жүрме жұртыңның табасына.

Халық деген сыншы ғой, бір-ақ сәтте,
Әдепсізді түсірер сабасына.

Арақ ішіп, күйге түсіп албасты,
Талай адам ақылынан алжасты.

Қояйықшы рушылдық, тайпалықты,
Бөлінуден талай ел шайқалыпты.
Арандатып қанша жау шапқанымен,
Жеңе алмайды бірлігі бай халықты.

Қарынды тойғызатын - мәзір,
Көңілді тойғызатын - әзіл.

Тұзсыз астың дәмі жоқ,
Қызсыз үйдің сәні жоқ.

Қыстың қары жақсы,
Мезгілдің бәрі жақсы.

Дәптері өлеңге толса да,
Ақынның көңілі толмайды.
Өмірде қанағат болса да,
Өнерде қанағат болмайды.

Кез бола ма өмірде ұрламайтын,
Жандар барда шындықты бұрмалайтын?

Болмаған соң саф алтындай салмақты,
Заман желі билетеді қаңбақты.

Шындықтың да шындығы бар,
Зиянсызы, сұмдығы бар.
Өсек, қулық,, бақталастық,
Сау адамды жынды қылар.

Жылы сумен тән тазарады,
Сұлу сөзбен жан тазарады.

Арман қуып асқар шыңға талпындың,
Білім алып, қасиетін ұқ халқыңның.

Азамат бол абыройлы, өнерлі,
Бақытты бол, баласы бол халқыңның!

Өмір деген қозғалыс пен күрес депті данышпан,
Әрбір адам бақыт үшін қиындықпен алысқан.
Өзің үшін өмір сүріп, масыл болып жүргенше,
Елің үшін арпалысып өлген жақсы намыстан.

Ұйқтай берсең тұрмай ұзақ төсектен,
Өкінерсің күндеріңе бос өткен.
Ғұмыр кешсең, мағынасыз, мақсатсыз,
Айырмаң не ішіп-жеген есектен?

Білім - мөлдір бұлағың,
Жол көрсетер шырағың.

Шешен болып өссін десең ақылың,
Есте сақта даналардың нақылын.

Зая кетпес елге еткен еңбегің,
Нағыз ерлік - өзіңді өзің жеңгенің.

Дүниеге, байлыққа құныққандар,
Жалғандығын фәнидің ұмытпаңдар!

Досыңа қамқор болсаң ақсағанда,
Қонады бақыт болып бақ саған да.
Басына қанша зұлмат төнсе дағы,
Жамандық жолдас болмас жақсы адамға.

Шаһизада Әбдікәрімов (1957)

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, «Жаңажол» ауылында дүниеге келген. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері. "Ерен еңбегі үшін", "Байқоңыр ғарыш кешенінің игерудің 50 жылдығы", "Қызылорда қаласының 190 жылдығы" медальдарының иегері.

Кірпігімнен Айды ұзатып түнімен,
Бұрылсын деп оңға ісім,
Оңашада өз кеудеме үңілем,

Бүтін бе деп бесіктегі болмысым.

Жаныма, арым, құтпан бол,
Жаза бассам, кіреукемді оқ бұзсын!
Бесігімнен шыққан жол
Бейітіме аман-есен жеткізсін!..

Аңырап қарап халқым тұр,
Нұсқаулар көпте, нұсқа кем.
Абақтыдағы алтын тіл
Аузымды бұзып шықса екен!..
Жүргенде тойда «кісі» боп,
Жыртылды қанша ... –Жағам жоқ!
Өз-өзін атып үш рет,
Іздеусіз кеткен ағам көп!

Ей, тұтасым, бағытыңды бағамда,
Күмілжімей даусыңды қос заманға!

Дүниенің демі қайта тарылып,
Демігеді қаралы ару пішінде.
Қопарғыштар жатыр бүгін жарылып,
Саясаттық сарайлардың ішінде.

Сабыр Адай (1960)

Қарақалпақстанда дүниеге келген. Бүкілодақтық II халық шығармашылығы фестивалінің лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Президент сыйлығының лауреаты, ЮНЕСКО аясында өткен халықаралық Махамбет сыйлығының иегері.

Ата жауға біздің елде орын жоқ.

Қазақстан – жалғыз ұлы қазақтың.

Әр тағдырдың кеудесінде бір мұң бар,
Қалай сеніп, кімге айтарын білмей жүр.

Қос құрлықтың тербеткен ақ бесігін,
Қазақ деген халықпын – нақты есімім!..
Мен сені сүйдім қанша үнсіз қалып,
Бар ма екен сендей, сірә, мінсіз халық?!

Болмайды ірілікті ұсақтауға,
Дайынмын күллі әлемді құшақтауға!

**Чжао Лихуа
(1964)**

ҚХР Хэбей өлкесінде өмірге келген. ҚХР Жазушылар Одағының мүшесі. «Мемлекеттік біріншідәрежелі қаламгер» атағын жастай иеленген әйел ақын.

Сен қартайғанда, еңселім,
Мен де қартаям теңселіп.
Ол кезде саған не берем,
Ырза етпесем қазір мен сені...

**Мырзабек Құдайберлі Рахімбекұлы
(1964)**

Ақмола облысы Зеренді ауданы Ақан ауылында дүниеге келген. Көкшетау университетін және «Көкше» академиясын тәмамдаған.

Еліміздің әдебиеті мен өнеріне, қоғамдық өміріне өзінің табиғи дарынымен және қоғамдық белсенділігімен еңбек сіңіріп келе жатқан тұлға. Мемлекеттік тілдің жанашыры.

2012 жылдың мамыр айынан бастап М.Ғабдуллин музейінің директоры болып қызмет атқарады. Кеңестер Одағының батыры, академик-ғалым әрі жазушы, белгілі қоғам қайраткері Мәлік Ғабдуллин музейінде көптеген жаңашыл жобаларды енгізіп, дәстүрлі түрде жүзеге асыруда.

Көкшетау аумағында бірнеше мәрте өткізілген тарихи-танымдық, мәдени-көпшілік іс-шаралардың, түрлі жобалардың авторы және ұйымдастырушысы.

Жоғалтқаныңды сүрінген жеріңнен ізде

Мақсатсыз адам адаспайды, қаңғырады. Өйтені нысанасы жоқ.

Қазаққа атасының атын ұрандасаң айдаһардың алқымына жармасады. Өйтпеген қазақтың түбінде шикілік бар.

Мылжың шаршатады, шешен тебіренеді.

Өзін қадірлемеген ұлт, халық бола алмайды. Өзін танымаған ұл алып бола алмайды.

Анасы әкесін беттен алып отырған үйден жақсы келін шықпайды.

Төрінде домбырасы бар үйде қазақылық үстем болады.

Араптың тілін жаттағаннан, Алланың дінін түсінген абзал.

Пияр қиялдан озды.

Еңбек елде қалады, атақ билікте кетеді.

Жауға кеткен қыздан жауынгер тумасын деп тіле.

Қызды қытай алғанша, құдай алғаны жақсы.

Қазақтың ері көп болмағанда, жері көп болмас еді.

Адам симайтын жүрекке Алла кірмейді.

Ұлтты сақтау мен ұлтты сатпау деген бір сөз. Ұрпақ тәрбиесі осыдан басталу керек.

Құдайдан қорқатын, халықтан ұялатын адамды жамандау қиянат. Ондай қиянатты осы екеуі жоқтар ғана жасайды.

Өз ұлтын өзге қауымға мақтан ете алмайтын басшы, қара басына ғана мирасқор.

Кеудесіне нан піскен пенденің, рухы көбік болып кетеді.

Қазақша білмейтін қазақ, қазақты білмейтін қазақ.

Мамырдағы гүл-гүл, тамыздағы гүл құрай.

Қазығың - құран, қазынаң - домбыра болсын, балам.

Сыйдың дәрежесі арақ емес, діннің дәрежесі балақ емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан-бүгінге дейін). Құрастырушы: Е. Шаймерденұлы – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2012.
2. Ұлт рухы: қанатты сөздер /Е.Зәңгіров – Алматы: Аспа-ь, 2015.
3. Орыс совет поэзиясының антологиясы. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1980.
4. Сопылық ғибратнама: хрестоматия-компендиум. /Құраст., алғы сөзі мен өмірбаяндық анықтамаларды жазғандар С.Сүтжан, Б.Құралханова. –Павлодар: ПМПИ, 2016.
5. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. /Құрастыр., М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989.
6. Ақылдың кені. (Ұлағатты сөздер). Құраст. Қ.Жарықбаев. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2008.
7. Асыл мұра /Құраст., А.А.Теміралиева. –Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2010.
8. Руставели Шота. Жолбарыс тонды жаһангез. –Алматы: «Жазушы» баспасы, 1974.
9. Мәтбек Н.Қ. Сүлеймен Бақырғанидың (Хакім ата) әдеби мұрасы: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2008.
10. Бөкейханов Ә. Шығармалары. –Алматы: «Қазақстан», 1994.
11. Байтұрсынұлы А. Шығармалары.Алты томдық шығармалар жинағы, -Алматы: «Ел – шежіре», 2013.
12. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: «Білім», 2003.
13. Аймауытов Ж. Шығармалары; Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар /Құраст. М.Атымов, Қ.Керейқұлов. –Алматы: Жазушы, 1989.
14. Жұмабаев М. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1989.
15. Баласұғын Ж. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев. –Алматы: Жазушы, 1986.
16. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати (Аяз). Жаһан наме: (Дастан). [Құраст. Әбсаттар Қажы Дербісәлі]. –Алматы: «Білім» баспасы, 2006.
17. Бабатайұлы Д. Тұнық тұман. Өсиетнама: өлеңдер мен дастандар (I кітап). –Алматы: «Раритет», 2002.
18. Қанайұлы Ш. Қайран халқым. Заман-ай: жыр толғаулар, айтыстар (I бөлім). –Алматы: «Раритет», 2002.
19. Әлем әдебиеті, №2, 2011. – 90 – 115 б.б.
20. Шаймерденұлы Е. Мәңгілік мұрат. (Ой-қазына: афоризмдер, қанатты ойлар) –Алматы: «Өлке» баспасы, 2003.
21. Бердақ. Өмудария әуендері. –Алматы: «Жазушы» баспасы, 1973.

22. Бозінген (Монғолия қазақтарының өлең-жырлары) –Алматы: «Жазушы», 1971.
23. Лермонтов М.Ю. Өлеңдер. I-том. –Алматы: «Жазушы» баспасы, 1977.
24. Әлем әдебиеті, №3, 2007. – 186., 52-56 б.б.
25. Әлем әдебиеті, №6, 2007. – 78-84 б.б.
26. Әлем әдебиеті, №1, 2010. – 49-104 б.б., 143-146, 166-173 б.б.
27. Әлем әдебиеті, №4, 2009. – 28-103 б.б.
28. Әлем әдебиеті, №50, 2008. – 4-85 б.б.
29. Таң-Шолпан, №6, 2013. – 190-191б.б.
30. Таң-Шолпан, №3, 2013. – 187 б.
31. Әлем әдебиеті, №5, 2007. – 19-40 б.б., 75-90 б.б.
32. Әлем әдебиеті, №5, 2008. – 4-25, 55-60 б.б.
33. Төреқұлов Н. Қанатты сөздер. –Алматы, «Жазушы», 1977.
34. Тоқмағамбетов А. «Дария сыры», 1959.
35. Салғараұлы Қ. Ойлан, қазақ! –Астана, Фолиант, 2009.
36. «Ойсана» /Құраст. Кемел Мырзақелді; – Алматы: «Асыл кітап» баспасы, 2016. [Бес томдық].
37. Петрарка Ф. Өлеңдер. Орысшадан аударған Д.Қанатбаев. – Алматы: «Жазушы», 1975.
38. Руми Ж. Өлеңдер. Орысшадан аударған С.Иманасов. – Алматы: «Жазушы», 1975.
39. Некрасов Н.А. Өлеңдер. Аударған Ғ.Қайырбеков. –Алматы: «Жазушы», 1975.
40. Таң –Шолпан. Әдеби-көркем, көпшілік журналы. №6, 2013. – 3-21 б.б.
41. Большая книга афоризмов. Изд. 6-е, исправленное. –М: Изд-во ЭКСМО – Пресс, 2002.
42. Максимович Д. Зеленый витязь. Москва «Детская литература», 1977.
43. Қазақ Совет энциклопедиясы. –Алматы., 1972. – 600 б.
44. Байтұрсынлы А. «Ақ жол»: өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу /құраст. Р.Нұрғалиев. –Алматы: ЖАлын, 1991. – 422-424 б.б.
45. Өтемебтұлы А. Ақберген. XVIII-XX ғасырдағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. Құраст. баспаға әзірлеген алғы сөзін жазған Қ.Сыдықов. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1972. – 31 б.
46. Байғанин Н. Нарқыз. – Алматы., 1974. – 242 б.
47. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. –Алматы: «Қазақстан», 1993.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе (Афоризм (ділмәр сөз).....	3
Ежелгі (антикалық) дәуір әдебиеті өкілдерінің афоризмдері	17
VI-XII ғғ. Әлем ақындарының афоризмдері	24
XIII-XV ғғ. Әлем ақындарының афоризмдері.....	32
XV-XVIIIғғ. Әлем ақындарыныңафоризмдері.....	50
XVIII-XX ғғ.Әлем ақындарының афоризмдері.....	124
XX-XXI ғғ. Әлем ақындарының афоризмдері.....	141
Пайдаланылған әдебиеттер	230